

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

**Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, көркем-сурет факультетінің деканы, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА акедемигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетәева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, ед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың Магистратура және PhD докторантура институтының филология мамандықтары кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
член-корреспондент НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им.Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой «Педагогика и этнопедагогика» Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор; .

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор;

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры культурной антропологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, почетный член НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - зав.кафедрой филологических специальностей Института Магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

**the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
corresponding-member of the NAS RK**

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the National Knowledge Academy named after YAltynsarina;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor;

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. - Head of the Department of "national education and samoponaniya" KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, honorary member of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж кәулігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014



Кез келген ауылда мұғалім ең құрметті, ең зиялы адам болған. Біз ұстаздың осы мәртебесін көтеретін боламыз. Мен мұғалімдеріміздің лайықты өмір сүргенін қалаймын

Н.Ә.Назарбаев.

«Садағаң кетейін, айналайын халқым!» Егемен Қазақстан газеті. 09.12.2013ж.

ӘОЖ 37.012

М.А. Нуриев

Қазақстан Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры

Ж.Б. Кдыралиева

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ experti

ЖАН-ЖАҚТЫ БІЛІМ МЕН БІЛІК – ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАР БАСТЫ ТАЛАП!

Бұл мақалада талапкерлердің білім сапасын жақсарту, ынталандыру, танымдық белсенділігін арттырудың жолдары берілген. Қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын және елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің аса маңызды факторлары әрі базасы болып табылатын, қоғамдық даму деңгейінің өлшемдері ретінде, қазіргі білім беру жүйесінің адами капиталының рөлі мен мәнін арттыру. Бітірушілердің рухани жан дүниесі мен ой-қиялын дамыту мен білімге жол сілтеп, ілгері жетелеудің педагогикалық шарттары жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: *талапкер, жоғары сынып, оқыту әдістері, әлеует, дамыту.*

В данной статье показаны пути улучшения качества образования, мотивации, повышения познавательной активности. Написано о увеличении роли и значимости человеческого капитала нынешней системы образования, в качестве уровня социального развития, которое является очень важным фактором и базой экономической мощи и национальной безопасности страны и основным составляющим нового качества социальной жизни. Обширно рассмотрены педагогические условия, развития духовного мира и фантазии, а также указывающие на знание и вперед.

Ключевые слова: *абитуриент, старший класс, методы обучения, развитие, потенциал.*

This article shows how to improve the quality of education, motivation, increase cognitive activity. Written about the increasing role and importance of human capital in the present education system, as the level of social development, which is a very important factor and the base of economic strength and national security of the country and the main composes a new quality of social life. Widely considered the pedagogical conditions of the spiritual world and fantasy, as well as pointing to the knowledge and forth.

Keywords: *applicant, high school, teaching methods, development, potential.*

Елбасының білім беру жүйесіне қамқорлығы Қазақстан халқына жолдауынан айқын байқалады. Елбасы өзінің «Қазақстан – 2030» атты жолдауында: «Білім беру реформасының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің әр бір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтеруіміз керек» [1], - деген болатын. Бұған қосымша ҚР Білім туралы заңында айтылғандай білім беру жүйесінің міндеті де жеке адамды

қалыптастыру, дамыту, білім алу үшін жағдайлар жасау делінген. Сондықтан да, мемлекет басшысы болашақта қазақ елінің көсегесін көгертіп, ғылымын көркейтер деген үмітпен жас ұрпаққа үлкен назар аударуда, қолдау көрсетуде. Осы орайда қандай да болмасын білім беру мекемесі оқушыларға мемлекеттік білім стандартына сай білім берумен шектеліп қоймай, оларды ғылыми ізденіс жұмыстарына тартып, шығармашылық, дарындылық қабілетін дамыту

бағытында жұмыс жүргізуі тиіс. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру, бүгінгі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Яғни, өткен ғасырдың «Ғылым-өндіріс-білім» макроүлгісінен «Мәдениет-білім-тарих» макроүлгі аясына ауысып, білім беруге деген жаңа көзқарас туды. Қазіргі заман, адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін «үнемі оқып-үйрену» және «өзін-өзі жасау» талабын қалыптастыруға дағдылану. Пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру болып табылады.

Білім беру жүйесі өте маңызды және күрделі болғандықтан, бұл іске бүкіл қоғам болып ат салысу қажет. Білім мен ғылым мемлекетіміздің, халқымыздың болашағы десек, бұл мәселеден ешкім шет қалмауы тиіс. Қазіргі қоғам талабына сай тұлғаның білімді болуы жеткіліксіз, бүгінгі білімнің көздегені білім, білік дағдымен қарулануы емес, солардың негізінде дербес өзгермелі қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс жасай алуына әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп тауып, ұтымды пайдалана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етіп отыр.

Өйткені, заман бір орында тұрмайды, қоғам өзгереді, өседі, дамиды, соған байла-

нысты білімге қойылатын талаптар да өзгереді. Осыған сәйкес білім жүйесі де, оның мазмұны, деңгейі, оқыту технологиясы мен әдіс-тәсілдері де ұдайы дамып отырады. Білім мен ғылым жақсы дамыған ел ғана бәсекелестікке шыдап, өсіп өркендейді. Бұлай болмаған жағдайда өркениеттің шетінде қалып қоймақ [2]. Уақыт өткен сайын білім беру сапасын анықтау процесстерін жетілдіруде көптеген күш салынуда. Соның бірі – елімізге Ұлттық бірыңғай тестілеудің енуі. Ұлттық бірыңғай тестілеудің енгізілуі 2004 жылы мектеп бітірушілердің колледждер мен жоғарғы оқу орындарына түсу емтихандары және қорытынды аттестациясын біріктіріп қана қоймай, орта білім беру жүйесінің жүйелік сапасына тәуелсіз сыртқы бақылауды енгізуге мүмкіндік беруді көздейді. Демек, Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) – орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына түсу емтихандарымен біріктірілетін, жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау нысандарының бірі. Сондай-ақ, Ұлттық бірыңғай тестілеуді енгізудің мақсаты білім беру қызметін объективті бағалауға, олардың нақты рейтингтерін анықтауға, жалпы орта білім беру мәселелеріне жұртшылықтың назарын күшейтуге, оқушылар мен мұғалімдердің оқу қорытындысын дәлелдеуге, білім бағытын және мазмұнын жетілдіруге, оқу бағдарламасын, оқулықтардың технологиясын оқытуға, мұғалімдерді даярлауға мүмкіндік беретін болады.

Бүгінгі күнге дейін бір жарым миллионнан астам қазақстандықтар Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағынан өтті. Солардың осы күнге дейінгі көрсеткіштеріне көз жүгіртіп өтсек.

ҰБТ тапсырған талапкерлердің көрсеткіші:

1-кесте


Жылы	Қатысқандар саны	100-ден жоғары балл иелері	Межелі нәтижеден өте алмағандар саны	Жоғары балл жинағандар саны
2004	179216	1200	43354	1
2005	182300	5184	24610	42
2006	159400	6555	39484	2

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

2007	142700	15097	43644	2
2008	116200	6998	44415	3
2009	106805	11374	15476	8
2010	107543	24278	11594	43
2011	126168	32681	12138	30
2012	117432	10755	40519	3
2013	95487	11167	27465	7
2014	87593	13137	20236	4

Диаграмма түрінде:


1-диаграмма



2-диаграмма



3-диаграмма



ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ


2-кесте

Жыл	Жалпы бітірушілер саны	ҰБТ-ға қат. саны	Қазақ бөлімі	Орыс бөлімі	ҰБТ-да төмен балл алғ.	Қазақ бөлімі	Орыс бөлімі	Жалпы ҰБТ-ға қатыспағандар мен төменгі балл алғандар саны
2012	163000	117432	82869	35105	40519(34%)	30077	10442	860087 (52%)
2013	143409	95487	66689	28798	27465(28%)	19083	8382	75387 (52%)
2014	127897	87593	61678	25915	20236(23%)	14750	5486	60540(47%)

1-кесте мен 1,2,3-диаграммаларға дейін ҰБТ он жылдық нәтижесі қарастырылған. Кестеде көрсетілген көрсеткіштер әр жылы әр түрлі нәтижемен қаныққан. 2004 жылдан 2007 жылға дейінгі аралықта балдық көрсеткіштер орташа қарқынмен келіп, 2007-2008 жылдары межелі нәтижеден сүрінген бала саны күрт өсті, басты себеп оқу пәндердің мазмұнына логикалық сұрақтардың енгізілуінде болуы мүмкін. Өйткені, бала тест әсерінен жаттандылыққа негізделіп, логикалық (математика) тұрғыдан келген сұрақтардан сүрінбеуіне кім кепіл. 2008 жылы, 2004 жылғы ҰБТ ережесіне өзгертулермен толықтырулар енгізілді. Білім және ғылым министрлігінің 18 шілде №359 бұйрығымен төменгі өту балы 50-45 балға дейін азайтылып, жалпы сұрақ саны 100 балл, қосымша 25 сұрақ тілге қатысты қосылды. Қосымша пән енгізілгенімен уақыт өлшемі өзгермеді.

Жыл сайын, ҰБТ-ға өзгертулер мен толықтырулар қарастырылып келуде. М.: 2004 - 2005 жылдары өту балы-40, 2006 ж. – 50 б., 2007ж. – 60 б, 2008 жылдан бастап қайта 45 балл болып бекітілді, 2009 ж. – 45 б., 2010-2012 ж.ж. – 50. Ал, жоғарғы балл 2004-2007 ж.ж. – 120, 2008ж бүгінгі күнге дейін ең жоғарғы көрсеткіш 125 балл болып табылады. 3-диаграммаға назар салсақ, жүзден жоғары жинаған бала саны 2007, 2010, 2011 жылдары жоғары көрсеткіш көрсеткен. 2012 жылдан бастап жоғары балл алғандар саны азайып, үш жыл қатарыннан орташа қарқынмен өркендеп келген. Ал, «Алтын белгіге» үміткерлер саны өскенімен, ақтап жатқандар саны керісінше. 2012 жылдан 2014 жылға дейінгі жылдар аралығында, «алтын белгіге» ие бола алмай қалғандар саны басым екендігін көреміз. Соңғы үш жылдың көрсеткішіне көз жүгіртсек (4-диаграммаға қараңыз):

4-диаграмма



2012 жылы мектеп ұясынан жалпы 163000 оқушы бітіріп, тестілеуге 117432 үміткер өтініш білдірді. Қатысқандар құрамынан 40519 межелі нәтижеге жете алмай сүрінді. Ұлттық бірыңғай тестілеуге мүлдем қатыспай, мектеп қабырғасында емтиханмен шектелген балалар, тестсіз қабылдайтын өзге мемлекеттердің ЖОО-на барып білім алуы немесе басқа да салаларға бет бұрулары мүмкін.

2013 жылы – 143409 бітірушінің 95487 ғана тістілеуге өтініш білдіріп, тоқсан бес мыңнан аса баладан 27465-сі белгіленген ең төменгі көрсеткіштен өте алмады. Жалпы алғанда 100 пайыз оқушының 47922-сі өз еркімен тест тапсырмай, ҰБТ айналып өту жолдарын қарастырғаны анық.


Биылғы көрсеткіш бойынша 127897 бітірушіден 87593 үміткер Ұлттық бірыңғай тестілеуге өтініштерін білдірген. Қалған 40304 бітіруші тестсіз қабылдайтын басқа да жолдарды қарастырып, емтиханмен шектелген. Тестілеуден сүрінген 20236 үміткер дәл осы жылы еліміздің ЖОО-на бара алмайтыны анық, бірақ өзге тестсіз қабылдайтын мемлекеттерге барып білім алулары әбден мүмкін.

ҰБТ негізінде 2012ж.=34%; 2013ж.=28%; 2014ж.=23% төмен көрсеткіш көрсеткен, жалпы

алғанда 2012 ж. 100%=52%; 2013ж. 100%=52%; 2014 ж. 100%=47% төмен көрсеткіш көрсеткендер мен мүлдем қатыспағандар пайызы. Мұның себебі неде деген сұрақ туындайды. Мұғалімнің кінәсі, алде бітірушінің сауаттылық деңгейі, немесе ҰБТ-нің дұрыс құралмағандығы ма? Не десе де, талапкерлер бар кінәні тестілеуге жүктеп қойды. Олардың пікірінше, қиындыққа ұшырататын ең басты пән – Қазақстан тарихы болып отыр. Мысалы, математикада нақты, заңды формулаға сүйеніп есеп шығарасын. Сол секілді физикада да дәл солай формула мен әдістерге сүйенесін. Тілдерге келгенде айтпаса да белгілі, ережелерге бағынасын. Қиынға соғатыны тарих пәні мен қосымша пәндер болып отыр. Өйткені, тарих сабағының сұрақтарында, адамды ойландыратын қатысы алшақ сұрақтар жиі кездесіп отырады. Ал, қосымша орыс немесе қазақ тілінің (топтарға қарай) балдары саналмайтындығы, ол уақыт тежейді және де жылдар бойы сол сабаққа дайындалып, балдарды есептемегені әділ еместігін айтады. Бітірушілердің көзқарасымен қиындыққа шалдығатын пәндер және орташа балдық көрсеткіші мыналар (5-диаграммаға қараңыз):


Бітірушілердің қиындыққа ұшырататын пәндер.

5-диаграмма



Пәндердің қиын, жеңіл болғанына қарамастан, таңдау пәні міндетті. Бүгінгі күні жастар

сұранысқа ие мамандықтарға көптеп баруда. Сол салаларға қатысты таңдалған пәндер:



Талапкерлер мемлекетімізге қажетті салаларға және де тапшы мамандықтарға баруға ынталанады. Осы жөнінде тест орталығының директоры Қали Абдиевтің мәлімдемесі бойынша: «Балалардың басым көпшілігі физиканы таңдау себебі, үкімет техникалық салаларға грант санын жақсы бөледі, яғни, талапкерлердің тегін білім алуына зор мүмкіншілік. Сонымен қоса, биологияны айтпаса да белгілі, медицина саласына бет бұратындар барады, география экономика саласына, ал шет тілін де басым көпшілігі таңдайтын себебі, бүгінгі таңда сұранысқа ие халықаралық қатынастар, халықаралық құқық және де ағылшын тілі өте қажет мамандықтар, сондықтан да, талапкерлер осының бәрін ескере отырып, болашағы зор мамандыққа және гранты басым салаларға тапсыруға тырысады» [3].

Бүгінгі жастар – ертеңгі ел тізгінін ұстайтын, мемлекеттің өркендеуіне үлес қосатын саналы азаматтар болғандықтан, олардың біліміне баса назар аударуымыз қажет, өйткені, жастар келешегінен қоғам мол үміт күтеді.

Сондықтан да, қазіргі жастардың білімділігі, білім сапасының әлемдік деңгейге көтерілу үшін, мемлекет тарапынан көптеген жағдайлар жасалып жатыр. Бірақ, тест мәселесіне келгенде әлі де өзгертулерді талап етеді. ҰБТ білім жүйесінен түбегейлі алып тасталмаса,

білім деңгейін анықтауда міндетті түрде модернизация ауадай қажет. Мысалы, өзге мемлекеттерде білім сапасын саралауда, ЖОО-на қабылдауда талапкерлеріне зор мүмкіншілік береді. Алысқа бармай-ақ, көрші Ресей мемлекетін мысалға алсақ болады. Онда бітірушілерді ЖОО-на қабылдауда Мемлекеттік бірыңғай емтихан (МБЕ) тапсырылады. Бұл емтиханның қарапайым емтиханнан өзгешелігі, МБЕ үш бөлімнен тұрады, яғни, бірінші, екінші бөлімінде тест күйінде тапсырып, нәтижесін компьютер шешеді, үшінші бөлім ауызша және жазбаша формада болады, оны эксперттер қабылдайды, соңында бәрінің балы ескеріледі. Өте ұтымды ойластырылған, себебі, бала жаттанды ғана дайындалмай, сөйлеу мәдениеті мен өз ойын жеткізе білуді сабақтастырады. Тағы да бір жақсы мүмкіндік, емтиханнан төмен балл алған бала, қайта тапсыруына жолдама ала алады. Емтихан жалпы екі (ана тілі, математика) пәннен құралады. Бітірушілерге жарқын болашаққа жол ашып берген десе де болады. Ресей тәжірибесінен, бізде ұтымды жақтарын алып, МБЕ системасы негізіне сүйеніп, болашақты өркендететін талапкерлерімізге мүмкіншілік беріп, жаңа өзгешеліктер мен толықтырулар қосуымыз қажет. Мысалы:

➤ Ұлттық Біріңғай Тестілеуді ең алдымен, бір рет емес, қайта өткізуге және жыл

бойы дайындалып, тапсыруына жол ашу мүмкіндігін беру. Бұл межелі нәтижеден өте алмай қалған балаларға екінші қайта туатын бонус десе де болады. Тағы бір оң жағы – өз балына қанағаттанбай, қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болу өзіне сенімді, «Менің мүмкіндігім бұдан да жоғары» деген бітіушілерге мемлекет тарапынан мүмкіндік беру болып табылады.

➤ Екіншіден, Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде тапсырылатын барлық пәннің балын ескеру (қазақ бөлімінің балдары орыс тілінен, орыс бөлімінің балдары қазақ тілінен тест тапсырып, ҰБТ нәтижесі ол балдардың нәтижесін ескермеуі).

➤ ЖОО-на қабылдауда ҰБТ-ның нәтижесіне тәуелділікті жою (баланың алдағы өмірін «балмен» өлшеп, олардың арман-мақсатын тестке тәуелді етпеу), яғни, ҰБТ алынған балдарға қосымша, емтихан қабылдау:

а) ауызша формада (мотивациялық әдіс арқылы. Ситуациялық сұрақтарға жауап);

ә) жазбаша формада (шағын көркем шығарма).

➤ ЖОО-на қабылдауда талапкерлердің педагогикалық бейімділігін ескеру (гуманитарлық бағыттағы біраз мамандықты шығармашылық емтиханға қарай бұрған жөн. Себебі, ол мамандықтарға шығарма жаза алмайтын және екі ауыз сөздің басын құрай алмайтын білімгерлер де түседі).

Студент ретінде қабылдағаннан кейін, студенттерді шығармашылықтың «өмір шығармашылығы» деп аталатын жаңа түріне ынталандыру. Студенттердің «білімді қабылдаушы», «жинақтаушы» рөлдерінен «өздігімен үйрене білуші» рөліне ауысуы, студент өз білімінің параметрлерін, әдістері мен тәсілдерін өздігімен анықтауы керек, өйткені, ол қоғам алдында өз біліміне деген жауапкершілікті терең сезінеді. Студенттердің ұтқырлығын, мобильділігін кеңейте түседі.

➤ Біліктіліктен құзырлыққа көшу. Студенттің өзін-өзі ұйымдастыруы, басқаруы, бағалауы, қадағалау, түзетуі, масылдық пен бәсеңділіктен арылуы, белсенді болуы және өз өміріне деген жауапкершілікті толық

өз мойнына артуы. Джон Кеннеди: «Бүгінде бізге жоқ нәрсені армандай алатын тұлға керек, мүмкін олар қазіргі күні жоқ нәрселермен шұғылданатын шығар», - дегендей білімнің даму қағидалары бүгінде біліктіліктен құзырлыққа көшуді талап етеді.

➤ Бүгінгі таңда формальды білім жеткіліксіз, сондықтан да, «өмір бойы» үйрену қағидасын ұстануымыз қажет. Бұл дегеніміз: тұлғаның әлеуметтік, азаматтық тұрғыдан жарқын болашаққа жету мақсатында өзінің білім, білік машық, дағды, құзырлықтарын үнемі жетілдіру. Сондықтан да, білімге негізделген қоғам әрбір тұлғадан өмір бойы оқып-үйренуді талап етеді.

➤ Елбасымыздың нықтап көрсеткен «Үш тұғырлы» тілін қолға алып, ЖОО-на нақыштап енгізу. Сонымен қоса, Елбасының «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор:

✓ біріншіден, педагогтар құрамының сапасын арттыру;

✓ екіншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу;

✓ үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру;

✓ төртіншіден, мемлекет - жеке меншік әріптестігі, ауылдық жерлерден және аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан жастардың жол жүруі мен өмір сүруін субсидиялау, жатақханалар желісін дамыту тетіктері арқылы білім берудің қолжетімділігін дамыту;

✓ бесіншіден, оқу жастарға білім беріп қана қоймай, сонымен бірге, оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйрету;

✓ алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет. Олар патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлттаралық келісім мен толеранттылық, тәннің де, жанның да дамуы, заңға мойынұсынушылық» [4], - деп атап көрсеткен, осы құндылықтарды жастарға баулу – өте маңызды.

Қорыта келгенде, Ұлттың келешегін анықтап беретін және оның бүкіл болмысын

ашатын ең қасиетті әрі қажетті мәселе – білім. Жарық жалғанның қыр-сырына қанығудан басталатын білім алудың ең тиімді жолы – өзіңе біткен ең етене түйсік қабілеттер мен етіңмен ет, сүтіңмен сүт болып жаратылған төл тіліңді мейлінше жұмылдырып, ұршықтай иіріп меңгере білу екендігі даусыз. Осы мәселені бір жолға қойып, ілімімізді саралайтын тұрақты әрі сапалы жүйенің керек екендігі де анық. Білімді тұлға

өзіне-өзі есеп беретін, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін, өзін-өзі бағалай алатын, өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін, өз өмірі мен іс-әрекеттерін жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары осындай рефлексиялық қасиеттерді бойында қалыптастырған тұлға ғана Жаңа Әлем жағдайында өмірдегі өз орнын тауып, қоғам игілігіне нәтижелі еңбегімен қызмет жасай алатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚР «Қазақстан -2030» стратегиясы. – Алматы, 1997.
- 2 «Білім беру жүйесін модернизациялаудың қазіргі әдістері» атты Ш.Ш.Шаяхметовтың 70 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2009.
- 3 Ұлттық бірыңғай тест білімі барды мақсатқа жеткізеді. //«Мағжан жұлдызы» газеті, 02 Сәуір, – 2012.
- 4 «Қазақстан-2050» стратегиясы. 2012 жыл, 14 желтоқсан (Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары).



Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қонар

Халық даналығы.

А.Е.Садыкова, Д.М.Советканова
Педагогика ғылымдарының магистрлері

ТӨМЕНГІ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРУДІҢ ОҚИТУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада дарындылық туралы жалпы түсінік беріліп, оның жас кезеңдеріне сай дамуы қарастырылды. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту және тәрбиелеу процесінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, интеллектуалдық, шығармашылық, дарындылық қабілетін арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру міндеттері көрсетіледі.

Түйін сөздер: *дарындылық, оқыту, тәрбиелеу, тұлға, қабілет, интеллект, ақыл-ой, бейімділік, зейін, еске сақтау.*

Одаренность – это системное, развивающееся в течение жизни качество психики, которое определяет возможность достижения человеком более высоких, незаурядных результатов в одном или нескольких видах деятельности по сравнению с другими людьми.

Одаренность в детском возрасте можно рассматривать в качестве потенциала психического развития по отношению к последующим этапам жизненного пути личности. Однако при этом следует учитывать специфику одаренности в детском возрасте (в отличие от одаренности взрослого человека).

Ключевые слова: *одаренность, воспитание, личность, интеллект, адаптация, внимание, память, обучение.*

Endowments are a system quality of mentality developing during life which determines possibility of achievement by the person of higher, uncommon results in one or several kinds of activity in comparison with other people.

Endowments at children's age can be considered as the potential of mental development in relation to the subsequent stages of a course of life of the personality. However thus it is necessary to consider specifics of endowments at children's age (unlike endowments of the adult).

Keywords: *endowments, education, personality, intelligence, adaptation, attention, memory, training.*

Қазіргі жаһандану заманында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, индустрияның қарыштап өсуі, мәдени дамудың әлемдік деңгейіне көтерілуге бет бұру кезеңінде ұлттық мәдени-тарихи, рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген шәкірттерге қоғамның сұранысы өсіп тұрған шақта дарынды балалардың интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруын қамтамасыз етудің маңыздылығы артуда.

Оқыту және тәрбиелеу процесінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық, дарындылық қабілетін арттыруға бағыттал-

ған жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда жаңа талап, жаңа заманға сай оқушыларға тәлім-тәрбие мен білім берудің басым бағыттарында дарындылықты айқындау, ақыл-ой, интеллектуалдық шығармашылығын дамытуға баса назар аударылуда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына мемлекеттік білім саясаты әр баланың және қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамытуды өзекті мәселелер қатарына енгізілген. Сондықтан, күнделікті толассыз тасқындаған ақпаратпен қарқынды

өсіп отырған ғылымның әр саласындағы мағлұматтардың арасынан жеткілікті және қажетті мөлшердегі деректерді іріктеп алып, дарындылықты дамытуға арналған мейлінше үйлесімді білім мазмұнының нұсқасын қоғамымыз дамуының бүгінгі талаптарына сәйкес қайта құру маңызды міндет.

Дарындылық, жеке қабілеттілікті дамыту, интеллектуалдық, шығармашылық мәселесіне педагогтар, психологтар, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Көне замандағы Антик дәуірдің өзінде-ақ ойшылдар мен педагогтар оқушылардың өзіндік ой-тұжырымын жасауы және оны дамыту үшін репродуктивті және эвристикалық әдістерді қолдану арқылы дарындылық мәселелеріне көңіл бөлген болса [1], қазақ ағартушылары дарындылықты туа бітетін қасиет деп таныған. Адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған орта ықпалының орасан зор екенін өз еңбектерінде жазып кеткен болатын.

Мәселен, Шоқан Уалиханов шығармаларында жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетіледі. Оның жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынадай: «Қырғыз-қайсақтар табиғатының ақыл-ой жүйріктілігімен, таңқаларлық көңілшекшілігімен ерекшеленеді». Осылайша, Шоқан Уалиханов тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады [2].

Ал, Абай Құнанбаев адамды қоршаған орта – табиғаттың бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы – туғаннан бастап білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ, бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта береді. Ұлы ойшыл адамның ойы мен санасы еңбек іс-әрекеті кезінде қалыптасады деп тұжырымдайды. Осыған орай, «жетінші қара сөзінде» баланың ақыл-ой, қабілеттілік туралы мынадай пікір айтылады: «Жас бала анадан туғанда 2 түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға

қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, таппайды. Біреуі білсем екен деп, не көрсем соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып дәмін тартып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да тура жүгіріп, «ол немене?», «бұл не?», деп «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көз көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [2].

Мұндай пікір-көзқарастардан байқайтынмыз, дарындылық, ынталану қасиеттері адам бойында қай кезде қалыптасады? Немесе туа бітетін қасиет пе? деген сұрақтар сонау антика дәуірінен бергі заманға дейін шешуін таппаған, үнемі зерттеу үстіндегі келелі мәселе екендігі. Мысалы, 1972 жылы АҚШ-тағы Білім комитеті дарындылық жайлы мынадай анықтама береді: дарынды және талантты бала деп – іс-әрекеттің мынадай өрістерінің бір немесе бірнеше түрінде ерекше, күшті қабілет көрсете алатын, жоғары жетістікке жете алатын бала аталады. Іс-әрекеттер аясы: интеллектуалдық (біліктілік); академиялық; шығармашылық немесе продуктивтік ойлау; қарым-қатынас және озаттық; суретшілік; психологиялық болып табылады.

Осы сияқты жоғарыда дарындылық жайлы айтылған пікірлердің өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан, бұл феноменнің негізінде адамға іс-әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде жоғары нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін қабілеттер жатқандығына көз жеткіземіз.

Демек, балалар өздерінің дарындылықтарын іс-әрекеттің әр түрлі түрінде көрсете алады. Сонымен қатар, іс-әрекеттің бір түрінде дарындылықтың әр түрлі аспектілері көрінуі мүмкін. Дарындылықтың бірнеше түрі және формалары бар, баланың психологиялық мүмкіндігі оның жастық дамуының әр түрлі кезеңдеріне өте күшті болып келеді және де ол баланың қандай ортада өсетіндігіне байланысты болады.

Балалар ерте кезден бастап белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілік байқатады (сурет салады, билейді, өлең айтады, белгілі бір музыкалық құралда ойнайды, мүсін салады). Бірақ, бұл қабілеттілікті қалыптастырып, жүйелі дамытып отырмаса, ол қасиет жас өскен сайын бірте-бірте жойыла бастайды, жас жеткіншектің болашақ кәсіби өміріне бағыт-бағдар бере алмайды.


Сонымен, баланың дарындылығы өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білімді игеру деңгейінің жоғарылығы мен

аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінен байқалады екен.

Шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбегін талдай отырып, дарынды тұлғаның төрт негізгі аспектілерінің байланысы арқылы сипатталатынын анықтауға болады: 1) интеллект; 2) шығармашылық (креативтік); 3) мотивация; 4) тұлғаның әлеуметтік бейімделуі.

Жалпы білім алушылардың бойындағы дарындылық, интеллектуалдылық қабілеттерін қалыптастырып, дамыту үшін, олардың

1-сурет. Жеке тұлға қабілетінің мәні



жас ерекшелігі ескеріліп, арнайы талаптар мен әлеуметтік қоршаған орта (оқу, жанұя, тұлғалық қарым-қатынас, әлеуметтік-мәдени орта) қажеттілігіне көз жеткіздік.

Демек, **білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты: бастауыш мектеп жасындағы, жеткіншек, балаң жас өспірім, жас өспірім кезеңдері** деп қарастырғанымыз жөн.

Соның ішінде балаға білім беруде ең басты рөл атқаратын, алғашқы танымды қалыптастыратын – бастауыш сынып буынның жас ерекшеліктеріне тоқталғанды жөн көрдік.

Бастауыш мектеп жасындағы, әсіресе 6-7 жастағы балалар өте зейінсіз болып келеді. 1-сыныпқа барған оқушылардың жаңа құрамымен өткізілген сабақтарда-ақ мұғалім олардың зейінін басқару қажеттігіне кезігеді. Мұның өзі мұғалімге оқушылардың, оқу процесінің психологиялық ерекшеліктерін меңгеруіне міндеттейді. Өйткені, олар оңай және тез алаңдайды, мұғалімнің нұсқауларын тыңдауды қояды, естігендерін ұмытып қалады, өз жұмыстарында қатені көп жібереді және де орындап отырған кезде кенеттен басқа іске алаңдауы жиі кездеседі. Олар басқа бір нәрсені ойлап кетеді, тапсырылған жұмыстағы дәйектіліктен айырылып қалады да, көпке дейін қайтадан зейін қоя алмай отырады. Мұғалім балаларға нашар бағалар қояды, кейбір мұғалімдер тіпті зейінсіздігінен жіберген қателері үшін жазалап та жатады.

Алайда, бастауыш сынып оқушыларының оқу материалдарын меңгеруге мүмкіншілігі өте көп. Себебі, олардың интеллектісі қарапайым ой операциясы дәрежесінде кездеседі.

Бірақ, мұғалім баланың зейінін қатаң тәртіп және бағалаудың дәстүрлі әдісі арқылы жақсарта алмайтынын тәжірибе жүзінде көріп отырмыз. Балалардың зейінін басқару үшін оның *табиғатын (психологиялық сипат, негіздерін), физиологиялық, қабылдау мен зейін процесінің ерекшеліктерін* білуі керек. Сонда балалардың бірден толық қалыптасқан күйіндегі зейінділікті талап ету емес, әуелі балаларды зейінді болуға үйрете аламыз.

Балалар үшін қайсы бір нәрсеге ұзақ уақыт зейін қоюдың қаншалық қиын екенін бірден ұғыну үшін, кішкентай балаларға тән жоғары жүйке қызметінің ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Сабақ барысында кішкентай балаларымен атқарылатын күнбе-күнгі жұмысты ырықсыз зейінге негіздеп құру қажет. Бірінші сынып оқушыларын мектепте оқытудың алғашқы апталарында балаларға бірер минут дем алдыру үшін, мұғалімге 3-ші немесе 4-ші сабақта аздап үзіліс жасау да ұсынылады.

Баланың заттарды дұрыс қабылдай алуы, байқампаз болуы мынадай іс-шаралар арқылы жүзеге асады:

- баланы арнайы қабылдай алу дағдыларына үйрету;
- негізгі дағдыларды бала бойында қалыптастыру үшін анализ бен жалпылауды жетілдіру керек;
- балалардың жасы неғұрлым кіші болса, анализдеуде олардың психикалық ісі соғұрлым үлкен рөл атқарады;
- қабылдауға үйретуде сөзді кірістірудің рөлі зор.

Өйткені, балалар кез келген материалды емес, өздерін қызықтыратын, олардың сезімдеріне дұрыс әсер ете алатын материалды ғана естерінде сақтайды. 3-4-сынып оқушыларының барлығы дерлік сөздік материалдардан гөрі, көрнекі материалдарды есте сақтайды.

Оқу ісі *қол жеткізу және танымдық* сияқты негізгі екі мақсат-ниетпен сипаттауға болады. Адамның оқу-танымдық іс-әрекеті оның ойлау әрекетімен сәйкес келеді. Бұл іс-әрекет күрделі жағдайларда туындаған оқушы мен мұғалім арасындағы дұрыс қарым-қатынас орнату нәтижесінде дамиды [3]. Яғни, оқушыға білім беру барысында байқалатын психологиялық ерекшеліктер мектеп программасын табысты меңгеруге, білімді болашақ маман ретінде таңдау жасай алуына септігін тигізеді.

Әсіресе, ата-ана бауырынан ең алғаш рет ұзап, «білім» атты «үлкен кеме бортына» шыққан кішкентай бүлдіршіннің талап-

жігеріне су құймай, ары қарай жетелеудің дұрыс жолын іздеуіміз қажет. Бабаларымыз айтып кеткендей, мектеп қабырғасын аттаған кішкентай бала – жазылмаған ақ қағаз іспеттес. Алғашқы мұғалімдері мен білім ордасының ұжымы сол ақ қағазға «қандай сурет салса»,

болашағының бастауы сол болмақ. Сондықтан да, еліміздің болашағы, әр жанұяның үлбіреген үміттері – бүлдіршіндердің ертеңіне қиянат жасамау үшін, алғашқы білім сатысы – бастауыш сыныпта берілетін білім беру сапасына аса мән беру өте қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Намазбаева Ж.И. Психология: оқулық. – Алматы, 2005.-296 б.
- 2 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2002.
- 3 Түрікпен ұлы Ж., Мұздыбаева Б. Тәрбие психологиясы. – Алматы, 2008.



Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен
азаттық пен білім қажет

Шоқан Уәлиханов.

Қазіргі таңда ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу өзекті мәселеге айналууда. Себебі, қоғамда жүріп жатқан жаппай жаһандану процесі – әр мемлекеттің ұлттық болмысын сақтап қалуына үлкен сын тудыруда. Осы тұрғыда профессор Әдібай Табылдының 2007 жылы «Білім» баспасынан шыққан, 1-4-сыныптарға арналып жазылған «Әдеп әліппесі» оқу құралының тағылымдық, тәрбиелік мәні зор. Осы себепті, журналымыздың бұл жолғы санына аталмыш кітаптан үзіндіні беруді жөн көрдік.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗҒА ИНАБАТТЫ ШӘКІРТ БОЛА БІЛУ

1 - сынып

Әрбір адамның мінез-құлқындағы әдептілік қасиеттері оның іс-әрекеттері, тұрмыс-тіршілігі арқылы қалыптасады. Сол себепті, бұл оқу құралында қазақ мемлекетінің қазіргі мектептеріндегі 1-4-сынып оқушыларына әдептілікті, имандылықты, мейірімділікті, қайырымдылықты, ұлттық салт-сана мен дәстүрлердің, әдет-ғұрып, іс-әрекеттердің өркениетті бағдарлары айтылған.

Түйін сөздер: *Әдеп, әдет-ғұрып, оқушы, салт-сана, мінез-құлық.*

В данном отрывке написано о том, что черты тактичности в характере каждого человека формируются через его действия и бытовую жизнь. Написано об обучении учеников 1-4 классов учтивости, гуманности, доброте, благородству, цивилизованным действиям, национальным обычаям и традициям.

Ключевые слова: *тактичность, обычаи, ученик, сознание, поведение.*

In this passage is written that the traits of tact in the nature of every human is forming through his actions and everyday life. Written about teaching pupils of 1-4 grades to courtesy, humanity, kindness, generosity, civilized actions, national customs and traditions.

Keywords: *tact, customs, student, consciousness, behavior.*

Абай ағамыз: «Ұстазсыз шәкірт – тұл, шәкіртсіз ұстаз – тұл» деп, адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты екенін ерекше атап айтады. Ұстаз – әмбебап білімдар, салауатты, салтанатты маман кісі. Ол – адам жанын терең түсініп, жақсы білетін қадірлі де, құрметті, қастерлі, қасиетті мамандықтың иесі, өз ісінің шебері, әрі өнерлі, кішіпейіл, мейірімді, қайырымды, ізетті, инабатты адам.

Ұлағатты ұстаз – ең алдымен, шәкіртіне өмірді, білімді үйретуші. Ұстаз шәкіртіне үйрететін нәрсесін өзі жан-жақты терең біледі және қалай үйретудің тәсілдері мен әдістерін жақсы біледі де, шәкіртін білімге қызықтыра, ынталандыра түсіндіріп, оның сезі-

мін ұшқырлап, білімін дамытады, өмірдің қызықтарын сезіндіреді. Балалық өмірдің ең бір қызықты кезеңдері мектепте өтеді. Сол мектептің тұлғасы – ұстаз.

Ұстаз шәкіртінің жан саулылығын, тән саулылығын зерлей зерттеп, оның адамдық асыл қасиеттерінің жақсара беруін қадағалап, қамқорлық жасап отырады. Ол шәкіртін өзінің туған баласындай көріп, адамдық асыл қасиеттерді оның бойына сіңіреді. Шәкірт ата-анасынан гөрі ұстаздардың қарауында көбірек болады. Ұстаз ата-анаға қарағанда балаға қамқорлықты анағұрлым арттыра түсіп, білім беру, тәрбиелеу ісіне арнайы күш-жігерін, уақытын бөліп, шәкіртіне бар білгенін, өнерін үйретіп, тәрбиелейді.

Ұстаз – әке, өйткені, ол шәкірттеріне аламай қамқорлық жасайды. Ұстаз – ана, ол шәкіртін туған анасындай баурап, өмір өрнектерін, тұрмыс-тіршілік меһнаттарын, қиындықтары мен қызықтарын сезіндіріп, бауладан жалықпайды. Ұстаз – жолдас. Ол әрқашанда шәкіртімен бірге көпшілікпен араласып жүреді, қатар құрбысындай қатарлас өмір сүреді. Ұстаз – дос, ол шәкіртіне тек жақсылық ойлап, қиындықта қымсынбай көмек көрсетеді, жан сала жақсылық жасайды.

Шәкірт – ұстазының ұлағатты іс-әрекетін үйреніп, одан білім алушы жаны жақын, ой-мақсаты біртұтас өсіп-өркендеуші өрені. Шәкірт ұстазына инабаттылық, құрмет пен ізеттілік, имандылық көрсетіп, әдеп сақтауға міндетті. Ұстазды құрметтеудің бір белгісі – оған ізеттілікпен сәлем беру. Ұстазға сәлем берудің екі жолы бар: жиналып отырған шәкірттер ұстазбен тұрып амандасады, жеке кездескенде, шәкірт ұстазға әдеттегідей сәлем беріп, бас иеді. Сәлем беру кезінде иман жүзділік, елжірегіш сезіммен құрметтеу нышаны көріну керек. Сәлемдесу сөздерінің дауыс ырғағы сыпайы, сыйласымды болуы тиіс. Кейде шәкірт ұстазын алыстау жерден көріп қалса, бас киімін алып, оң қолын жүрегіне тақап, бас иіп, ишарат білдіреді.

Ұлағатты ұстаз алдында шәкіртінің орындайтын міндеттері мен парыздары өте көп. Ең әуелі, шәкірт ұстаз сөзін ықыласпен тың-

дауға, ісін ілтипатпен үйренуге міндетті. Ұстаз сөзін мәңгі есте қалдыру үшін, оны бірнеше рет еске түсіріп, қайталап, жадында жаттап, санада сақтау қажет. Ұстаздың тапсырмасын орындамаған шәкірт үлкен қателік жасап, әрі әдепті бұзады, әрі білімін нашарлатады.

Ұстаз әрі жолдас, әрі дос болғандықтан, шәкірт онымен ашық-жарқын, жасқанбай пікірлесіп, ойын ашық айтса, ұстаздың көңілі көтеріліп, шәкіртіне сырын ашып, оның ойына от беріп, қиялын қиянға шығарып, арман биігіне жетелейді.

Әрбір ұстаз бойында бірнеше өнер болады, әдепті шәкірт ұстаз бойындағы қадірлі қасиеттерді, өрнекті өнерлерді үйреніп алуға құштар болуы керек. Ондай шәкіртіне риза болған ұстаз бар өнерін салып, өз бойындағы дарынын шәкіртіне дарыта біледі. Сондықтан, шәкірт ұстаз өнеріне қызығып, ұстаз білімін қастерлей білуге міндетті.

Ұстазын сыйламаған шәкірт өз ата-анасын да сыйламайды. Өз ата-анасын, ұстазын ардақтамаған шәкірт адамгершіліктен жұрдай болып, елінің елеулісі, халқының қалаулысы болмақ деген аталық батаның үдесінен шыға алмайды.

Бар білімін, қайрат-жігерін аямай, бізге білім беріп, өнер үйретіп, өмірімізге жол ашып берген ұлағатты ұстаздарға бас иіп, тәжім етеміз!

2-сынып

Имандылық, мейірімділік, қайырымдылық дәстүрлері

Иман – арабша сенім деген ұғымды білдіреді. Дінге сенуге байланысты бұл ұғым халық арасында әдептіліктің, яғни, адамгершіліктің мәнін беретін ұғыммен ұштасып, әлеуметтік әдептілікті көрсететін мәнге ие болады. Өмір заңдылықтарына айқын сеніммен қарап, адамгершілік рәсімдері мен уәждерін, міндеттері мен мақсаттарын бұлжытпай орындайтын ақ ниетті, адал жүректі, көпшіл адамды – иманды адам дейміз. Иманды адам – айналасындағыларға және бүкіл адамзатқа тек жақсылық ойлайды, оларға мейір-шапағатын төгіп, жанашырлық,

қамқорлық жасауға әзір тұрады, әркімге әдеппен, ізетпен, инабатпен қарайды. Сондықтан да, иманды адамды бет бейнесінен танып, халық оны иман жүзді адам дейді.

«*Тура биде туған жоқ, туысты биде иман жоқ*» деп, халық иманды адамның әділетті, шыншыл болатынын уағыздайды. Халқымыздың қонақжайлылығы, кеңпейілділігі, көпшілдігі, дос көңілділігі – әлеуметтік имандылықтың белгісі. Имандылық дәстүрін қастерлей біліп, иманды адам болу – кісілік борыш.

Иманы кәміл адам мейірімді болады. Мейірімділік – адам бойындағы қасиетті сезім. Ата мейірімі, әке мейірімі, ана мейірімі, отбасындағы адамдардың бір-біріне деген мейір-шапағаты – әдептік әсем құбылыс, түйсікті баурап алатын түсінік, ұлағатты ұғым, адамгершіліктің асқаршыңы. Халқымыз ұрпағын мейірімділікке тәрбиелеп, қатыгездіктен қағып, қаталдықтан сақтандырып отырған. Еліміз ер-азаматтарын мейірімді болса екен деген ниетпен Мейірман, Мейіржан, Мейірбек деген аттармен атап, жастарды үнемі мейірімділікке баураған. *«Көпті жамандаған көмусіз қалады»* деп, халқымыз мейірлі болу – өз халқын сүйу, бірлікшіл болу екенін уағыздайды. *«Үлкен адамның сөзін тыңдай біл»* деп өсиет айтқан ата-бабамыз мейірімділік негізі – сыйласым екенін дәл көрсетеді. Мейірімділік рәсімдері бата беру, байғазы беру, базарлық беру, көңіл сұрау, көңіл айту, жұбату, т.б. жөн-жоралғылар арқылы іске асырылады.

Мейірімділіктің іс жүзінде бір көрінісі – қайырымдылық. Қайырымдылық – мүдделі, кіріптар, көмекке құштар адамдарға, табиғатқа, жан-жануарларға іс жүзінде жақсылық жасау. *«Байда қайыр, кедейде пейіл де жоқ, аңдастырған екеуін, құдайым-ай!»*, деп, Абай атамыз қайырымсыз байды қатты сынайды. Қазіргі заманда байыған адамдар «қайырымдылар қауымдастығын» ұйымдастырып, сол арқылы жеке адамдарға, әрі асса,

бүкіл елге қайырымдылық жасайды. Халқымыз көмекке мұқтаж адамға көмек көрсетіп, қайырымдылық жасау, кіріптарға қайыр беру, қарттарды аялап, мүгедектерді қорғап-қоршау әрбір қайырымды адамның адамгершілік борышы деп есептейді.

Қайырымдылық жылу беру, сыйлық ұсыну, демеуші болу, сый-сыбаға тарту, көрімдік, байғазы, бәсіре, т.б. жөн-жоралғылар арқылы іс жүзінде ізеттілікпен, ілтипаттылықпен, инабаттылықпен, сыпайылықпен орындалады.

Бір сәтсіздікке, ауыр жағдайға ұшырап, басқаларға кіріптар болып, көмек қажет еткен адамға жұрт жиып беретін көмек – жылу деп аталады. Жылу жиған кезде кіріптарға көмек бермеген адамға зор кінә тағылып, оның адамгершілігі жоқ, сараң, санасыз, тас жүрек екенін жұрт бетіне айтып, одан түңіледі, кейде қауымнан аластап, қатардан шығарып тастайды. Еңбегімен елдің сүйіспеншілігіне бөленген қадірлі адамға сыйлық ұсыну, жаңа киім киген адамға байғазы беру, көп шығындап, іс әрекетінің арқасында тапқан игілігіне көрімдік беру, жас баланың қуанышын қуаттап, оған бәсіре арнау, т.б. рәсімдер, жөн-жоралғылар халқымыздың қайырымдылық дәстүрлері болып табылады.

Табиғатты қорғау, тал тігу, гүл өсіру, жер суару, құстарға қамқорлық жасау, аңдарды аялау – қайырымдылықтың қалыптасқан халықтық үрдісі, оны орындай білу – парыз. Ол үшін әрбір әдепті адам өзінің қайырымдылық борыштарын терең сезініп, тебірене іс-қимыл жасауға міндетті.

3-сынып

Ел белгілері, ел ұраны, көк байрақ-туымыз

Әрбір отбасының, әулеттің, рудың, ұлттық дәстүрлік, салт-саналық белгілері – әдепті сыйласым мен ар-намыстың, парыздық, борыштық іс-әрекеттің құжаттары іспеттес қастерлі, қасиетті нәрсе. Халқымыздың сол қасиетті белгілері: ен, таңба, Елтаңба, Әнұран, Ту және әскерлік, сарбаздық ұрандар мен айырым белгілер.

Ертеден қалыптасқан белгі дәстүрлері – малға ен салу, таңба басу. Әрбір отбасының

жеке иелігіндегі малына салынатын өз ені болады. Таңба белгісі көбінесе рулық белгіні көрсетеді. Ертеде әрбір рудың өз таңбасы болған. Ен, таңба отбасының, әулеттің, рудың меншігіндегі мал-мүліктерді қадірлеп, қорғай білу үшін жасалынған салттық көріністер еді.

Егеменді еліміз әлемдегі басқа мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел ретінде өзінің Елтаңбасы мен Әнұранын, Туын

белгілеп, осы бір қасиетті белгілердің мәнін әрбір ұрпақтың терең түсініп, оны қастерлей білуін талап етеді.

Аспан, шаңырақ, жарық жұлдыз, қанатты тұлпар, бидай сабақтары бейнеленген. Аспан көк – кеңшілік, тыныштық, биіктік белгісі. Кеңпейілді еліміздің аспаны ашық, шаңырағы биік. Ашық аспанға тараған күн сәулелері сәулетті өмірі санатын көрсетіп тұрғандай, биіктегі жарық жұлдыз Отанымыздың беделі биіктеп, бақыт жұлдызының нұрын төгіп тұр. Қазақта «қара шаңырақ» деген қасиетті сөз бар. Ұрпақтары өсіп, өркендеген үлкен үйдің шаңырағын халық «қара шаңырақ» дейді. Сол «қара шаңырақтың» Елтаңбасындағы көрінісі шаңырақ астындағы халықтар бірлігін талап етіп тұр. Ондағы қанатты тұлпардың баламалық мәні халықтың аңыз-ертегісінен алынған. Аңыз бойынша, қанатты тұлпарға мінген алып батыр алты қат аспанға ұшып, жеті қат жер астына түсіп, халықты қасіреттерден азат еткен. Сол азаттық тұлпарының бейнесі – еліміздің азаттығының ерлеріміздің жеңімпаздығының белгісі. Елтаңбадағы бидай сабақтары – молшылықтың нышаны. Аспаны ашық, жұлдызы жарқыраған, шаңырағы биік, жеңімпаз, молшылық елінің перзенті болу – бақыт!

Көк байрақ - Туымыз – халқымыздың қасиетті, киелі белгісі. Ертеден-ақ халқымыз көк байрағы көтерілгенде, «уа аруақ, қолда!» деп, туды елдің, аруақтың киелі белгісі деп таныған. Сол көк байрақ астында батырлар сан рет жеңістерге жетіп, кең даласын,

кемелді елін басқыншылардан қорғап қалды. Көк байрақтың жетілдірілген соңғы бейнесінің мәні зор: Туымыздың аспан көк болуы шексіз кеңдікті көрсетеді. Ту ортасындағы алтын күн – халқымыздың азаттық күні. Ол бүкіл әлемге нұрын шашып тұр. Алтын күнді қанатымен жебеп, өрге көтеріп, ұшып бара жатқан қыран құс – ерлік белгісі. Кеңпейілді, кеңісі таза, жері кең еліміздің азат күні жарқырап тұр! Азат күнді, кең дүниені ерлікпен қорғайтын қырандай түлегі болу – зор бақыт! Туымыз көкке көтерілгенде, әрбір әдепті адамның Туға қарап, жеңімпаздық сезімі үдеп, ұлттық мақтанышы құлшындырып, қарқынды қажырының толқынды толғанысы пайда болады. «Менің мынау қасиетті Отаным – жанымнан да қымбат!» - деп, орайлы ой биігіне көтерілеміз. Төбеміз көкке жеткендей болады. Көк байрақ – Туымыз еліміздің ең биік тұғырларында көкке көтеріліп, желбіреп тұр. Біз ту қасынан бас иіп өтеміз, серт айтып, қаһармандық іске кірісерде, халқымызға ант беріп, Туымызды сүйіп, оған табынамыз. Туымызды қорғау, Ту астында құрметтеліп, суретке түсіру, Ту көтеруші болу – қандай бақыт! Өйткені Туымыз – біздің еліміздің бейнесі, халқымыздың қасиеті, адамдарымыздың ар-ожданы! Туымызды қастерлеу – халқымызды қастерлеу: оның азаттығын, ерлігін құрметтеу! Ұлттық әдептілік қасиеттердің бір үрдісі – ел Туын елжірей сүйіп, құдірет тұтып, құрметтей білу болып табылады. Әрқашан да әспеттеп, төбемізге көтеріп, тәлім алып, тәжім етеміз саған, қасиетті көк байрақ – Туымыз!

4-сынып

Жыл қайыру мен күн айыру рәсімдері

Ата-бабамыз жыл қайыруды, күн айыруды ұрпақтарына үйретіп, әрбір жылдың, айдың, күннің ерекшеліктерін айқын біліп, айтып отырған. Жыл қайыру мүшел жылын ерекше атап, мүмкіндігінше мүшел тойы әрбір он үшінші жылы (13-25-37...) аталып өтіледі, мүшел жасы қасиетті жас ретінде тойланып,

ол жасқа дейін ерекше, елеулі өзгерістер болғаны айтылады.

Жыл қайырудағы жыл реттері: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Халық хайуанаттарды «еті адал», «еті арам» деп екі топқа бөледі. Жыл ретіндегі 12 жыл атауында бірі

ӘОЖ 37.02

М.А. Нуриев

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, профессор

Д.Б. Сауранбаева

*Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ инспекторы,
педагогика ғылымдарының магистрі*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМІН ЖАҚСARTУ МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЫНТАЛАНДЫРУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада орта мектептерде қазіргі күні қолданыста жүрген ынталандыру әдістері жіктеп көрсетілген. Әдістерді қолдану орны мен тиімділігі, олардың оқушы білімін жақсартудағы ерекшеліктері жазылған. Оқуға қызықтырудың әдістері мен тәсілдері, жоғары нәтиже көрсеткен оқушының еңбегін бағалау, оны мақтау мен марапаттау, кері жағдайда жазалау әдістерін қолданудың маңызы жазылған. Аталған әдістерді орнымен қолдану жоғары жетістіктерге жеткізері анық.

Түйін сөздер: *ынталандыру, қолдау, мақтау, жазалау, бәсекелестік.*

В статье классифицированы методы стимулирования, используемые в средних школах в наши дни. Написаны случаи применения и эффективность, их особенности в улучшении знания ученика. Также пишется о значениях методов и путей стимулирования, об оценке ученика, показавшего высокие результаты, о значениях хвалы и награды и в обратном случае о способах наказания. Неоспоримо, что уместно использованные методы стимулирования помогут в достижении высоких показателей.

Ключевые слова: *стимулирование, поддержка, хвала, наказание, конкуренция.*

In article classified incentive methods which used in secondary schools nowadays. Written cases of applications and effectiveness, their qualities in improving knowledge of the student. Also written about the values of the method and ways of stimulate, about marking of pupils showed high results on the values of praise and rewards and otherwise about the methods of punishment. Undeniable, that pertinently using of incentive methods help in achieving high levels.

Keywords: *incitation, support, praise, punishment, competition.*

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу-ағарту жүйесінің үлесіне түсетінін ескерсек, білім негізі мектептен басталатындықтан, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында оқыту әдістерінің алатын орны ерекше. Дұрыс тандап алынған әдіс арқылы оқушыны білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады.

Оқыту әдістерін жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Оқыту әдістерінің тиімділігін арттырып, оқытудың жаңа

нысандары мен тәсілдерін меңгеру қажеттігіне педагогикалық зерттеулерде айрықша мән беріледі.

Алайда, оқыту әдісін тандау – күрделі процестің бірі. Кейбір әдістерді қолдануда бір-жақты асыра сілтеушілікке жол бермеу керек. Әр тақырып оқытудың ерекше тәсілдері мен жолдарын талап етеді. Сондықтан, оқытуда әр түрлі әдістерді қолдану қажет.

Сабақтың тақырыбы мен мақсатына, оқу материалының мазмұны мен көлеміне, оқушылардың дайындық дәрежесіне сәйкес, сабақтың құрылысы мен оқу әдісін ұдайы толықтырып отыруды мұғалім өзі белгілеп,

өзі таңдап алады. Белгілі бір оқыту әдісін таңдауға төмендегідей шарттар ықпал етеді:

1. оқыту әдістерін оның мақсат-міндеттеріне, оқушылардың жас және таным әрекетінің ерекшеліктеріне сай қолдану;

2. мектептің материалдық-техникалық негізін ескеру;

3. мектептің орналасқан жерін ескеру. Мысалы, қала мектептерінде оқушыларды өндіріс орындарына экскурсияға, ауыл мектептерінде ауылшаруашылық өндірісіне апару;

4. мұғалімнің шығармашылығы және шеберлігі. Оқытудың нәтижелі өтуіне негіз болатын сабақ мақсатының айқындығы. Себебі, оқу материалын баяндауда негізгі идеясын немесе оқушылардың іс-әрекетін анықтап алмай, оқыту мақсатына жету мүмкін емес.

Сонымен қатар, оқушының бойында өз ісіне деген жауапкершілікті қалыптастыру қажет. Оның бірнеше тәсілдері:

- оқушыға оқудың өзіне және қоғамға пайдасын түсіндіру;

- талап қою;

- талаптарды орындауға үйрету;

- өз міндеттерін жақсы атқаратындарды мадақтау;

- керек жағдайда жазалау әдісін қолдану;

- оқушыға кемшіліктерін айтып, оларды түзетуге көмектесу. Оқушыға оқудың өзіне және қоғамға пайдасын түсіндіру үшін мұғалім өндірістің дамуына ғылымның қалай әсер еткенін айтып, білімділік еңбек өнімділігін арттырып, жаңашылдыққа әкелетінін дәлелдеуі қажет.

Оқуға байланысты талаптар қою әдісі арқылы оқушыларға барлық пәндер бойынша бағалау өлшемдері, мектептің ішкі тәртібі, оқушылардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі. Оқушыларды оқу жұмысының алуан түрін орындауға үйрету, жаттықтыру борыш пен жауапкершілікті қалыптастырады. Үлгілі оқушылар мен мұғалімдердің де бала оқуына ықпалы зор.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті де оқушы сезіміне әсер етеді. Оқулық тақырыптарының

мазмұны – оқу іс-әрекетіне қызықтыратын негізгі құрал.

Оқуға қызықтырудың өте жақсы әдісі – танымдық ойындар. Пікір-сайыстар да оқушыны оқуға қызықтырады. Үлгерімі төмен оқушыларды жеткен жетістігіне қуанту да олардың оқуға ықыласын арттырады.

Қазіргі кезде оқыту әдістерінің ішінде жиі кездесетіні ынталандыру әдістері болып табылады. Бүгінгі күні бұл әдістің бірнеше түрі мектеп тәжірибесінде қолданыста, дегенмен, кең етек жая қоймаған. Солардың ішінде Т.Е.Конникова, Г.И.Шукина және В.С.Сластенин жасаған жіктеуде бірізділік байқалады. Айрықша қолданылатын әдістер – мадақтау, жарыс, жазалау деп тұжырымдайды В.А.Сластенин, Т.Е.Конникова т. б.

Жалпы, ынталандыру әдісі өмір сүруге үйренушілердің құрылымынан тұратын формалдық саласына бағытталады. Ынталандыру әдістері талап, ынталандыру, жазалау, болашақ пен көпшілік пікірлерінен тұрады. Педагогика саласында оның басты компоненті ретінде мадақтау мен жазалау кең таралған.

Ынталандыру – оқушылардың жақсы бағалануын көрсетеді. Ол жағымды дағдылар мен әдеттерді бекітеді және қалыпты эмоция мен сенімділікті қалыптастырады. Ынталандыру барысында индивидтің жеке қасиеттерін ескеру қажет. Оқушыны белгілі іс-әрекетті орындауға талаптандыру ниетімен қолданылатын әдістер тобында ынталандырудың орны ерекше. Бұл әдістің ежелден-ақ мадақтау мен жазалау түрі белгілі.

Мадақтау – бұл баланың жағымды мінез-құлқын ынталандыру құралы. Егер бала өзінің жетістігін және ұжым алдындағы жауапкершілігін сезе білсе, онда мадақтаудың құндылығы арта түседі. Мадақтауды оқушылардың жағымды әрекеттерін қолдау үшін қолданады. Мадақтау түрліше орындалуы мүмкін. Оқу процесінде жиі қолданылатындары – *мақұлдау, мақтау, қолдау, қуаттау, алғыс жариялау, құрметке бөлеу, грамота мен құрметті құқықтар бе-*

ру, мақтау қағаздары мен сыйлықтар беру, марапаттау және т.б. Мадақтау әдісін белгілі бір мөлшерде қолдану керек. Орынсыз және шамадан тыс мадақтаудың тәрбиеге тигізер пайдасынан гөрі зияны көп. Мадақтаудан балада мен-мендік, тәкаппарлық, дандайсушылық туады. Сондықтан, мадақтау үшін жеткілікті мәліметтер керек.

Мадақтау түрлері:

- баға қою;
- тапсырмалар арқылы оқушыны табысқа жеткізу;
- оқушыны тәжірибе және зертханалық жұмыстарды жүргізуге көмекші етіп алу;
- топтық тәжірибелік жұмыс кезінде оқушыға бөлімшелерді басқарту;
- үлгерім және сабаққа қатынас көрсеткіштерін шығару;
- білімнің қоғамдық байқауының қорытындылары бойынша мадақтау;
- жақсы оқитын оқушылардың үлгерімі төмен оқушыларға көмектесуі, т.б.

Мадақтауды қолдану талаптары:

- жетістіктермен қоса мінез-құлықтың мотивтерін де ескеру;
- мадақтау оқушыны басқа оқушыларға қарсы қоймау керек; белгілі бір жетістіктерге жеткен оқушылармен қоса, берілген тапсырмаларды орындауда еңбекқорлық пен жауапкершілік танытқан оқушыларды да мадақтау;
- оқушылардың жеке ерекшеліктері мен олардың ұжымдағы мәртебесін ескеру, мадақтау жиі болмауы қажет;
- ұжымның пікірін ескеру;
- мадақтау әділ болуы қажет.

Қарапайымды болса да, мадақтау жоғары жауапкершілікті талап ететін іс. Мадақшekten тыс әсіреге айналып кетпей, орынсыз кем де болмауы керек. Санамен сарапталмаған әсіре мадақ баланы бұзады.

Жарыс, бәсеке. Көп бала топтала қалса, сол бойда өзара бедел таластыра бастайды. Балалар табиғатына аса тән құбылыс – бәсекелестік. Төңірегіндегілер арасында өз беделін танытып, оны бекіту – әр адамның тума қажеті. Ал бұл қажеттілікті іске асыру басқалармен жарысуды керек етеді. Жарыс

нәтижесі баланың ұжымдағы беделін ұзақ уақытқа айқындап, бекітеді.

Жарыс әдісімен баланың бәсекелестікке деген табиғи қажеттігін жеке тұлғаға және жалпы қоғамға сай қасиеттерді баулитын тәрбие арнасына бұруға болады. Өзара жарыса жүріп, оқушылар қоғамдық қылық тәжірибелерін тез игеріп, тән-дене, адамгершілік, эстетикалық сапаларын дамытады. Жарыс әсіресе үлгерімі төмен оқушылар үшін аса қажет: өз нәтижелерін жолдастарының жетістіктерімен салыстыра отырып, өз білімдері мен ептіліктерін көтеруге болған қозғаушы күш алады, оқуы мен өзіндік тәрбиесіне ден қоя бастайды. Сонымен қатар, бұл балалардың ұжымда іс-әрекетін ұйымдастыру және ынталандыру әдісі. Ұжым жарыстың барысында өзінің жетістігі және жарысушы ұжымдардың табысы үшін әрекет жасайды. Жарыс оқушылардың, әсіресе енжар оқушылардың белсенділігін арттырады, жауапкершілігін, ұжымшылдығын дамытады. Бұл әдіс оқушының бәсекелестікке, алда болуға тәрбиелейді, өзара жарысып қоғамдық мінез-құлық тәжірибесін игеріп, адамгершілік қасиеттерді дамытады. Жарыстарды ұйымдастыру – оқушылар психологиясын білуді талап ететін күрделі іс. Жарыстың мақсаттары мен міндеттерін алдын-ала анықтап, бағдарламасын құрастырып, оның нәтижелерін бағалаудың шарттары мен көрсеткіштерін қалыптастыру қажет.

Жарыстың мазмұны айтарлықтай қиын болып келеді. Мектеп тәжірибесінде көбінесе жарыстар оқу іс-әрекетінің нәтижелері бойынша жүргізіледі. Сондықтан, оқушылардың үй жұмысын жүйелі орындауын, ынта-ықыласын, сабақтағы ескертулердің аздығын, дәптерлердің тазалық көрсеткіш ретінде алған орынды. Кейде жарысты дәстүр түрінде де пайдалануға болады. Мысалы: а) үйге берілетін оқу тапсырмасын үнемі орындау; ә) сабақ үстінде ескертпесіз жұмыс істеу, мектеп және үй режимін сақтау; в) қарт адамдарға көмектесу. Жарыстардың бағдарламаларын, шарттары мен көрсеткіштерін

жасауға, оның нәтижелерін бағалауға оқушыларды да қатыстыру қажет. Жарыстағы тартыстың адал әрі ашық болуын қадағалау қажет.

Гуманистік педагогика жазалауды да жоққа шығармайды, бірақ оның шегін, сипатын, орындалу жолдарын өзгертуді талап етеді. Тәрбие әдістерінің ең көнелерінің ішіндегі *жазалау* – кеңінен танымал, әрі өте қиын ынталандыру әдісінің бір түрі.

Жазалау келеңсіз қылықтарды шектеп, тежеу үшін, басқалар алдында, өз тұрғысынан айыбын мойындау сезімін ояту мақсатында қолданылатын педагогикалық ықпал әдісі. Басқа тәрбие әдістері секілді жазалау да қылық-әрекеттердің сырттай себептерінің тұлғалық ішкі ықылас-ниеттерге ауысуына негізделген. Мектеп тәжірибесінде жазалаудың келесідей түрлері қолданылуда: 1) *қосымша міндеттер таңу*; 2) *кей құқықтардан айыру не шектеу*; 3) *моральдық сөгіс, не айып тағу*; 4) *талқыға салу*. Тәрбие барысында жазалаудың келесі формалары қабылданған: *жақтырмау, ескерту, сөгіс жариялау, алдын ала сақтандыру, айыпқа сай талап қою, ұялту, жиналысқа салу, белгілі бір жеңілдіктерінен айыру және т.б.* Ал төтенше жағдайларда *сабаққа қатыстырмау немесе тіпті мектептен шығару* (педагогикалық және оқушылар кеңесі бойынша) сияқты түрлері де қолданылады.

Жазалау әдісінің тиімділігін анықтаушы шарттар төмендегідей:

1. Оқушы «пір» тұтқан абыройлы адам тарапынан болған жаза әсерлі келеді. Келеңсіз қылығы тек оқытушы емес, дос, жолдас-тарының да жақтырмауына, ескертуіне ұшыраса, айып сезімі күштілеу болады. Сондықтан, тәрбиеші ұжымдық пікірге көбірек жүгінгені жөн.

2. Бүкіл сыныпқа жаза қолдануға болмайды.

3. Жаза шешімі қабылданса, ол орындалуы шарт.

4. Жаза тиімділігі оның оқушыға түсінімді болып, оны әділ деп қабылдауынан. Өтелген жаза қайтып еске алынбайды, оқушымен қалыпты қатынас жалғасын табады.

5. Жазала, бірақ оқушының намысына

тиюші болма. Оқытушы жазаны өз жек көргендігінен емес, педагогикалық қажеттіктен қолданады. «Келеңсіз қылық – жаза» формуласы мүлтіксіз орындалуы шарт.

6. Жазалау мәселесін шешуде негізінен келеңсіз қылықтарды, болымсыз мінез бітістері мен әдістерді шектеу, тежеуге бағытталған тәрбие әрекеттері тізбегін біртіндеп қолданып, басты, мәні нақты, ұнамды сапаларды орнықтыруға қаратылған іс-әрекеттерге өту қажет.

7. Жазалау әдісін қолдануға негіз – дауламайлы жағдай (ситуация). Бірақ көрінген орынсыз қылықпен ережеден ауытқу жанжал туындатпайды, сондықтан, парықсыз жаза қолдана беруге болмайды. Жазалау мәселесінде жалпы, барша жағдайға жаза тағайындау мүмкін емес, әрқандай тәртіп бұзу өзінің дара сипатына ие: оны істеген кім, қандай жағдайда болды, себептері не – осы жәйттерді ескерумен жаза жеңіл не өте қатал болуы ықтимал.

8. Жазалау - өте ауыр да әсерлі әдіс. Жаза таңдаудағы педагог қателігін түзету өте қиын. Сондықтан, жүз берген жағдай жөнінде толық та анық түсінім болмағанша, асығыстықпен жаза қолдануға болмайды. Кері жағдайда жаза өз әділдігі мен пайдасын жоғалтады.

9. Педагогикалық процестегі жаза – кек алу құралы емес. Балада жазаның оның өз пайдасы үшін қолданылып жатқанына сенім тудырыңыз. әрқандай жаза әр баланың жеке ерекшеліктеріне орай қолданылғаны дұрыс.

10. Жазаның жеке балаға, оны даралығына сай қолдануы – әділдіктен ауытқу емес. Бұл өте маңызды проблема. Егер педагог оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктеріне мән беретін болса, жаза да, мадақтау да жікке келеді, ал, егер ол тек келеңсіз қылықтың өзіне мән беріп, қай тәрбиеленуші тарапынан болғанына назар аудармаса, жаза түрлері жіктелінбей қолданылып, тұлғалық бағыт заңдылығына қайшы келеді. Мұғалім өз педагогикалық позициясын балаларға түсіндіруі шарт, сонда ғана шәкірттер жаза әділдігін мойындайды.

11. Әрқандай жаза педагогикалық әдептілікті, жас кезеңдері психологиясын, сонымен бірге тек жазамен істі оңғаруға болмайтынын түсінген жөн. Осыдан да жаза басқа тәрбие әдістерімен бірлікті қолданылады.

Соңғы жылдары дәстүрлі ықпал әдістеріне қосымша *субъектив-прагматикалық* әдістің тиімділігі жариялануда. Ғылыми зерттеулер мен практика нақтылағандай, бүгінгі жастардың ерекшелігі – өмірге деген прагматикалық (пайдакүнемдік) қатынасы. Осыдан қазіргі заман оқушысы өзіне, өз жолдастарына тәрбие маған не береді, неге, қай уақытта ол қажет, одан түсер пайда қандай және қаншалықты деген сұрақтарды жиі қоятын болды. Осы секілді пайдакүнемдік – прагматикалық бағытты ескере отырып, кейбір шет ел педагогикалық жүйелері тәрбие процесін оқытушы мен оқушы арасындағы коммерциялық қатынас сипатында бағалайды. Ал мұндай қатынас өзегі – пайда. Әдіс әлі қалыптасып, ресми қабылданған емес, бірақ тұрмыста оқытушы мен оқушылар арасында түзілетін келісім-шарттар жүйесімен біртіндеп тұрақтануда.

Субъектив – прагматикалық әдіс негізі – тәрбиесіздік пен білімсіздіктің, тәртіп пен қоғамдық талаптарды өрескел бұзудың пайдасыз екенін түсінуде. Қоғамдық және экономикалық қатынастар баланы ерте жастан қатаң конкуренттік тайталасқа қосып, өмірге тыңғылықты дайындық көруге мәжбүрлейді. Осыдан да нарықтық экономикаға ертерек көшіп, дамыған елдердегі мектептік білім мен тәрбие қарапайым тұрмыс-тіршілік қажетіне (утилитарное) бағытталып, басты мақсат – шәкірттерді оқу орнын бітірген соң жұмыс табу, тіршілік қамын жасауға тәрбиелейді.

Субъектив – прагматикалық әдістің нақты іске асыру жолдары төмендегідей:

- тараптар міндеттері анық көрсетіліп, тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында жасалған келісім-шарт (контракт);

- тәрбиешілер және ата-аналар ортасында келісіммен түзілген жеке өзіндік жетілу

бағдарламасы (өзіндік тәрбие мазмұны);

- жеке қызығушылықты арттыру үшін оқушылар қалаулары бойынша түзілген төлемді оқу-тәрбие топтары;

- құқық бұзуға бейімді балалармен тәрбие – сақтандыру жұмыстарын алып баруға арналған «тәрбиешілік топтары»;

- ең соңғы техникалық құралдар және электронды – есептеу машиналары жәрдемімен тәрбиеленушілердің мінез-құлығын, әлеуметтік дамуын үздіксіз бақылауға алу, яғни, мониторинг жүргізу;

- техникалық құралдармен жинақталған сандық және сапалық көрсеткіштер нәтижесі негізінде тәрбиеленушінің жеке-дара даму бағытын анықтап, тұлғаның қажетті қасиет-сапаларын алдын ала жоспарланған арнада тәрбиелеудің «сценарийін» түзу;

- ұдайы өткізіліп тұратын ойын, жарыс, курстарға байланысты әрбір оқушының тәрбиелік, әлеуметтік кемел, азаматтық дәрежесін анықтау үшін ұйымдастырылатыны тест-байқаулар;

- тәртіп бұзушыларды жазалау мақсатында қолданылатын айыппұл төлету, құқықтары мен еркіндігінен айыру, әлеуметтік-қоғамдық басымдықтарын (привилегии) алып тастау және т.б. секілді шараларды пайдалану.

Бұл әдіс, әзірше еліміз мектептерінде кең өріс ала алмай отыр. Дегенмен, тұрмысымызға қарқындай еніп жатқан әлеуметтік және экономикалық өзгерістер уақыт оздырмай, тәрбие процесінің маңызды шарттарының бірі ретінде субъектив-прагматикалық әдістің алғы шепке шығуы – заңды күтілетін құбылыс.

Оқыту әдістерінің барлығы ретімен білім, білік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған. Үнталандыру әдістерінің олардан айырмашылығы, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланыс іс-әрекеттерінің соңғы нәтижесінде тәрбиелі тұлғаның сапалы даму деңгейін анықтайды. Тәрбие мақсаты жемісті болу үшін тәрбие әдістерін тиімді пайдалану қажет. Әдістердің бірлігі оқушылардың даму деңгейін анықтап, әрбір кезде адекватты қойылған мақсатты іске асыруға бағытталады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Еңсесін енді көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды ұрпақтың орны мүлде бөлек», - дейді. Демек, ұстаздар қауымының оқушылардың шығармашылық қабілетін дамы-

ту, ғылымды насихаттау бағытында интеллектуалды дамуына жол ашу, ғылыми-танымдық қызығушылығын қолдау мақсатында оқушылармен жұмыс жасауда ынталандыру жолдарын қолдану тиімді болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Конникова Т.Е. Организация коллектива учащихся в школе. – Москва: Издательство Академии педагогических наук РСФСР, 1957. – 158с.

2 Щукина Т.И. Педагогика школы. Учебное пособие. – Москва: Просвещение, 1977. – 100с.

3 Слостенин В.И., Исаев И.Ф. Формирование личности в коллективе, – Москва: Школа-пресс. 2007. – 183с.

4 Сухомлинский В.А. Гуманизм педагогики. – Москва: Школа-пресс. 1994. – 233с.

5 Макаренко А.С. Педагогические сочинения. – Москва: Школа-пресс. 1984. – 185с.

6 Оқыту әдістері <http://www.kitaphana.kz/en/articles/abstracts-in-kazakh/236-pedagogika/3253-okity-adisi.html>

7 Тәрбиенің әдістері, құралдары <http://www.kitaphana.kz/ru/downloads/referatu-na-kazakskom/236-pedagogika/3263-tarbie-adisteri.html>



Балаларды тәрбиелеу – еңбек әрі борыш

Ф.М.Достоевский.

ӘОЖ 378.146

И.А. Мырзаханова

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру F3И бөлім басшысы, PhD докторант

ЖОО-Ң СТУДЕНТТЕРІН ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Мақалада автор ЖОО-да студенттерді ынталандырудың жолдарын қарастырған. ЖОО-а жиі қолданылатын әдістердің түрлеріне сипаттама келтірілген. Әдіс – нақты бір міндетті шешуге арналған әрекетті практикалық, не теориялық тұрғыдан игерудің біршама біркелкі тәсілдерінің, операцияларының жиынтығы. Педагогикада білім беру мен тәрбие әдістерін жасау мен оларды жіктеу проблемасы негізгілердің бірі болып табылады.

Түйін сөздер: *Әдіс, миға шабуыл әдісі, брейнсторминг әдісі, жоба, эссе, ынталандырудың жолдары.*

В статье автор рассматривает пути стимулирования студентов ВУЗов. Приведены примеры часто используемых методов в ВУЗе. Метод – это сборник нескольких путей и операции практического или теоретического освоения действия, направленного на решение определенной обязанности. Проблема создания и классификации методов обучения и воспитания является одной из основных в педагогике.

Ключевые слова: *Метод, метод мозгового штурма, метод брейнсторминг, метод проекта, эссе, пути мотивации.*

The author considers ways to encourage university students. Are examples of commonly used methods in VUZe. Metod - a collection of several ways and operation of practical or theoretical mastery of action aimed at addressing specific duties. The problem of creating and classification methods of training and education is one of the basic pedagogy.

Keywords: *Method, brainstorming, brainstorming method, the method of the project, an essay, the way of motivation.*

Қазіргі заманға сай білім беруде белсенді оқытудың әдістері кеңінен қолданылуда, ол тек кәсіби білімге, ораторлық қабілетке ғана емес, сонымен қатар, оқытушылардың шығармашылық шамасына, шешім қабылдау үшін шынайы шығармашылық жағдайды қалыптастыра білу шеберлігіне де байланысты. Оқытудың белсенді әдістерін пайдалану мәселесімен жалпы танысып қана қоймай, қазіргі заманғы жоғары білім педагогтарымен жүргізілетін сабақтардың түріне байланысты оқытудың белсенді нысандарын жиі пайдалануды талап етеді, бұл тыңдаушылардың кәсіби және жеке ерекшеліктерін жетілдіруге септігін тигізеді анық. Оқытудың белсенді нысандары болашақ кәсіби қызметтің толық мазмұнын модельдеуге мүмкіндік береді. Мұндай

оқу түрі жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие процесінің дәстүрлі нысандарына жаңа сапа енгізеді: маңыздылық орталығы ақпаратты беру, өңдеу және меңгеру процесінен өзіндік ізденіске және оны болашақ кәсіби қызметте қолдану әдістерін моделдеуге көшу процесі жүреді. Оқытудың жаңа нысандарын іске асыруда белгілі бір мүмкіндіктерді кез келген пән бойынша бейне және компьютерлік сыныптарды қолдану, тыңдаушыларды топтық қарым-қатынастың жаңа жүйесіне енгізу жолымен олардың дербес қызметін трансформациялау байқалған жағдайда топтық шешімді қажет ететін маңызды жағдайларды модельдеу мүмкіндігі бар семинар және тәжірибелік сабақтар сияқты оқу процесін ұйымдастыру нысандары береді.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы – ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни, әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек [1].

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. ЖОО-а жиі қолданылатын әдістердің түрлеріне сипаттама келтірдік. Әдіс – нақты бір міндетті шешуге арналған әрекетті практикалық не теориялық тұрғыдан игерудің біршама біркелкі тәсілдерінің, операцияларының жиынтығы. Педагогикада білім беру мен тәрбие әдістерін жасау мен оларды жіктеу проблемасы негізгілердің бірі болып табылады.

Әдістердің түрлері

1. «Миға шабуыл» немесе «брейнсторминг». Ұжымдық талқылау әдісі, мұнда шешімді іздеу барлық қатысушылардың өз ойларын еркін түрде жеткізе білу жолдары арқылы жүзеге асырылады.

Оқытушы: 1. Пікірталас тақырыбын таңдайды.

2. Студенттер алдына міндеттерді қояды және миға шабуылдың ережелері жөнінде айтады:
– «шабуыл» мақсаты – міндетті шешудің неғұрлым көп нұсқаларын ұсыну;

– өз қиялдарыңызды жұмыс істеуге мәжбүр етіңіздер.

3. Оқытушы барлық туындаған ойларды жазып отыратын хатшы тағайындайды.

4. Үзіліс жарияланады. Үзілістен кейін қатысушылар бірінші кезеңде айтылған идеяларды топтастырады және дамытады (идеялар тізімін шығарып, қатысушыларға таратып беруге болады). Қатысушылар идеяларды топтар бойынша іріктеп, маңыздыларының ішінен өз пікірлері бойынша, қойылған мәселелердің жауабын табуға септігі тиетіндерін таңдай отырып, оларды талдауға кіріседі.

5. Оқытушы пікірталас қорытындысын шығарады. Егер миға шабуыл күтілген нәтижелерді бермесе, сәтсіздіктердің себептерін талқыланады [2].

Мысалы, Тақырыбы: Инсулин. Қасиеттері, биологиялық қызметі, әсерінің механизмі. Инсулин алудағы биотехнологиялық әдістер. (оқу жоспары бойынша 1 сағатқа арналған).

Брейнсторминг әдісі бұл жағдайды жай мазмұндау ғана емес, кең ауқымды информационды комплекстерді қолдана отырып, оны түсіндіру. Брейнсторминг технологиясының ең басты өзектілігі – аналитикалық ойлануды дамыту, әр түрлі ситуацияларды шынайы өмірдің аспектілерін қолдана отырып иллюстрациялау, дискуссия туындата білу. «Миға шабуыл» немесе «брейнсторминг» әдістерінің ерекшелігі студенттерге ғылыми жұмыстарды талдай білуіне, өз пікірін білдіруіне, өз идеяларын ұсыну шеберліктеріне үйретеді.

2. Миға шабуыл әдісі

Мақсаты – мәселенің дәстүрлі емес жолдарын шешу бойынша ұжымдық ой қызметін ұйымдастыру.

0-кезең – Ширату: жауаптарды тез издестіру бойынша жаттығулар. Сұрақ зерттеліп отырған мәселе аумағымен байланысты болуы тиіс. Сұрақтарды шапшаң қою, жауаптарды бағаламау, жауаптарды тілектестікпен қабылдап, аудиторияның оң реакциясына қолдау таныту керек.

1-кезең. Идеяларды жинақтау (бір параққа бір идея, ұсыныс, жазылады, ойды жазып алу. Идеялар фантастикалық, нашар тұжы-

рымдалған болуы мүмкін, бірақ жүйелі және құнды болуы тиіс). Қалыпты жағдайда: 10 минут ішінде - 30 идеяға дейін айтылуы қажет.

2-кезең. Идеяларды талдау және сараптау (сапалы кезең, шағын топтарда жұмыс).

3-кезең. Идеялар шолуы (кестелеу, құрылымдық түсінік).

4-кезең. Идеяларды дәріптеу (көпшілік алдында ұсыну, баяндама).

5-кезең. Шағын топтардың атқарымдары бойынша бірыңғай тұжырымдаманы құру.

Ережелер:

1. Ешкім айрықша рөлге ұмтылмайды, басшылар да, бағынушылар да жоқ, тек жүргізуші және қатысушылар ғана болады.

2. Сынға тыйым салу.

3. Кез келген идея мақұлданады.

4. Әр студент жанындағы студенттердің идеясын дамытуға құқылы.

5. Пікірталас барысын міндетті түрде жазып алу (стенография, магнитофон). Жүргізуші «маман», «методолог» болуы мүмкін.

Бұл әдістің ерекшелігі студент ой күшжігерін, нақты міндеттерді шешуге шоғырландыра білу шеберлігіне, шағын топта жұмыс істей білу шеберлігіне және ұжымдық ой қызмет тәжірибесін қалыптастыруға; шағын топта жұмыс істей білу шеберлігіне ие болады [3,4].

3. «Жобалау әдісі»

1-кезең. Жобаны әзірлеу. Тақырыбы мен мақсатын анықтау. Студенттер пәнді оқытушымен бірге талқылайды, кеңес алады, міндеттерді белгілейді. Оқытушы зерттеудің жолдарын көрсетеді, ынталандырады, кеңес береді.

2-кезең. Жоспарлау. Ақпарат, ақпаратты, есеп формаларын, нәтижелерді және үрдістерді бағалау, рөлдерді бөлу (хабарлаушы, зерттеуші, хатшы, редактор, баяндамашы, референт, сарапшы және т.т.) өлшемдерін жинау және талдау көздерін анықтау. Студенттер қойылған міндеттерге сәйкес әрекет ету жоспарын жасайды. Оқытушы түзетеді, идея ұсынады, нәтижені болжауға көмектеседі.

3-кезең. Зерттеу. Ақпарат жинау, қойылған міндеттерді шешу. Жабдықтары: сұхбат, сауалнама, бақылау, тәжірибе, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс және т.с.с. Студенттер аралық міндеттерді шеше отырып, зерттеуді орындайды. Оқытушы бақылайды, көмектеседі (қажет болған жағдайда), кеңес береді.

4-кезең. Зерттеу нәтижелерін жинақтау. Ақпаратты талдау, қорытындыларды құрылымдау, тұжырымдау.

5-кезең. Есеп. Нәтижелерді ұсыну: жазбаша есеп, ауызша баяндама, қосымша баяндама, реферат, курстық жұмыс, стендік материал, видеоматериал, кітап, әдістемелік құрал. Студенттер есеп береді, зерттеу нәтижелері туралы баяндама жасайды. Оқытушы магистранттармен сарапшылармен бірлесе отырып, тыңдайды, сұрақтар қояды, түзетеді.

6-кезең. Қорытындылау. Оқу үрдісінің нәтижелерін бағалау. Оқытушы жоба қатысушыларының пікірлерін ескере отырып, студенттердің жұмысын бағалайды, оларды әрі қарайғы зерттеулерге ынталандырады [5]. **Мысалы, Тақырыбы:** «Бизнес-жоспар» дайындау. Бұл жұмысты жеке де, топпен де орындауға болады. Студенттің алдында тұрған міндет:

I кезең. Мақсат қою. Студент алдына төмендегідей мақсат қояды:

а) өз кәсіби әрекетін анықтау;

ә) ол үшін пән оқытушылары мен кәсіпкерлерден кеңес алу;

б) жұмыстың жоспарын дайындау;

в) презентация дайындау.

II кезең. Жоспар жасау кезеңі.

1. Жұмыс жоспарын жасайды.

а) әдебиеттерден «Бизнес-жоспар» туралы материалдар жинайды;

ә) кәсіпкерлермен кездеседі;

б) кәсіпкерлерден сұхбат, кеңес алады;

в) орындалатын жұмыстарды кезең-кезеңге бөледі;

г) қандай кәсіппен айналысатынын ойластырады;

ғ) оған орын іздейді;

д) шығыс пен кірісті есептейді;

е) пайдасын есептейді.

III кезең. Жүзеге асыру кезеңі. Бұл ең жауапты және қиын кезең. Осы кезеңде студент қиыншылықтарға тап болуы мүмкін. Себебі, бұл кезең студенттен көп ізденуді және шығармашылықпен жұмыс істеуді талап етеді. Көптеген кәсіпкерлерден кеңес алуға барғанда, олар уақыттарының тығыздығын алға тартып жауап беруден бас тартатын кездері жиі кездеседі. Ондай кезде өздерінің туыстарының немесе таныстарының ішінен кеңес беретін кәсіпкерлерді іздеуге тура келеді.

IV кезең. Жұмысын курстастарының, оқытушылардың, сарапшылардың алдында қорғайды.

V кезең. Бағалау кезеңі. Жобаның қорытындысы бойынша жобаны қорғау үшін басқа топтың студенттері, қазақ тілі пәнінің оқытушылары, экономика пәнінің оқытушылары шақырылады. Әр студент мінбеге шығып өзінің материалды қайдан іздегенін, қалай жинағанына тоқталып, алдарына қойылған мәселенің шешілу жолдарын түсіндіріп, өзінің жобасын қорғайды. Әрине, жұмыс тобына сұрақ қоюға, ұсыныс айтуға және пікір таластыруға болады.

Қорыта келе айтарымыз, жобалау әдісі кәсіби сөйлеуге үйрену үшін және оны дамыта отырып, кәсіби сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін қоса жүргізілетін пайдалы әдістің бірі.

Өзге тілді дәрісханада оқитын студенттерді қазақша кәсіби сөйлеуге үйретуде жобалау әдісінің өте тиімді екеніне көз жеткізілді. Себебі, студент дайын материалды меңгеруге ғана дағдыланбайды, ол өз бетінше ізденіп, болашақ мамандығы рөліне ену арқылы әр түрлі қақтығыс ситуациялардан шыға білуге, сөйлеу үлгілерін дұрыс пайдалануға қалыптасады. Жобаны қорғау кезінде студент өз әрекетін ұйымдастырып бағалай алатын жеке тұлға ретінде ғана емес, тілді меңгеруге байланысты өз бойындағы кемшіліктерді жеңуге де үйренеді. Сол сияқты, жобалау әдісі студенттердің бойында мынадай қасиеттерді қалыптастырады: іскерлік кәсіби жағдайда тез жол таба білу, ұжым мүшелерімен арадағы сыйластық, топпен жұмыс істей білу, жұмысқа шығармашылықпен қарау және т.б.

Жобалау әдісі зерттеушілік шеберліктер және дамытушы жобаларды әзірлей білу шеберліктерімен ерекшеленеді.

4. Эссе әдісі. Эссенің мақсаты әлемді өзіндік ұғыну және оған деген өзінің қатынасы.

1. Дайындық кезеңі

- Ғылыми және танымдық әдебиеттермен жұмыс істей білуге үйрету.

- Дереккөздермен жұмыс істеуді үйрену дағдыларын дамыту: мәтінді білу, оны түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.

- Оқытушы ақпараты бар жұмысты пирамида түрінде ұсынады, мұның мақсаты – білім алушыларда жұмыс барысындағы кезеңдердің жүйелілігі жайлы жеке түсінік тудыру.

2. Дамытушылық кезең. Эссе жазу дағдыларын қалыптастыру дамытушылық кезеңнің басты мақсаты болып табылады. Білім алушылар мәселені анық түсінулері, оны шешудің жолдарын ұсынулары тиіс. Жұмыстың дамытушылық кезеңінде білім алушыларға дәйексөздермен жұмыс істей білуді және жұмыс барысында оларды дұрыс рәсімдей білуді үйреткен жөн. Мәтіндегі дәйексөздер тырнақшаға алынып, дереккөзі көрсетілуі тиіс. Мәтіндегі сілтеменің цифры пайдаланылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген автордың цифрымен сәйкес болуы тиіс (мысалы, «Уақыт сынынан өткен қағидаттар негізінде ұйымды құру – үдемелі өзгермелі жоғары бәсекеге қабілетті әлемдегі өмір сүрудің ең жақсы тәсілі», Герб Келлехер.

Білім алушы дамытушылық кезеңде эссені жазуда төмендегілерді істей білуі тиіс:

- дәлелдеу;
- себептері мен салдарларын түсіндіру;
- мәселені анықтау және қалыптастыру, олардың ерекшелігін көрсету;
- мәселені шешу қажеттілігін негіздеу, өзіндік шешу жолдарын ұсыну [6, 7].

Мысалы, Эссенің құрылымы:

Кіріспе. Білім алушы мәселені (идеяны), эссені жазудың мақсатын анықтайды.

Негізгі бөлім. Мәселенің мазмұны мен мәнін ашады. Бұл үшін ғылыми негіздемені қолданады, тақырып ұғымын ашуға мүмкіндік беретін (теориялар, формулалар, график-

тер, диаграммалар, кестелер, теңдеулер), дәлелдер, пайымдаулар, дәйексөздер, цифрлар, статистикалық материал, факт.

Мәселеге менің қатысым. Білім алушы мәселеге өзінің жеке адамгершілік, эмоциялық, этикалық қатысын білдіреді.

Мәселені шешу жолдары. Білім алушы жұмыс соңында мәселені шешудің бұрыннан бар жолдары мен әдістемесін негіздей алады, сондай-ақ, өзінікін де әзірлеп, ұсына алады.

Өзін-өзі бағалау. Өз жұмысына баға беру, автордың пікірінше, жұмыстың сәтті және сәтсіз шыққан кезеңдері.

Библиография. Қолданғанына қарай пайдаланылған әдебиеттер тізімі (әдебиет, интернет сайттары және авторлары көрсетілген басқа да дереккөздер).

Мысалы, 1 Иванов А.И. Педагогика и психология. – М.: ЗАО «Бизнес-школа «Интел-Синтез», 2001. – 512 с.

5. «Дальтон-жоспар» немесе «Дальтон-технология» әдісі. Технология үш басты принципке негізделген: еркіндік, дербестік және ынтымақтастық.

Еркіндік – студенттердің пәнді, тақырыпты, серіктесті, ақпарат көздерін, жұмыс қарқынын, түрі мен тәсілдерін таңдау құқығы. Студент оқу пәнінің аясы бойынша тапсырманы өзі таңдайды, бұл өз кезегінде оқу жоспарымен анықталады. Жұмыс үдерісі барысында тапсырманың орындалуына бақылау жүргізуді студенттің өзі жүзеге асырады, бірақ әрбір еркін түрде орындалған тапсырмалар бойынша мақсатқа жетудің соңғы деңгейін педагог бағалайды. Әрбір студент педагогтың алдында жеке есеп береді. Осылайша еркіндік жауапкершілікпен үйлеседі.

Дербестік – студенттің тапсырманың күрделілік деңгейінің де, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу әдістерін таңдауын тұспалдайды. Студенттер өз бетінше шешім қабылдаулары және олардың салдарына жауап бере алулары тиіс.

Ынтымақтастық – білім алушыларға тапсырманы орындаудың ұйымдық түрлерін таңдауды болжайды: жеке, жұптық, ша-

ғын топта. Студент кімнен болса да көмек сұрай алады. Ол өзінің білмейтін тұстарын мойындаудан қорықпауы тиіс. Бұл студенттерді басқа адамды сыйлауға, оны тыңдап, түсіне білуге, онымен тіл табыса білуге, ортақ шешім қабылдай білуге, бір-біріне сенуге, басқаларға көмектесуге, топтағы жұмысқа жауап бере білуге үйретеді. Көмектесуге қатысты сұрақтың жауабын қайдан және қалай жауап іздеу керектігінде екенін ескерген жөн.

Тапсырмалар Дальтон-технологияның мазмұнды бөлігін құрайды. Олар шығармашылық сипатта болуы тиіс. Әрқайсысының міндет (мәселесі) анықталады, ал тапсырмалардың өзі деңгейлік негізде тұжырымдалады. Тапсырмалар тәжірибе, жоба әзірлемесі қойылған зерттеушілік сипатта болуы мүмкін, оқу бағдарламасының аясымен шектелуі немесе оның аясынан шығуы да мүмкін. Педагог әрбір студенттің тапсырманы орындағанын тексеріп қана қоймай, олардың барлығына тексеру жұмыстарын да береді. Шындығын айтқанда, дәл осы жұмыстың нәтижелері бағаланады. Әрбір тапсырмаға баға қойылмайды, тек оның орындалуы ғана бағаланады және педагог ауызша баға береді [8].

Тапсырмаларға төмендегідей талаптар қойылады:

- олар деңгейлік сипатқа ие;
- оқу материалының қажетті көлемін қамтиды;
- тапсырманың мақсаты және оны орындау нәтижесі нақты тұжырымдалады;
- тапсырма қызықты және түсінікті болуы тиіс;
- тапсырманы студенттің өз бетінше орындай білу мүмкіндігі есепке алынады;
- бұл үшін тапсырмада нұсқау, әдебиеттер, орындау мерзімі беріледі;
- тапсырмаларды орындаудың түрлі формаларын, басқалармен ынтымақтастық орната білу мүмкіндіктерін болжайды;
- өзіндік бақылау және бақылау қарастырылады (мысалы, топта сөз сөйлеу және т.б.).

Қорытас келгенде, Жоғарғы оқу орнына түскен кешегі талапкерлер студент болған соң, ЖОО-ң шарттарына орай бейімделу кезеңінен өтеді. Бұл кезең өзінде жаңа әлеуметтік орта мен жоғары оқу орындарындағы оқу және ғылыми ізденістер, болашақ кәсіби қызмет шарттарына дағдылану жағдайларын қамтиды. Осыған орай оқытушылардың басты мақсаты – бірінші курс студенттерін жаңа

жағдай шарттарына бағдарлануға тәрбиелеу, оларды оқу және оқудан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға үйрету, болашақ ісінің кәсіби шеберлігіне деген қызығушылық сезімін ояту. Сонымен қатар, ұйымдастырушының әдеттері мен іскерлігін дамытудың қалыптасуына, кәсіби білімді меңгеру мен түрлі оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға ықпал ету.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://el.kz/m/articles/view/content-26644>
- 2 Бехтерев С. Майнд-менеджмент: решение задач с помощью интеллект-карт. – М.: Альпина Паблишерз, 2009. – 308 с.
- 3 Бабаева Сабет Балтабайұлы. Кемел адам – тұлға қалыптасуы. Педагогикалық теория негіздері. Монография., – Түркістан: «Арыс» баспасы. 2010. – 371б.
- 4 Смирнов Э.А. «Разработка управленческих решений». М., 2002. – 271с.
- 5 Джонс Дж. К Методы проектирования: Пер. с англ. 2-е изд., доп. – М.: Мир, 1986. - 326с.
- 6 Бьюен Т., Бьюзен Б. Супермышление. – Минск: Попурри, 2008. – 304с.
- 7 Боно Э. де. Шесть шляп мышления. – Минск: Попурри, 2006. – 208с.
- 8 Тантабаева Б.С. Химиядан студенттер білімін бақылау//монография. – Өскемен: ШҚМУ, 2011. – 117б.



Ғылымды үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт

Әл- Фараби.

УДК 37.03

С.Т. Иманбаева

д.п.н., профессор, академик МАНПО, зав. кафедрой национального воспитания и самопознания КазНПУ им. Абая

В.В. Шахгулари

эксперт ЮНЕСКО, к.п.н., доцент, директор Высшей школы педагогического мастерства, Международная Академия Бизнеса

ФОРМИРОВАНИЕ ВЫСОКОРАЗВИТОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

В статье рассматриваются актуальные проблемы формирования высокоразвитого педагогического мышления преподавателя высшей школы. Авторы предлагают методику формирования педагогического мышления, которое играет очень важную роль в профессиональной деятельности преподавателя высшей школы.

Ключевые слова: педагогическое мышление, компоненты педагогического мышления, преподавательская деятельность, личность современного преподавателя.

Мақалада жоғарғы мектеп оқытушысының дамыған педагогикалық ойлауын қалыптастырудың көкейтесті мәселелері қарастырылады. Авторлар жоғары мектеп оқытушысының кәсіби қызметінде өте маңызды рөл атқаратын педагогикалық ойлауды қалыптастыратын әдістеме ұсынады.

Түйін сөздер: педагогикалық ойлау, педагогикалық ойлаудың компоненттері, ұстаздық қызмет, заманауи оқытушы тұлғасы.

Actual problems about organization of highly developed pedagogical thinking of school teacher considered in the article. The authors propose the methods of organization of pedagogical thinking which have a very important role of higher school teacher in the professional activities.

Keywords: pedagogical thinking, the components of pedagogical thinking, teaching activities, personality of the modern teacher

Новые условия развития Казахстанского общества ставят перед системой профессионального высшего образования новые приоритеты и задачи. В качестве первоочередной выдвигается задача формирования качественно нового уровня подготовки специалистов обладающих собственным стилем мышления и оригинальным подходом к решению поставленных задач. Целенаправленное развитие и системное реформирование высшего образования диктует необходимость выработки новых подходов к организации и содержанию образовательных процессов, направленных на обеспечение соответствия международным стандартам образования.

Профессия преподавателя является одной из наиболее интеллектуально насыщенных профессий. Она связана с решением сложных профессиональных задач творческого типа, и предполагает владение педагогом множеством аналитических, прогностических и проективных умений, связанных с анализом педагогических явлений и процессов, их синтезом, сравнением, абстрагированием, обобщением, конкретизацией и т.д. Поэтому одним из наиболее важных качеств преподавателя является высокоразвитое профессиональное мышление.

Проблема формирования педагогического мышления приобретает особую актуальность, поскольку в настоящее время возросли

определенные требования к качествам личности современного преподавателя. Предметно-специфическое мышление характеризует способность учителя быть творцом в своей предметной области, учитывать изменения, происходящие в современном образовании.

Современного учителя должны отличать инициатива и ответственность, потребность в постоянном обновлении и обогащении своих знаний, способность смело принимать новаторские решения и активно проводить их в жизнь [1].

Профессиональная деятельность преподавателя по своему характеру давно и однозначно отнесена в научных исследованиях к творческим видам деятельности и рассматривается как весьма нелегкий труд. Её сложность проявляется в многообразии компонентов, в разноплановости взаимосвязей между ними, а также между этими компонентами и внешней средой. Преподавательская деятельность неразрывно связана с творчеством. Практически при проведении каждого занятия приходится что-то изменять и в содержании учебного материала, и в методике обучения. Каждое занятие каждый раз получается новым.

Педагог становится мастером своего дела, профессионалом по мере того, как он осваивает и развивает педагогическую деятельность, овладевает педагогическим капиталом, признавая педагогические ценности.

Мышление преподавателя включено в педагогическую деятельность и направлено на решение специфических для нее задач. Это поиск педагогических идей, средств преобразования педагогического процесса. Объект познания преподавателя - педагогическая реальность, включающая личность и коллектив, содержание, формы и методы учебно-воспитательного процесса, педагогические ситуации и явления.

Педагогическое мышление существует как процесс решения педагогических задач. Его характеризуют полифункциональность, иерархизированность, эвристичность поисковых структур, многокомпонентность [2].

К рассмотрению вопросов развития педагогического мышления обратились исследователи, изучавшие педагогическую деятельность: Ф.Н.Гоноболин, Ю.К.Бабанский, В.А.Кан-Калик, Н.В.Кузьмина, Ю.Н.Кулюткин, Г.С.Сухобская, В.А.Сластенин, Л.Ф.Спирин, М.А.Степинский, М.Л.Фрумкин, А.И.Щербаков, Е.К.Осипова т.д.

По мнению Ф.Н.Гоноболена, в профессиональной педагогической деятельности необходима способность сделать сложное простым, трудное вполне доступным пониманию. У учителя должна быть развита живость ума, делающая передачу знаний интересной, не допускающей скуки на уроке, «...которая проистекает иногда от вялости мысли учителя», от сухости и однообразия его преподавания. «Ничто так не воспитывает в детях способности к самостоятельному мышлению, как умение самого учителя думать над преподаваемым предметом... Поверхностность понимания учителем учебного материала служит тормозом для развития самых способных учащихся». Он считал, что главная особенность педагогически направленного мышления состоит в том, что учитель решает одновременно две интеллектуальные задачи, изучает одновременно два объекта (учебно-воспитательный материал и коллектив учащихся) - процесс познания как бы соотносится с объектом деятельности учителя.

Проблемы формирования профессионального мышления педагога довольно часто становились предметом рассмотрения в трудах Н.В.Кузьминой в связи с ее концепцией педагогической деятельности как разрешения бесконечного ряда педагогических задач. Н.В.Кузьмина разработала теорию педагогических задач, широкое применение которой в практике высшей школы позволило резко повысить качество подготовки будущих учителей. Она сформулировала основные категории этой теории, выявила и классифицировала совокупность

педагогических задач, их особенности, описала в общем виде процесс их решения. Подчеркивался творческий характер мышления учителя, проявляющийся в разрешении нестандартных задач, алгоритмы, решения которых не найдены, в конструировании новых методов педагогического воздействия, проектировании педагогических систем.

Так, например, Н.В.Кузьмина, определила мышление учителя как практическое, направленное на решение преимущественно прикладных задач. Она считала, что для мышления учителя характерны все особенности, свойственные практическому мышлению, а именно расчет и умение выделять основные звенья в деятельности, умение предвидеть и быстро находить новые решения, соизмерять их со средствами, имеющимися в распоряжении учителя [3].

Некоторые вопросы анализа мышления учителя затрагивали Ю.Н.Кулюткин, Г.С.Сухобская, Н.Е.Сальникова. Они определили мышление учителя как способность использовать педагогические идеи в конкретных ситуациях деятельности, умение видеть в каждом явлении его общую педагогическую суть. Ими высказана гипотеза о том, что педагог одновременно принимает несколько решений, а потом, сообразуясь с условиями и обстоятельствами, часть из них претворяет в жизнь, а другую часть отсеивает [4].

Педагогическое мышление - объективно существующий феномен. Оно присуще сознанию субъекта, выполняющего социальные функции воспитателя, учителя. Педагогическое мышление - качество приобретенное, а не врожденное. Педагогическое мышление проявляет себя как сложное по структуре и целостное по форме образования, функционирующее в единстве трех компонентов - предметный, технологический, оценочный [5].

Предметный компонент в мыслительной деятельности преподавателя обеспечивает ориентировочно-диагностическую функцию. Посредством этой функции преподаватель воспринимает и интерпретирует

особенности окружающих его социальных явлений, превращая их в педагогически целесообразные, т.е. превращая в обучающее, развивающее, формирующее личностное средство. Педагог производит «педагогический снимок» реальной действительности и ставит педагогический диагноз.

Технологический компонент педагогического мышления выполняет конструктивно-моделирующую функцию. Преподаватель проектирует идеальную модель учебно-воспитательной ситуации, разрабатывает варианты и четкую последовательность действий субъекта как участника, организатора, диспетчера педагогического процесса.

Оценочный компонент выполняет двоякую функцию: 1) предвидение конечного продукта профессиональной деятельности, прогнозирование, принятие решений и формирование целей. 2) самоанализ качества своей деятельности при реализации профессиональных задач.

В условиях профессиональной подготовки и переподготовки учителя совершенствуется тот или иной компонент педагогического мышления и это приводит к целенаправленному управлению процессом повышения квалификации учителя.

На основе анкетирования 105 преподавателей высшей школы было выявлено, что каждый из них обладает педагогическим мышлением, использует новшества в работе со студентами, креативно подходит к процессу обучения в ВУЗе. Анкетирование проведено среди преподавателей таких дисциплин, как: история Казахстана, философия, маркетинг, гидравлика, микробиология. Электорат состоял из преподавателей ведущих национальных вузов Казахстана: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахский национальный технический университет им. К. Сатпаева, Казахский национальный университет им. Абая. Педагогами было отмечено, что педагогическое мышление играет важную роль в процессе обучения и воспитания в

вузе, каждый педагог должен стремиться к развитию этой способности. Конечно же, как отмечают педагоги, развитость педагогического мышления зависит от личностных характеристик преподавателя, опыта работы, инновационных методов. Все опрошенные преподаватели в анкетах указывают, что используют дополнительные методы в своей деятельности: ситуационный метод, индивидуальные задания для студентов, интерактивное обучение, активные методы, лабораторные работы и т.п.

Также педагогическое мышление можно представить в виде генеалогического дерева, где корни дерева – это качества, которые свойственны педагогическому мышлению, такие как: самостоятельность суждений, оригинальность, систематичность, точность, глубина мышления, критичность к своей

работе, находчивость, сообразительность, изобретательность, интуиция, рассудительность. Ствол дерева является самым педагогическим мышлением, ветки дерева образуют технологии, методы и формы обучения, листья являются самообразованием самих студентов, и, конечно же, плоды дерева представляют полученные знания, навыки и умения.

Таким образом, педагогическое мышление играет очень важную роль в профессиональной деятельности преподавателей высшей школы, ведь оно является её составляющим компонентом. Педагогическое мышление представляет собой деятельность по осмыслению педагогических явлений. Это активный процесс отражения объективного мира в форме понятий, суждений и умозаключений.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Основные направления перестройки высшего и среднего специального образования в стране. – М., 1987. - 77 с.
- 2 Осипова Е. К. Формирование педагогической направленности мышления будущего учителя. – Могилев, 1985. - 163 с.
- 3 Кузьмина Н. В. Очерки психологии труда учителя. – Л., 1967. - 182 с.
- 4 Моделирование педагогических ситуаций / Под ред. Ю.Н.Кулюткина, Г.С.Суходобской. – М., 1981. - 120 с.
- 5 Цокур О. Педагогическое мышление как фактор повышения квалификации учителя / Актуалнипроблеми на квалификация на педагогические кадры. – Стара загора. - 1991. - С. 42-44.



ӘОЖ 378.146

Ж.А. Сейсенбаева

филология ғылымдарының кандидаты

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада заман талабына сай оқушыларға білім берудің басым бағыттарында дарындылықты айқындау, интеллектуалдық шығармашылығын дамытуға баса назар аударылған, білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту жолдары қарастырылған. Осы тұрғыда, білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін көтеру бағдарында білім беру үрдісін модернизациялауға жағдай жасайтын педагогикалық жағдайлар мен тәсілдерді теориялық негіздеу және олардың тиімділігін, әдістемелік алғышарттарын негіздеу қажеттілігі сөз болған.

Түйін сөздер: *білім, дамыту, әлеует, бағыт, оқушы.*

В этой статье написано о выявлении талантливости в основных направлениях обучения соответственнотребованиямвремени, онеобходимостиуделенияособоговниманияразвитию интеллектуального творчества, также рассмотрены пути развития интеллектуального потенциала обучающихся. Поэтому, является необходимым теоретически обосновать педагогические положения и пути, также эффективность и методологические предпосылки, которые создают условия для модернизации образовательного процесса, направленного на повышение интеллектуального потенциала обучающихся.

Ключевые слова: *образование, развитие, потенциал, направление, ученик.*

In this article is written about identification of talent in key areas of training according to the requirements of time, the need to pay special attention to the development of intellectual creativity, also discussed the development of the intellectual potential of the students. Therefore, is it necessary to justify theoretically the pedagogical situation and the way the effectiveness and methodological assumptions that create the conditions for the modernization of the educational process aimed at improving the intellectual potential of the students.

Keywords: *education, development, potential, direction, student.*

Бүгінгі таңда білім беру бағдарын қоғамның интеллектуалды болмысын дамыту негізіне бұруға көңіл бөлінуде. Бұл – заман қажеттілігінен туындаған қажеттілік. Ол үрдіс мектеп қабырғасынан жоғары оқу орнымен жалғасын табуы аса маңызды. Оқыту және тәрбиелеу процесінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық, дарындылық қабілетін арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда жаңа талап, жаңа заманға сай оқушыларға тәлім-тәрбие мен білім берудің басым

бағыттарында дарындылықты айқындау, ақыл-ой, интеллектуалдық шығармашылығын дамытуға баса назар аударылуда.

Бірыңғай білім беру кеңістігіндегі ғаламдық және аймақтық мәселелер шеңберінде қоғамды интеллектуалды бағытта дамыту бағдарында білім беру үдерісін модернизациялау қазіргі педагогика ғылымында басымдыққа ие. Оның қалыптасу тарихы ұзақ, бұрын білім берумен оқытуды жетілдіру, реформалау тұрғысынан зерттелді, отандық және шетелдік ғылым өкілдерінің назарын аударды. Біздің еліміздегі 50-80 жылдарда отандық білім беруді реформалауға, білім

берудің мазмұнын модернизациялауға, белсенді оқыту әдістерін енгізуге көптеген ұмтылыстар болғанын айтып кеткен жөн [1].

Отандық білім беруді білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін жетілдіру идеялары қазіргі кезеңде оны модернизациялау мәселесіне айналды. Оның аса маңызды білім беру стратегияларына мыналар жатады: жалпы кәсіби білім берудің сапасын арттыру, оның даму жағдайларын қамтамасыз ету, білім беру бағытына, бағалау, ынталандыру саясатының формасының заманауи келбетін қалыптастыру. Аталған мәселенің маңыздылығы еліміздің интеллектуалды болмысын қалыптастыру үшін тартымдылығын арттыру, отандық ғылымның инновациялық әлеуетінің дамуын қамтамасыз ету қажеттіліктерімен байланысты, мұның барлығы заманауи мамандарды әлемдік деңгейге сай білім деңгейі жоғары етіп даярлауды қажет етеді.

Ғылыми және әлеуметтік-экономикалық нәтиже ретінде жоғары оқу орны жағдайындағы білім беру үдерісін модернизациялау мәселелері теориялық-әдістемелік негіздеу және оның түсініктемелік қамтамасыз етілуі, бұған бірнеше өзара байланысты және жүйелік-әрекеттік және пәнаралық тәсілдердің пайдаланылуын қарастыратын түсініктер кіреді (сапа, стандарттау, тиімділік, оңтайландыру және интенсивтендіру). Заманауи білім беруді, оқыту теорияларын модернизациялау концепциясына негізделе отырып, аталған мәселенің технологиялық жүзеге асырылуы жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісін сапа жағынан жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Білім беру қоғамның интеллектуалдық, мәдени, рухани жағдайын қалыптастырады. Білім беру мазмұны мен бағытталуы тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдық даму кезеңінде сапалы өзгерді. Осы сапалы өзгерістер Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың есімімен байланысты, оның басшылығымен еліміз экономикалық дамыған және қарқынды дамып жатқан демократиялық мемлекетке айналды, халықаралық қауымдастықтың құрметті әріптесіне айналды [2].

Білім беру «Қазақстан - 2030» ұзақ мерзімдік даму Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі ретінде танылды. Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесін жаңа экономикалық-әлеуметтік ортаға бейімдеу болып табылады. Білім беру жүйесін жетілдіру, осы мақсатқа жетуде маңызды роль атқарады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, адам капиталына, соның ішінде, ерте балалық шақтан бастап, ересек жасқа дейінгі білім беруге салынған инвестициялар экономика мен қоғам үшін елеулі серпіліс береді.

Білім беру жүйесін модернизациялау қажеттілігі Қазақстанның күш-қуаты қандай да бір аймақтың немесе өнеркәсіп саласының (мысалы, мұнай) есебінен емес, бірінші кезекте, елдің интеллектуалдық әлеуетін сақтау, дамыту және ұтқырландыру есебінен артуы керек деген қорытындыға әкеледі. Өткен ғасырдың соңғы он жылында әлемдік дамудың мынадай үрдісі анық байқалды: кез келген елдің халықаралық еңбек бөлінісіндегі орны мен рөлі, әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, өзара байланысты факторларға, яғни мамандар даярлау сапасы және ғалымдар мен мамандардың интеллектуалдық әлеуетін жүзеге асуы мен көрінуіне мемлекет (немесе әлеуметтік-экономикалық жүйе) жасайтын жағдайларға тәуелді. Интеллектуалдық әлеуеттің жоғары сұранысқа ие болуы – оның ұтқырлануы мен өзектенуінің маңызды ынталандыруы.

Осы тұрғыда білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін көтеру бағдарында білім беру үрдісін модернизациялауға жағдай жасайтын педагогикалық жағдайлар мен тәсілдерді теориялық негіздеу және олардың тиімділігін әдістемелік алғышарттарын негіздеу қажеттілігі айқын.

Аталмыш мақсатқа қол жеткізуде отандық білім беруді жетілдіру идеяларына жаңашылдық бетбұрысқа бағытталуы тиіс. Қазіргі кезеңде оны модернизациялау мәселесіне зерделенуде. Маңызды білім беру стратегиялары яғни, жалпы кәсіби білім

берудің сапасын арттыру, оның даму жағдайларын қамтамасыз ету, заманауи білім берудің алғышарттарын қалыптастыру жолдары нақтылануда. Аталған мәселенің маңыздылығы еліміздің заманауи мамандарды әлемдік деңгейге сай білім деңгейі жоғары етіп даярлауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына мемлекеттік білім саясаты әр баланың және қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамытуды өзекті мәселелер қатарына енгізілген. Сондықтан, күнделікті толасыз тасқындаған ақпаратпен қарқынды өсіп отырған ғылымның әр саласындағы мағлұматтардың арасынан жеткілікті және қажетті мөлшердегі деректерді іріктеп алып, дарындылықты дамытуға арналған мейлінше үйлесімді білім мазмұнының нұсқасын қоғамымыз дамуының бүгінгі талаптарына сәйкес қайта құру маңызды міндет [3].

Білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытудағы білім беру үрдісін модернизациялаудың негізгі бағыттарын төмендегідей жіктеп көрсетуге болады:

I. Білім беру үрдісінің құрылымын оңтайландыру және ұйымдастырылуын жетілдіру:

1. Білім беру үдерісін модернизациялау мәселелерін зерттеудің теориялық-әдістемелік алғышарттарын меңгеру, мәліметтерді талдау барысында оның мәндік сипаттамаларын ашу.

2. Жүзеге асуы үшін қажетті және жеткілікті психологиялық-педагогикалық жағдайларын жасауға бағытталған білім беру үдерісін модернизациялау тетіктерін даярлау.

3. Білім беру үдерісін жетілдіруді қамтамасыз ететін педагогикалық жүйені, оны пайдалану бойынша оқытушыларға ұсыныстарды теориялық жетілдіру және әдістемелік бағдарын даярлау.

4. Оқу бағдарламаларын оқу материалда-

рын игеру сапасын бағалаудың критериалдық жүйесі мен диагностикалық аппаратын көрсету.

II. Білім алушылардың интеллектуалды тұлғасын дамытудың мазмұны мен нысандарын жетілдіру:

1. Жаңа білім беру парадигмасында, оқу үдерісінде оқу мақсаты үшін қажет профильдік емес түрлі пәндердің, соның ішінде шет тілдерінің жеткіліксіз қолданылуымен анықталған кәсіби даярлауға қойылатын талаптардың артуы.

2. Білім беруді бағалау траекториясының мазмұнды формасын ұсыну.

III. Білім берудің жаңаруын ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету:

1. Халықаралық талаптарды есепке ала отырып, білім беру дамуының мониторингін жетілдіру, соның ішінде, ұлттық білім беру құрылымын жасау.

2. Білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту бағдарында білім берудің ынталандыру жолдарын нақтылап, оқыту технологиясын ұсыну.

3. Патриоттық тәрбие беру және азаматтық белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік қалыптастыру бойынша шаралар кешенін және жастар интеллектуалды әлеуетінің ашылу тетіктерін жүзеге асыру.

4. Білім берудің деңгейлері мен сатыларының жалғаспалылығын қамтамасыз ету және оның практикалық бағытталуын күшейту.

Қорытындылай келе, білім беруді интеллектуалды қоғам дамуына бағыттау негізінде ұйымдастыру – оқушының өзінің дербес мүмкіндіктерін ескере отырып, белсенді іс-әрекет жасауына, оқушының тұлға ретінде үнемі дамуына, өзін-өзі тәрбиелеп дамытуына, жеке ерекшеліктерін ескеруге жағдай туғыза алуымен маңызды. Ол үшін білім беру бағытын жетілдіретін жаңашылдық мәселелер зерттеліп, білім бағдарламаларында көрініс табады деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Алматы, 2007. -72 б.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050»

иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді. Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу ақылы сау адамға қатты міндет» [1,7], – дей келе сөз соңында: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген шатақ дін мен жалғандық. Әйтпесе Жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар! Жанның екі өмірде де азығы: ұждан (совесть) деумен ешкім де еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті, бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі. Үш анық дегенім міне осы...» [1, 34] – деп түйіндейді.

Ақиқатында бар сауалдың жауабы Құран Кәрімде айқын берілгеніне көзіміз жетті. Қасиетті кітабымыз Құранда Алла Тағала: «Мен жындар мен адам баласын «тек қана (мені танып), маған ғибадат етсін», деп жараттым» («Зарият» сүресі, 56 аят), – делінеді. Осыдан келіп жаратылысымыздың мәні құлшылықтан мақсатымыздың да шығатыны, яғни Алла Тағаланың разылығы үшін өмірімізді құлшылықпен өткізуіміз қажет екені айқындалады. Құлшылық дегеніміз дінімізде аталатын бес парызбен шектелмейді. Ол – ауқымы кең дүние. Құлшылық – адам баласының Хақты танып, Оған мойынсұнып, Алла сүйетін, разы болатын істерді Оның разылығы үшін жария немесе жасырын орындауы.

Бұл турасында Абай хакім «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде:

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті

Қылғанменен татымды бермес жеміс [3, 304], – деп түйеді. «Осы жердегі «бастапқы үш» дегеніміз «имани гүл» ұғымына келіп саяды. М.Әуезов Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі мораль философиясына соғатын үш сүю (имани гүл) деп аталатын ақын танымының мағынасы терең өзекті желілеріне айрықша назар аударады. Абай айтқан үш сүю жайлы ой байламдарын анықтау арқылы ішкі нанымы, танымы

түгелге жуық ашылып, өз көрінісін бере алған деп қарайды. Себебі, осы өлеңдегі үш сүюде алға қойылған бастапқы пікір:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті» [3, 304], – деп жаратушы түп иесін жаралған пендесінің махаббатпен сүюі қажет дейтін бірінші сүюді көреміз

Екінші сүю – ақын шығармаларында желілі түрде таратылатын басты ой желісі «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» айдар тағып, ерекше бөліп көрсетуінде жатыр.

Үшінші сүю – «Және сүй хақ жолы деп әділетті» деп 38-сөзінде Алланың бойындағы 8 сипаттан құдірет пен ғылымды біріктіріп алатын ғақылға (ақылға) Абай нақылға, ғақлия дәлелдерге сүйене отырып ұсынатын ғәділетке (әділетке) ерекше мән беретін үшінші сүюді көреміз» [4, 104-105]. Аңдағанымыздай, Абай құлшылықтың шарты ретінде имани гүлді көрсетіп, ең алдымен адам жүрегінде осы үш сүю болу керектігін ұғындырады.

Бастапқы жолдарға назар салсақ, Абай «жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс», – деу арқылы құлшылыққа ықтияттылық пен үш сүюді толық қамтысаң жақсы бола-рынды меңзеп, салмақты «жақсы» сөзіне артады. Жақсылыққа жанымыз құмар болып, жақсы адам атануға қанша ұмтылғанымызбен, «жақсы» сөзінің мағынасын, жақсы адамның кім екендігін, оның сипатының қандай болмағын өзімізше саралап келеміз. Абай әр нәрсенің себебін іздейтін хакім болғандықтан, ақиқатты ақыл көзімен көруге тырысқандықтан да жоғарыда «жақсы» сөзінің астарын ұғынып айтты. Абайға көңіл бөлмес бұрын алдымен ғалым, ойшылдарымыздың жақсы адам жайлы ойларын қарастыруды жөн көріп отырмыз. Философия ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Ғабитов «Қазақ этикасының категориялары мен ұстындары» еңбегінде: «Жақсы адам – рухани бай адам», – деп, ойын Қ.Жарықбаев сөздерімен жалғастырады: «Осындай мұрат тұтатын адам туралы қазақтанушы Қ.Жарықбаев ойларын бы-

лай түйіндейді: «Ақылды адам өзіндік ойы, өзіндік мақсаты, өзіндік бағыты бар, кез келгеннің жетегіне еріп кетпейді. Салқынқандылық, тұрақтылық, мінезділік – адамға ауадай қажет. «Қайда жүрсең де өзінді тізгіндеп ұста», «Адам болу үшін ерлікпен қатар ақкөңілділік те керек», «Байсалдылық – ізгі қасиет». Адамның осындай жақсы қасиеттерін тізбектей келе, жұртты жаман мінез, жат қылықтан жирендіреді. («Сараңның жұрт түгілі өзіне де дәрмені жетпейді», «Топасқа қылығы да қырсық болып жабысады», «Ұятсыздан үйдей пәле шығады»). Адамға төмендегідей қылықтар, атап айтқанда – өтірік айтып, дандайсу, ішкілікке салыну, нәпсіге құмарту, іштарлық, күншілдік пен бас араздық, бұзық жолға түсу, босқа күйіп-пісіп, ашушаң болу, адамның өзін-өзі ұстай алмауы және тағы басқалары еш уақытта опа бермейді. Ақылды адам бұларды бойына дарытпау үшін ылғи қам жеп, сақ жүреді. Жақсы адам ылғи да жеке басымен қоса, отбасының да берекесін ойлап жүреді. Бақытты болу, асыл мұратқа жету жақсы қасиеттерсіз жүзеге аспайды» [5, 279-280], – дейді де, жақсы болмақтың басы етіп ақылды қояды.

Психология бойынша энциклопедиялық сөздікте: «Мұсылман халықтарында «адал, арам» ұғымдарына өте зор мән беріледі. Алғашқысы «жақсы адам» дегенді білдірсе, соңғысы «жаман, оңбаған адам» дегенді ұқтырады. Адал – ешкімнің ақысын жеп, ала жібін аттамай, өз еңбегімен дүние жинап, күн көріп жатқан, ғайбат сөйлемейтін, кісіге қиянат қылмайтын жан; арам – дүние-малы еңбексіз; ұрлық-қарлық, қулық-сұмдық, алдау-арбаудан жиналған, сонымен күн көріп жатқан екіжүзді, обал-сауаппен санаспайтын, жымысқы адам» [6, 15], – деп, жақсы адамды тікелей исламдағы адал ұғымымен байланыстырады. Сөйте келе адал адамды - жақсы адам, арамды - жымысқы адам деген тұжырым жасайды.

Ал Есім Ғарифолла «Жақсы адам кім?» деген сауалға Абайдың 38-сөзі арқылы жауап береді. Ол: «Адамның Хауас сәлим, яғни

жақсы адам атануы үшін алты шарт қажет, олар: жақсы тән саулығы, жақсы туыс, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаз. Міне, жақсы адам болу үшін қажетті шарттар. Бұл – жақсылықтың өлшемдері, ал енді Шәкәрім қойған сауал «Ең жақсы адам не қылған кісі?» дегенге келсек, оған жауапты тағы да Абайдың өзінен табамыз. Абай айтады, жоғарыда айтылған қасиеттері болған соң, оның «аты адам болады», яғни жақсы адам атанады, бірақ ол қандай істермен жақсы атанбақ, олар: «Алла Тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық...» Жақсы адамның алдында үнемі осындай үш мәселе болмақ, солардың нәтижесінде оның адамдығы айқындалмақ, яғни жақсы адам атанбақ», - деп, жақсы адам атануға ең алдымен таным, яғни ақылмен тану керектігін нұсқайды. Таным дегеніміздің өзі тікелей ғылымға негізделеді. Ғылым туралы ой айтқанда да Абай: «Ғылым — Алланың бір сипаты, ол — хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық хәм адамдық дүр» [7, 281], - деген. Асылында адамдағы рахымның орны жүрек болғанымен, жүрекке ақ-қараны ажыратпақ үшін ақылға жүгінбек қажет. Сондықтан адамшылық жолында жүрекпен біте қайнасқан нұрлы ақылдың болуы шарт. Ақыл Хақты танып, жүрекке мойынсұнуымен нұрлы аталады. Әбсаттар қажы Дербісәлі «Шәкәрім және ислам мәдениеті» мақаласында: «Ең жақсы адам - әрдайым бойындағы жаман қылықты көре білген, мойындай алған парасатты тұлға. Қате қылықтарымен үнемі күресіп, олардың орнын кемел қасиеттермен айырбастай білген адам. Өзі үшін емес, көбірек өзге үшін ғұмыр кешкен жан. Қысқасы, ең жақсы адам - әрбір ісінде Жаратқанның ризашылығына жетуді мақсат еткен, кемел адам хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызды үлгі тұтқан рухы биік, талабы озық пенде» [8, 5], - деген екен. Демек, жақсы адамның шартты түрде көздегені Алланың разылығы болып, пайғамбарымыз Мұхаммедті (с.ғ.с.) үлгі тұтқаны дұрыс. Автор өз танымында жақсы адамды рухы биік, талабы озық пенде деп

біледі де, оның өзегі мұсылманшылық екенін айтады. Ал Хакім Абай Алла Тағаланы тану жолында, Алла жолында жүрген адамды таза мұсылман, толық адам дейді. Оған дәлел Абайдың 38-сөзіндегі жолдар: «Құдай тағаланың жолы деген жол Алла Тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді» [9, 95]. Адамның діттегені Алланың разылығы болуы үшін адам баласына ең алдымен Жаратқанға деген махаббат, соқыр махаббат емес, яғни иманнан бастау алған махаббат керек. Шексізді шектеулі ақылмен толық тани алмағанымызбен, ақылдың жеткенінше тануға ұмтылсақ, жүрегімізде иман шуағына малынған Хаққа деген шынайы махаббаттың орын алары, адамзаттың сол махаббат арқылы Рабының разылығын көксейтіні – сөзсіз. Шәкәрім «Үш анығында»: «Руссо деген атақты поэт (ақын) айтқанмен, басында адам тәңірінің барлығына нанбаса да, толықтыққа жетеді деп ойлаушы едім. Аяғында онымның бекер ой екендігін білдім. Тәңірінің барлығына ақылымен әбден нанбай тұрып, адам толықтыққа жете алмайды деген зор философ Биранжие» [1, 14-15], - деп, ақылмен айтылған сөзді жан туралы пайымдауларына мысал еткен. Нақ осы сөз алдыңғы екі ойды қуаттап тұрғандай. Шындығында да адам баласының жақсы болмағы, толық болмағы Хақты сезген жүректің ақылға арқа сүйеп, Хақты тануға, хикметін сезуге ұмтылған ақылдың жүрекке мойынсұнуымен астасып жатады.

Жан Жаратушыдан келгендіктен Хаққа жақын, жақсылықты құмартады. Себебінің өзі себеп болған Жаратушыда жатыр. Алла Тағала өзі қандай шексіз көркем болса, жаратылыстардың асылы адамға да сол көркемдікті белгілі бір аяда берген. Бұл ой Нағима Байтенова, Айна Қабылова, Айша Ромашевалардың бірігіп жазған «Шығыс философиясындағы кемелденген адам мәселесінде»: «Ортағасырлық шығыс мұсылман философиясының ірі өкілдерінің бірі әл-Ғазалидің пікірі бойынша, Құранда айтыл-

ғандай, адам Алланың көшірмесі, оның көмескі бейнесі. Адам да Алла сияқты көреді, естиді... Абайдың «Қара сөздерінің» 38-сөзінде де осы жайлы айтылады: «... Алла Тағалаға ұқсай алам ба деп, надандық бір ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ - дәл бірдейлік дағуасы бір емес, соның соңында болмақ. Оның үшін Алла Тағаланың сипаттары: «Хаят (тіршілік), Ғылым, Құдірет (күш), Басар (көру), Сәміг (есту), Ирада (тілеу, қалау), Кәләм (сөздер), Тәкин (болу)» [10, 169],- дегенінде дұрыс ой жатыр. Адам жаны осынау көркемдікті, игі қасиеттерді сақтап қалу үшін де өмір бойы күресумен өтеді. Бастауын әл-Фарабидің «парасатты адамынан» алған Жәуанмәрттілік, Хәл ілімдерінің жалғасы болған Абайдың «Толық адам» ілімінің де көксегені – адамгершілік.

«Абай шығармаларында жиі ұшырасатын: «адам болу», «жарым адам», «толық адам», «адамшылық», «адамдық», «адамның адамдығы», «адамшылығының кәмалат таппағы», «бенделіктің кәмалаты», «толық инсаният» т.б. терминдік терең мәні бар сөздер мен күрделі ұғымдардың бәрі де өзінің арнасы жағынан шығыс пен батыс ойшылдарының еңбектерінде көп сөз болған «камили инсани» мәселесімен іліктес жатқан дүниелер.... Ұлы ақын жас ұрпақтың адам болу талабының тұңғыш қадамы неден басталу керек деген сұраққа: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - деп жауап береді... Баланың адам болуға ұмтылған алғашқы адымының негізін бұзатын, яғни, қазақ болмысында оның адамдық қасиетінің толық қалыптасуына зардабын тигізетін нәрсе – бала өскен әлеуметтік орта. Бала соның әсерінен қиянатшыл болады деп қараған.

Осы себептерді еске алатындықтан да: «... қиянатшыл балалар талапқа да, ғылымға да, ұстазға да... қиянатпен болады. Бұл қиянатшылдар – жарым адам... Олардың адамшылығының кәмеләт таппағы қиынның қиыны» болып, тәлім-тәрбиенің ырқына көнбей шырық бұза береді....

Бірақ Абай шығармаларын зерлей ой-

ланып оқымаған кісі ақынның адам болу туралы ойларында кездесетін бенделіктің кәмалаттығы мен инсанияттың кәмалаттығы деген ұғымдардың мәніне, табиғатына жіті, ажырата қарамаудан, оларды бір мағынада танып қалуы мүмкін. Мұнда қолданылып отырған «бенде» немесе «пенде» сөзі діни ұғымдағы «құдайдың құлы» деген ұғымда алынса, «инсан» сөзі өмірдің гүлі – адам деген гуманистік мәнде беріледі де, жалпы шығыс классиктерінде көп сөз болған камили инсани туралы таныммен сабақтас алынған бұл ұғым Абайда негізінен толық адам деген атпен таратылып отырады...

Абайдың өзі толық адам туралы ойларының негізін осы жәуан мәрттілікпен ұштастыра қарайтындықтан: «Белгілі жәуан мәрттілік үшхаслатбірланболардеген: сиддиқ, кәрәм, ғақыл. Бұл үшідан сиддиқ-ғадалат болар. Кәрам шафағат болар, ғақын-мағлұм дур ғылымның бір аты екендігі... Сенде бұл ғылым, рахым, ғадалат үш сипатпен сипаттанбақ; ижтиһадің шарт еттің, ... толық инсаниятың бар болады», - деген пікірін ашық айтады. Адам болудың бұл үш сипаты: ғылым (ақыл), рахым (шафағат), әділет (ғадалат) тәрізді қасиеттерді жас ұрпақтың бойына толық дамытқанда ғана оның аты – Абай сөзімен айтсақ толық инсанияты бар немесе камили инсани бола алмақ» [11, 11-14], - деп Мекемтас Мырзахметов Абайдағы «адам» ұғымына байланысты терең мәнді ұғымдардың ара-жігін ашып береді.

Жоғарыда аталған Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңіндегі жолдар Құран Кәрімдегі: «Күдіксіз сондай иман келтіріп, түзу іс істегендер; міне солар, жаратылғандардың жақсысы» («Бәййіна» сүресі, 7 аят), - деген аятынан нәр алып, Алланың осы бір сөзін түсіндіріп тұрғандай. Абай: «Жақсы болсаң жақсы тұт бәрін тегіс», - дейді де, артынан «Бастапқы үшін бекітпей соңғы төртті, Қылғанменен татымды бермес жеміс», - деп, адам әуелі имани гүлмен жүрегін нұрландырса ғана ғибадаттарының толық, жемісті болатынын дәл айтады. «Қасиетті Құран Кәрімнің көптеген аяттарында «иман келтіріп,

ізгі амал жасағандар» деп ретімен айтылса, хадис шәріптердің бірінде Исламның бес негізден құралатынын, олардың көш басында Аллаға және пайғамбарға иман ету тұратыны айтылған. Байқап қарасақ, аятта да, хадисте де алдымен иман, содан соң өзге жақсы істер аталған» [12, 29]. Абайда айтылған «істің басы – ретін танымақтық» та осыны қуаттайды. Меніңше, Абайдағы толық адам ұғымынан жоғарыдағы «жақсы» дегені алыс жатқан дүние емес.

Абай «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде:

«Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», - деп толық адамға тән үш шартты атап көрсетеді. Адам дүниеге келгенінде толық болып келмейді, тек толықтыққа жетелейтін қасиеттермен келеді де, толық болмағы шафағат етпек жүректің, ақ-қараны ажырататын ақылдың, нәпсіңе бой алдырмай, ізгі амалдар жасататын қайраттың тұтасып, кемелденуімен болады. Оған дәлел Абайдың 38-сөзінде: «Белгілі жәуанмәрттілік үш хаслат бірлән болар деген, сиддиқ, кәрәм, ғақыл – бұл үшеуінен сиддиқ ғадаләт болар, кәрәм шафағат болар. Ғақыл мағалұм дүр, ғылымның бір аты екендігі. Бұлар әр адамның бойында Алла табарака уатағала тәхмин бар кылып жаратқан. Бірақ оған рәуаж беріп гүлдендірмек, бәлки, адам өз халінше кәмәлатқа жеткізбек жәһәтінде болмақ. Бұлар – өз иждиһадің бірлән ниет халис бірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер, болмаса жоқ» [9, 86], - деп ой түюі. Абай шығармаларының көбінде осы үшеуінің тұтасуынан болатын толық адамның шартты негізі кездеседі.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеңіз, – деген жолдардан да жоғарыдағы ұғымдарды аңғарамыз. Қайраттан шығатын талап пен еңбек, ақыл жемісі терең ой, жүректің асылы рахым мен қанағат барлығын тұтастырып, толық адамды құрайтын қасиеттерді санамалап, шартты түрде толықтыққа жетудің негізі етуі бекер емес. Адам бойындағы барлық жақсы, игі қасиеттер Абай атаған ақыл, қайрат, жүрек-

тен қайнар алады. Абайдағы бұл ой келесі өлеңде анық танылады:

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жол да жоқ жарыместі жақсы демек [3, 128]. Мұндағы ойды дәл байқай білген ғалым Мекемтас Мырзахметов: «... адам бойындағы ақыл, қайрат, жүрек жөніндегі күрделі ұғымға алғаш рет ерекше назар аударып, ой толғай бастайды. Осы күрделі ұғымның философиялық мән-мағынасынан өз өмірінің соңғы шағына дейін қол үзбей, оған негізінен гуманистік астар бере отырып, әсіресе, ондағы жүрек мәселесіне Абайдың өзі үш сүю немесе имани гүл деп атаған танымының негізінде өзіндік ой байламдарын жан-жақты таратып беруге ұмтылған ақынның белсенді әрекетін көреміз» [11, 21], - деп баға береді де: «Абай өзінің дүние танымында ақыл, қайрат, жүректің бірлігіне аса зор мән бере қарауы себепті де:

«Біреуінің күні жоқ біреуінсіз

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек» [3, 128], - деп, аталмыш ұғымдардың қоғамдық санадағы алатын орны мен мағынасын білуде ғылымға жүгініп, оған сілтеме жасауында да зор мән бар» [11, 21], - деген пікірімен терең ой тастайды. Адамды толықтыратын аталмыш үш қасиет болғанмен де, ғылымның сол үшеуінің жөнін білетіндігін Абай тегіннен-тегін жазбаған. Адамға хикметті сезіну үшін ғылымға бой ұруы керек.

«Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі.
Наданның көңілін басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,

Ойында бір-ақ шаруасы» [3, 165], - деген жолдардан-ақ адамды надан ететін нұрсыздықтың салдары ақылдың рахымнан алыс

болуынан, жүректің әміріне ақылдың құлақ аспауынан туады. Жүрек көзінің ашылуы Хақ сәулесінің түсуімен, жүректің Түп Иені сезуінен болса, Абайдағы «нұрлы ақылдың» мағынасы тікелей «...ыстық жүректің ырқымен жүретін, тек қана рахым-шафағаттың дегенін іске асыратын гуманистік жолдағы ізгілікті ақыл...» [11, 23], - дегенге келіп саяды. Олай болса, ақылдың нұрланбағы да ең алдымен жан мекені жүректен екен.

«Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі хаққа қол емес...
Ақылмен хауас барлығын

Білмейдүр, жүрек сезедүр...» [3, 268] - деген жолдардан-ақ жүрек деген жұмыр еттің Иесін сезетінін, Хаққа жақын ететін ынталы ғашық жүрек пен шын ниет екендігін аңғарамыз. Осыдан-ақ, жүректің адамдағы бас мүше екендігі, онда Хақ сәулесі болғандықтан рахымның да орын алатындығы, оның әмірі ақылға да жүретіндігі белгілі. Олай болса, толық адамға жету жолында жүректің басымдырақ танытатыны «сен де сүй ол Алланы жаннан тәттімен» тұтасып жатады.

Абайдың баласы Әбдірахманға арнаған өлеңдерінде Әбдірахман бейнесімен қатар толық адам бейнесі де сомдалады.

«Тұла бойың ұят-ар едің
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,

Талаппен терең бойлаған» [3, 229], - деген жолдардан жүрек, ақыл, қайраттан бастау алған қасиеттердің Әбдірахман бойында тұтасқаны сипатталады. Осы үшеуден шыққан қасиеттер:

«Сабыр мен талап беріпті,
Ақылың, рахымың қиынды» [3, 241].
«Жүрегі – жылы, бойы – құрыш,
Туысы жаннан бөлекті.
Аямаған ғаріптен
Қолдан келген көмекті.
Кісіге сідет жүктетпей,
Еңбекпен тапқан қоректі.
Біреудің қылған қарызын

Айтқызбай артық төлепті.
Боямасыз ақ көңіл,
Кірлетпей кетті жүректі» [3, 228].
«Орынсызды айтпаған,
Түзу жолдан қайтпаған.
Жақсылық қылар орында,

Аянып бойын тартпаған» [3, 234], - деген жолдардан да ұшырасып, адамзаттың болмысы – адамдықпен астасып жатады. Адам бойындағы асыл қасиеттер ғана емес, енді осы қасиеттердің тұтастығынан өзінен-өзі келіп туындайтын игі істер, ғибадаттар да Әбдірахмандағы адамдыққа меңзейді. Ақынның «мұндай асыл тумайды» [3, 237], - дегені алдыңғы ойдың айғағы. Бұл жоқтау Абайдың бекзат баласын ғана жоқтауы емес, кез-келгенде кездесе бермейтін адами құндылықты, толық адамдықты жоқтауы.

Абайдағы жақсы адам – анығында толық адам. Жоғарыда ой өрбітуге сеп болған «жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс» деген жолдардағы ой Абайдың Әбдірахман өліміне байланысты жазған өлеңдеріндегі Әбдірахман болмысынан байқалады. Иман толықтығын бұзатын «дүниеге дос», «дүниеге ынтық» ұғымдары да ер Әбіштің «өлмейтін атақ қалдырып, дүниеге көңіл бөлмепті» сипатымен қарама-қайшылықта.

Жалалауддин Дауани «Ахлақи жалалийа» еңбегінде: «Адамның жаратылысында мақсат бар. Тіпті, оның әрбір ағзасының, күш-қуаттарының мақсаты бар. Алланың адам ағзасы мен қуаттары үшін қойған бұл мақсаттардың түпкілікті нәтижесі, яғни мақсаттардың мақсаты «шынайы кесмелдікке» жеткізу. Бұл кемелдік Алланың халифасы (сирр-ул-хилафат-илахийа). Адамның бар болуының (ижад) мақсаты жер бетінде Алланың халифасы болу және оған құлшылық ету (убудийат). Құлшылықта кемелдікке жету – адамның қуаттарын, қолынан келгенше Алланының сипаттарына ұқсауға тырысу үшін қолдану арқылы мүмкін болады. Осылай болғанда, шын мәнінде «құл» және «Алланың халифасы» болады. Алланың сипаттарымен байланыс құрылса, одан кемелдікке жетеді,

халифа болады. Алланың ахлақымен (мінезі-сипаты) сипатталу халифа, кемел адам болу деген сөз» [13, 132-133], - деп, кемелдікті құлшылыққа алып келеді. Абайдағы:

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті

Қылғанменен татымды бермес жеміс [3, 304], - деген жолдардағы «жақсы» ұғымы да осы құлшылықтағы кемелдікке жетуге жақын. Бастапқы үш болған имани гүл мен ғибадаттарды атқармаққа толық адам болу керек. Құлшылықтардың негізі имани гүл, яғни Алланы сүю, адамзатты сүю, әділетті сүю үшін рахым-шафағаттың, ақыл, танымның, қайраттың тұтастығы керек. Жүректе нұр болса ақыл оны танымаққа ұмтылады да, қайрат таныған ақиқатын мойындауға итермелейді. Осы турасында Абайдың: «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады», - деген терең ойлы сөзі дәл айтылған. Егер адам кемелдікке, толықтыққа жетсе «...жақсы тұт бәрін тегіске» қол жеткізеді. Адамның болмысы әу бастан құл болғандықтан жақсы болу, толық болу құлшылықтағы кемелдікпен сабақтас. Ақиқатқа жүрек көзімен қарасақ қана толық бола аламыз. Осыдан шығатыны, ақынның «жақсы болсаң» дегені толық адам ұғымымен өзектес, мәндес жатады. Абайдағы «жақсы» ұғымын «толық адамынан» бөліп ала алмаймыз.

Өмірінің соңғы жылдарында жазылып, хакімнің Хақты тану жолындағы ойларын қорыта айтқан «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде:

«Распенен таласпа мүмин болсаң,

Ойла, айттым, адамдық атын жойма!» [3, 305] - деп қорытынды жасап, шығармадағы бүкіл ойдың түйінін «адамдық» деп беруінің өзі – хақиқатты түсінген, расты қабыл еткен хакім айтарлық ой. Олай болса, «адамдық» дегеніміз – Хақтың жердегі халифасы «кіші әлемнің», яғни адамның болмысы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, «Ғақлия» ғылыми-әдеби орталығы, 1991.
- 2 Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. /Аударған Халифа Алтай. – Мәдина, Сауд Арабия, 1991.
- 3 Құнанбаев А. (Ибраһим) Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. – Алматы: Ғылым, 1977.
- 4 Мырзахметұлы М. Абайтану: оқу құралы. – Алматы: [Asia Book Trade Company], 2010.
- 5 Қазақ халқының философиялық мұрасы // Қазақ этикасы және эстетикасы: жиырма томдық. 12-том. – Астана: Аударма, 2007.
- 6 Психология: Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
- 7 Есім Ғ. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012.
- 8 Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 6-том. – Алматы: Раритет, 2008.
- 9 Құнанбаев А. Қара сөздері. – Алматы: Өнер, 2006.
- 10 Философиялық антропология. Мәдениет философиясы. Дін философиясы: жиырма томдық. 19-том. – Астана: Аударма, 2006.
- 11 Мырзахметұлы М. Абайдың адамгершілік мұраттары: Ұлы ақынның 150 жылдығына. – Алматы: Рауан, 1993.
- 12 Ноғаев А. Даналық ойдан дән ізде. – Алматы: Көкжиек, 2013.
- 13 Қазақ халқының философиялық мұрасы // Ислам философиясы: жиырма томдық. 4-том. – Астана: Аударма, 2005.



Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы атақ, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады

Абай.

ӘОЖ 372.4

А.Е. Садықова

ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары

Н.Б. Маханова

ҚазҰПУ Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ expertі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА БІЛІМ БЕРУДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕШУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Мақалада бастауыш сынып оқушыларына білім берудің, ұйымдастырудың тиімді әдістері туралы қарастырылған. Оңтайландыру мақсатында мақалада партаға отырғызу тәртібінде, бағалау жүйесінде, мадақтау мен сабақ оқыту барысында ұтымды әдістер ұсынылған. Орындаландыру әдістердің маңыздылығы мен оның мәні, оның жасалу жолдары, мысалдар берілген. Бастауыш мектепте сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі әдістерінің кемшіліктері, оның балалардың эмоционалды психикасына әсері түсіндірілген.

Түйін сөздер: *бастауыш сынып, оқушы, ынталандыру әдістері, мақтау, бағалау, ойын әдістері.*

В статье рассматриваются эффективные методы организации учащихся в начальной школе. Предложены эффективные методы расположения учеников, системы оценивания, поощрения и обучения в ходе урока. Показаны значимость, суть, пути осуществления и примеры по каждому методу стимулирования. Выявлены отрицательные моменты традиционных методов организации урока в начальной школе и их влияния на эмоциональную психику детей.

Ключевые слова: *начальный класс, учащийся, методы поощрения, восхваление, оценивать, игровые методы.*

Article discusses about effective methods of organizing students in elementary school. An effective method for the location of students, assessment system, and the promotion of learning in the lesson. Showing the importance of the essence, the implementation and examples for each method of stimulation. Identified negative aspects of traditional methods of organizing lessons in primary school and their influence on the emotional psyche of children.

Keywords: *primary school pupil, methods of encouragement, praise, evaluate, playing methods.*

21 ғасырда білім беру түбегейлі өзгерген. Күннен күнге әлем қарыштап дамыған сайын, қоғамда білім алушылардың ой-түйсігінің қабылдауы, білімге деген қызығушылығы, танымдық көзқарасы өзгере түсуде. Сондықтан, білім алушыларды оқуға қызықтыру, назарын аудару, ынталандыру, шығармашылық қасиетін дамыту білім беру ісінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осылардың барлығын іске асыру бастауыш мектептен басталады. Бастауыш сынып оқушысының тұлғасы мен санасын қалып-

тастыру – дамытудың негізгі кезеңі ретінде ерекшеленеді. Жоғары сыныпқа көшкен кезде бала еркін ойлап, қоршаған ортамен белсенді байланыс жасай білуі керек, алдында тұрған міндеттерді толығымен шешу дағдыларын игере алуы қажет. Мұның өзі бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде жаңа ынталандыру әдістерін пайдалануды меңзейді. Ал оқытуды жаңашылдық тұрғыдан ұйымдастыру өз кезегінде оқушылардың жас ерекшелігін, танымдық қызығушылығын ескеріп, анықтап, талдау арқылы дайындайды. Жалпы бастауыш сынып оқушылары

кімдер? Олардың танымдық қызығушылығы қандай? Ой қабылдау деңгейі қаншалықты? деген сұрақтарға сипаттама беретін болсақ, біріншіден бастауыш мектеп оқушылары кешегі балабақшадан келген ойын балалары, екіншіден олар ойынға, мультфильмдерге және т.б. істерге қызығады, оқуға назары тұрақсыз болып келеді. Сол себепті, бастауыш сынып оқушыларға ынталандыру әдістерін қолданған тиімді. Бастауыш мектепке қолданатын ынталандыру әдістерінің түрлері интеллектуалды, сергіту, эмоционалды, ойын болып бөлінеді. Бұл ынталандыру әдістері сабақтың бүкіл процесінде қолданылуы керек. Атап айтқанда, партаға отырғызу тәртібінде, бағалау жүйесінде, мадақтау түрлері және сабақты оқыту барысында ескеруі тиіс. Енді, сабақты меңгерту барысында қолданылатын ынталандыру әдістеріне тоқталайық. Ынталандыру әдістерінің бірі – ойын. Төменгі сынып оқушыларын дамуындағы ойынның әсерін ерте заманның өзінде-ақ атақты ғұлама ойшылдар, педагог, психолог ғалымдар көріп, байқап оны іске асыру жолдарын ұсынған. Ертедегі ұлы ойшылдар Я.Коменский, Ж.Руссо, Дж.Локк, И.Песталоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген [1, 2, 3, 4]. Дж.Локк балалардың еркіндікке, бостандыққа, ынталы келетіндігімен санасуды талап етті. Бұл мәселеде ол кейін Ж.Руссо дамытқан еркіндік тәрбие ұғымының негізін сала бастады. Оқытудың әдістері мен құралдары жөнінде мәселелерді қарастырған. Дж.Локк та, Ж.Руссо да ең бірінші орынға баланың дамуын, білім алып тәрбиеленуін ойын арқылы жүзеге асырылуын қойған.

Ал, қазіргі кезде ойын мәселесі бірқатар ауқымды зерттеулерде қомақты орын алып, оның баланы дамытудағы мәні анықталды. Зерттеушілер ойын арқылы оқу міндеттерін тиімді шешуге болатынын дәлелдеді. Ойынның теориясы мен маңыздылығы туралы К.Д.Ушинский мен П.Ф.Лесгафт, тәрбиеде және оқыту барысында ойынның алатын орны туралы В.А.Сухомлинский, С.П.Шацкий және Н.К.Крупская өз пікірін білдірген. К.Ушинский: «Сабаққа ойын эле-

менттерін енгізу оқушылардың білім алу үрдісін жеңілдетеді. Ойынды балалардың өз бетімен ерікті атқаратын іс-әрекеті, ойын арқылы адамның жан дүниесінің барлық қырлары, жүректілігі, ерік-жігері қалыптасады», - деген ой айтады [5]. Ал, Фрейдтің тұжырымы бойынша, бала үшін ойын ешкім үйрете алмайтын нәрсеге үйрету әдісі болып табылады. Бұл шын өмірдегі; кеңістік пен уақыттағы; заттардағы, жануар құрылымындағы және адамдардағы зерттеу және ориентациялау әдісі [6].

Ойынның, әсіресе, бастауыш сынып оқушылардың психологиясына тигізетін әсері көп, ойын кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады, ойынның сан алуандылығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды.

Осы қағиданы ескере келе, төменгі сынып оқушыларының білімге қызығушылығын ояту, ынталандыру үшін төмендегідей әдісті ұсынамыз.

1. «Фантастикалық елестету» әдісі. Балалар білетін ертегінің кейіпкерлері туралы әңгіме қылып, «қандай кейіпкер болғың келеді?» деп сұрай отырып, кейіпкердің рөлін елестету арқылы сабаққа деген ынтасын арттыру. Өздері күнделікті көретін мультфильмдері туралы сұрақтар қою негізінде, еркін сөйлеу қабілетін ашуға ынталандыра аламыз. Бастауыш сынып балалары мультфильмді тамашалатып, өзінің балалық шағындағы ойынмен әлі қоштаспағандығын сездіре отырып, мектепке барып сабақ оқу ойын сияқты қызықты өтетініне сендіру. Бұны сезінген төменгі сынып оқушысы мектепке асыға келуге, сабаққа деген ынтасын оянып, өміріндегі бұндай өзгерістен қиындықсыз өтеді.

2. «Таң қалдыру» әдісі. Табиғатта, күнделікті өмірде кездесетін жәйттарды сабақ басталмастан бұрын 5-10 минут аралығында айтып, бастауыш сынып оқушыларын таң қалдыру арқылы сабақ тыңдауға назарын аудара білу. Мысалы: таң қалдыратын жағдайлардың бірі ретінде – Ресейдің Санкт-

Петербор қаласында жаз айының бірінде 1 ай бойы түн батпай, күндіз болып тұратындығы, керсінше Арктикада полярлық ұзақ түндер болып тұратындығы. Бұл жаратылыстың кереметтілігін, табиғатта осындай жағдайлар бар екенін түсіндіріледі. Бұл баланың ойлауына, сұрақтар қоюына, пікір алмасуына жағдай жасалады.

3. «Ойын» әдісі. Оқушыны ынталандырудың ең әсерлі жолдарының бірі – ойын болып табылады. Дидактикалық ынталандыру ойынның *жеке және топтық* болып екіге бөлінеді. Алған білімдерін пысықтау үшін «Қонаққа барамын» деп аталатын ойынды мысалға келтіруге болады. Ойынның шарты бойынша, екі түсті карточка беріледі. Балалар өздері таңдап алады. Қызыл карточка қонақты, сары карточка үй иесін білдіреді. Сарыны таңдаған үй иесі сұрақтар жазылған жазылған карточкадан қонақ болған оқушылардан сұрап, баға қояды. Қонақтар жауап бермеген тұстарын, үй иесі толықтырады. Оқушылар мұғалімнің қатысуынсыз еркін ойлауға, баға туралы қорқынышын ұмыттыру арқылы, сабаққа ынтасын аудара аламыз. Ынталандыру ойындардың басқа түрлерінде мұғалімнің қатыспауы, балалардың өзара еркін ойнауына жағдай жасап, сабаққа деген ықыласын арттырудың алғашқы шарттары болып табылады.

4. «Ертегі желісімен жаттату» әдісі. 2-сынып оқушыларына 1-100 аралығындағы екі таңбалы сандарды жаттауды үйрету жолдарының бірі ертегілердің кейіпкерлері арқылы, белгілі бір ертегі желісімен іске асыруға болады. Мысалы, Қожанасырдың әңгімесі негізінде құрастыратын болсақ, баяғыда Қожанасыр базарға қой сатып алуға сапар шегеді. Үйден шыққанда қалтасында жұп санына жататын 12 теңгесі болыпты. Бірақ 12 теңгесіне қой жетпейтінін біліп, сатушымен саудаласуға кіріседі. 25 теңге тұратын қойды біртіндеп бағасын түсіреді. Балаларға әңгімемен қызықтыра отырып, қойдың құны 25 теңге қандай санға жатады, Қожанасырға қандай бағаға келісу керек деп сұрау арқылы сандарды жаттауға ынтасын

арттыруға болады. Және осы секілді түрлі мультфильмдер, ертегі, әңгіме желісі бойынша құрастыруға болады. Сандардың қасына белгілі санның басталатын бірінші әрпін қою, өсу және төмендеу диаграммалар бойынша сандарды ретімен қою әдістері қатар қолданылады. Бұл тәсіл оқушыларды әңгіме арқылы ойын алдандырып, санды жаттату.

5. «Мәселелі тапсырма» әдісі. Белгілі бір тақырып өткен сайын балалардан «Не үшін? Не істеуге болды? Мәселені қалай шеше аламыз?» секілді сұрақтарды қойып, балаларды ойландыру қабілетін дамытып, сабаққа тұрақты назарын аударуға септігін тигізеді. Мысалы, «Үйде не үшін өрт болады? Оны қалай болғызбауға болады?» деген сұрақтар қойылады. Мәселелі сұрақтар баланы ойлануға, тәжірибе жүзінде мәселені шешуге дағдыландырады.

Ал, бастауыш сынып оқушыларын бағалау мен мадақтау әдісіне келетін болсақ, мадақтаудың, баға қоюдың жаңа әдісін ұсынамыз. Дәстүрлі баға қою әдісі, яғни сандық бағалау балалардың қай жағынан әлсіз екенін, нені жөндеу керектігін жіті түсінік бермейді. Дәл сол сияқты мақтауда да бірнеше оқушыны сабаққа жақсы үлгерімі үшін мадақтау, қалған оқушылардың оқуға талпынысы ескерілмей, оқығанын жоққа шығарумен бірдей болады. Жалпы мадақтау ісі қарапайымды бола тұра, өте жауапкерлі де іс. Мадақ шектен тыс әсіреге айналып кетпей, орынсыз кем де болмауы керек. Санамен сарапталмаған әсіре мадақ баланы бұзады. Осыдан мадақтаудың психологиялық қырлары мен оның салдарын ескерген жөн:

1. Мадақ-марапат сырттай көзге түсіп, әйгілену ниетімен емес, мақтаушы мұғалім мен марапатталушы оқушының, яғни екі тараптың бірдей жан дүниелік қалауы мен қабылдауынан болуы шарт.

2. Мадақтау арқылы тәрбиеленушіні басқа балаларға қарсы қойып алмауды да ойластырған жөн. Сондықтан, тек табысқа жеткен оқушыны ғана мақтап шектелместен, шын ықыласымен еңбектенген, өз ісіне адалдық танытатындардың бәріне де жылы лебіз, мадақ сөзді аянбаған жөн [7,8].

Сондықтан, мұғалім оқушыны белгілі бір қасиеті, шеберлігі үшін мақтау керек. Мысалы, оқушыны «Сен өте зерек, байқағышсың, сурет салуға қабілеттісің, тез ұғып аласың» деген сияқты бағалау түріндегі мақтау сөздерімен білдіруге болады. Ал, бағаны қабылдауы эмоционалды психикасына әсер етіп, сабаққа деген ынтасын, өзіне деген сенімін жоғалтады. Оны болдырмау үшін түсінікті түрде сандық емес, сөздік түрінде қолдану керек. Мәселен, ана тілі оқылымын бағалауда, оқушыға қалай оқығанына қарай «дұрыстығы, анық оқылымы, қатесіздігі, дұрыс екпіні, дұрыс интонация, толық түсінігі» үшін баға бере аламыз. Сөйтіп, әр оқушы не-ні түсініп, қалай оқитынын, келесіде қандай қателіктерді ескеру керектігін ұғынып, өзінің оқуын жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқушылар өздерін өздері бағалай алатын және өздерін оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсінуіне түрткі болады.

Бастауыш мектепте оқушылардың білім алуына отыратын орны да, сабаққа қызығушылығына әсер етеді. Парталарда отырғызудың дәстүрлі әдісі, балалардың деңгейі бойынша бөлінгендігін, физикалық жағдайына (бойы аласа), болмаса сабаққа үлгерімі нашар немесе жақсы болғандықтан, мұғалім отырғызды деген түсінік және оқушыларды түрлі деңгейге

бөлінгенін көрсетеді. Сонымен қатар, бала тек парталасымен араласып, тұйық болуына әсер етеді. Сондықтан да, балаларды топ-топ бойынша, дөңгелете, бетпе-бет бір-біріне қарама қарсы отырғызу тиімді. Біріншіден, бала көпшілікпен қарым-қатынасты үйренеді, екіншіден сыныпта оқушылар барлығы тең, толерантты екенін ұғынады, үшіншіден топпен біріге жұмыс істеуді, дос болуға үйретеді.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың оқыту процесінде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда оқытудың ынталандыру технологияларын сабақтың мақсаты мен мазмұнына сай мысалдар пайдаланып, осы технологиялардың негізінде оқушылардың даму деңгейіне сәйкес тапсырмалар жүйесін ұсыну тиімді болады. Оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту болашақта білімді өз бетінше жинай алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және оқушылардың жалпы ынтасын арттырады.

Қызығу балалардың жақсы оқуына, оқығанын жақсылап ұғып алуына ықпалы зор. Егер, балада қызығу болмаса, ол оқу пәндеріне, тәрбие жұмыстарына ешбір қызықпаса, оқудың да, тәрбиенің де жемісі болмас еді. Сол себепті, заманына қарай білім беру, сабақты ынталандыру әдістері бойынша ұйымдастыра білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шабаетова М.Ф. «Педагогическая теория Д. Локка». Век Просвещения. – М., – Париж, 1970
- 2 Занин С.В. Общественный идеал Жан-Жака Руссо и французское Просвещение XVIII века. – СПб.: Мир, 2007. - 535 с.
- 3 Коменский Ян Амос: Учитель учителей («Материнская школа», «Великая дидактика» и др. произв. с сокращ.). – М.: Карапуз, 2009, 288 с. ISBN 978-5-8403-1480-7
- 4 История педагогики и образования. От зарождения воспитания в первобытном обществе до конца XX в.: Учебное пособие для педагогических учебных заведений под ред. А.И.Пискунова. – М., 2001.
- 5 Серова А.К. Д.Ушинский о роли русского языка в воспитании человека // Электронный журнал «Знание. Понимание. Умение». – 2009. – № 2 - Педагогика. Психология.
- 6 Джонс, Эрнест. Жизнь и творения Зигмунда Фрейда / пер. с англ. В. Старовойтова. — М.: - Гуманитарий АГИ, 1996. - 448 с. - ISBN 5-89221-006-5.
- 7 Жұмабаев М. Педагогика – Алматы, 1992.
- 8 Төлеубекова Р.К. «Адамгершілік тәрбиесінің негіздері» – Алматы, 1998.

11 <http://sclsadovoe.org.ru>

Қоғам. Қоғам өзгермелі құбылыс. Ақпараттың ғарыштап дамыған заманында адамзат баласының қол жеткізген жетістігі санаға сыйымды, ақылға қонымды, мақтау мен мадақтауға лайық. Бірақ, осыншама жетістіктің барлығы дерлік, ілім мен білімнің арқасында екендігі өзекті біткенге аян. Осы бір ақиқатты тәжірбиеде іске асыру үшін, ертеңі жарқын, егеменді еліміздің білім беру саласын жетілдіре түсу керек.

Рас, қазіргі кезеңде Қазақстанның білім беру жүйесінде ұлттық сипат қалыптасуда. Білім берудің мазмұндық және процесуальдық аспектілерінің саралануы, оқу процесінің жаңа технологиялармен қамтамасыз етілуімен тікелей байланысты. Жоғары білім берудің жаңа сапасы оқу нәтижесіне көп көңіл аударылатын тың әдістемелік тәсілдің негізінде іске асуы мүмкін. Өркениетті елдер қатарына еніп келе жатқан, егеменді Қазақстан Республикасы жоғары және арнаулы орта буын оқу орындарының әрекетін жетілдіру міндеті оқу процесін құрудың дәстүрлі әдістерін қайта қарауды қажет етеді. Еліміздің Білім беру және Ғылым Министрлігі соңғы кезде жаңа оқыту технологиясын енгізу мен білімді бақылау мәселесіне көп көңіл аударуда. Қоғам мен жеке тұлғалардың талабына сай дәстүрлі жоғары оқу орындарымен бірге жаңа нұсқалы оқу орындары пайда болуда. Мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындары кәсіби маман әзірлеуде мемлекеттік деңгейде бекітілген типтік және нормативтік құжаттарға сүйенеді. Оның қойып отырған талаптарын іске асыруда жоғарғы оқу орындары студенттері мен бірге арнаулы орта буын колледж студенттерінің білімін тексеріп, бақылау ғылыми негізделген, әрі іс жүзінде мақсатқа сай оқыту процесінің бір құрам бөлігі болып отыр. Әрбір оқу орны өз ішінде оқылатын курстар мен бағдарламаларды және өзінің бақылау жүйесін таңдауға құқылы. Сондықтан да мамандардың дайындық деңгейін көтеру үшін білімді бақылаудың жаңа әдістемелері мен тәсілдерін іздестіру үзбей жүргізілуде. Ол жүйелі бақылауды

ұйымдастырып, студенттер мен оқытушылардың іс-әрекеттерінің тиімділігі мен сенімділігін, үйлесімділігін тексеруге мүмкіндік береді.

Жоғары және арнаулы білім беру стандарты студенттердің барлығы қол жеткізетін және білім туралы құжатты алуға жеткілікті болатын міндетті минимумды қамтиды. Осыған орай, дайындық сапасына қойылатын бақылау жүйесі міндетті дайындық деңгейіне қол жеткізуді арнайы тексеруді қамтуға тиісті.

Білім адамның таным әрекетінің нәтижесі ретінде, қарастырылып отырған нысанның мәнділігінің, заңдылықтары мен қасиеттерінің мәліметтер жиынын қарастырады. Білім – білімсіздіктен адам бойындағы сапалы жаңа функциональды сипаттарымен ерекшеленеді. Білімнің қарапайым деңгейіне жету ақпараттың ең төменгі, аз мөлшерін қабылдау арқылы іске асады. Ақпаратты қабылдап, сақтап өңдеудің өзіне тән процестері адам білімінің әр түрлі деңгейін қалыптастырады. Ақпараттың қалыптасып, толығыуы әртүрлі тәсілмен жүзеге асады. Бұл процесс сапалық өзгерістермен қатар өтетіндіктен, оны қандай да бір үздіксіз шкаламен өлшеу мүмкін емес. Білімді бақылап, бағалау үшін оның деңгейлерінің нақты өрбуін білу керек.

Соңғы кезге дейін Қазақстанның оқу орындарында қолданылған, білім сапасын бағалайтын жүйе – бес балдық баға шкаласы болды, болып келеді де. Өкінішке орай, мектептердегі сияқты осы шкала арнаулы орта буын оқу орындарында (колледждерде) әлі сақталған. Мұндай баға шкаласы тек сессия уақытында ғана емес, ағымдағы білім деңгейін бақылауда да қолданылды.

Шет елдерде білімді бағалаудың әр түрлі жүйесі қолданылады: бес балдық (Чехияда, Венгрияда, Польша мен Германияда), он балдық (Голландияда), он бір балдық (Италияда). Бірдей балдар әр елде әр түрлі мәнді көрсетеді. Мысалы Германияда 1 мен 2- ең жақсы бағалар, ал бізде олар ең нашар баға деп есептеледі. Көпшілік шет елдерде қолданылатын көп балды жүйе күрделі есептеумен

байланысты болғанымен, шартты сипатты болып келеді. Дегенмен, тапсырманың уақытында орындалуы, адалдылық, орындалу сапасы сияқты көрсеткіштерді ескеруге мүмкіндік береді.

Педагогикалық өлшемдерде мүмкін болатын қателіктерді болдырмау үшін біздің елдің кейбір жоғары оқу орындарында студент білімін бағалау мен бақылаудың әр түрлі жүйелері жасалып оқу процесіне енгізілді. В.П.Беспалько білімді меңгеруді 4 кезеңге бөліп қарастыруды ұсына келе, меңгерілген білімді бағалауда білім алушының жоғары деңгейге жетуге байланысты 12 балдық шкаланы қолдануды ұсынады [1]. Гореславский 8-10 балдық бағалау жүйесін енгізу керектігін көрсетеді. Онда әрбір бағалау деңгейіне сай нақты бағалау өлшемі құрылуы тиіс. Өз жеке тұжырымдамада В.П.Беспальконың білімді бағалауда жоғары деңгейге жетуге байланысты 12 балдық шкаласын қолдануымыз қажет деп санаймын. Өйткені, ғалымның жеке пікірінше осындай иілмелі, сезімтал жүйе сандық және сапалық айырмашылықты дәл анықтап, оқушы жетістігі динамикасы мен қабілеті жайлы дұрыс ақпарат береді. Бұл мектеп қабырғасындағы әдеттен әле айырылмаған, жас ерекшелік толқуы толық басылмаған арнаулы оқу орындарының және колледж студенттерін бағалау үшін таптырмас әдіс.

Ойлап қарасақ, дәстүрлі білімді бақылау жүйесіне тән кемшіліктер: салыстыру эталоны болмағандықтан бағалау өлшемінің көмескілігі, қойылған бағаның субъектілігі, емтихан билеттеріндегі сұрақтардың мазмұнына байланысты бағаның кездейсоқтығы. Емтихан билеттеріндегі әр түрлі сұрақтар студенттің де әр түрлі ойлау деңгейін талап етеді: бір сұрақтар білімді қажет етсе, енді біреулері оқу курсының барлық тарауларынан білімнің толық болуын қажет етеді, ал келесілері тек негізгі түсініктердің мәнін ашуды ғана керек қылады және т. б. Бағаның шынайылығына және нәтижесіне студент пен оқытушының қарым-қатынасы, студенттің мінез-құлқы, оқытушы

мен студенттің көңіл-күйі және тағы да басқа жайлар әсер етеді. Мысалы студенттің орташа жауабы алдындағы өте жақсы жауаппен салыстырғанда нашар көрінуі немесе алдындағы жауап қанағаттанарлықсыз болса, керісінше көрінуі ғажап емес. Бағаның объективті болуына студенттің психологиялық ерекшелігі де әсер етеді: кейбір студенттерге жауап беру үшін белгілі бір уақыт қажет, ал оны емтихан алушы үнемі бере бермеуі мүмкін. Білімді бақылау студенттердің қай курста, қандай мектепті бітіріп келгеніне, студенттердің психологиялық даму ерекшеліктеріне, пәндердің өзіндік ерекшелігіне, мамандық әзірлеу ерекшелігіне және т.б. көптеген факторларға байланысты болады. Соның ішінде мамандыққа ұлттық тілде дайындалатын топтардағы бірінші курс студенттерінің өзіндік ерекшеліктерін атап айтуымызға болады:

- біріншіден, қазақ топтарында оқитын студенттер – көбінесе ауыл мектептерінің түлектері. Мектепте олардың білім алуы жан-жақты қадағалау үстінде болған. Бір жағынан оқушының ата-анасы қадағаласа, екінші жағынан мектеп мұғалімдері оқушыларды үнемі сабақты уақытында әзірлеуге жетелеп отырған. Ал студенттік өмірде оларды бұрынғыдай жетектеушілер жоқ, студент өз бетімен білім алуға ұмтылуы керек;

- екіншіден, ата-аналары алыста болғандықтан, олар жатақханада немесе пәтер жалдап тұруға мәжбүр болады. Бірінші курсқа келіп түскен студент енді өзіне-өзі әрі би, әрі кожа болады деген сөз;

- үшіншіден, қазіргі заман дамуына байланысты, студенттердің жеке басының дамуында акселерация құбылысы кеңінінен көрініс тапқан. Яғни, қазіргі жастардың ақыл ойының дамуы ағза дамуына қарағанда кешеуілдеген. Сондықтан, ата-ана назарынан алыстаған бірінші курс студенті уақытын үнемді қолданып, бар ынтасын білім алғанға бағыттағаннан гөрі, қала қызығын, жастық өмір қызығын тамашалауға көбірек ауып кетеді. Ендеше студенттің саналы түрде білім алуын қамтамасыз ететін және білім деңгейін дәл анықтап бақылайтын жүйе қажет.

Осы айтылғанның бәрі білімді бағалаудың дәстүрлі формасының заман талабына сай емес, ескіргенін көрсетеді. Оның ең басты кемшілігі студенттің белсенді, шабытты жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, емтихан алдында үш-төрт күннің ішінде меңгеруді қажет ететін теориялар мен заңдардың, формулалардың, реакция теңдеулерінің, анықтама мен ережелердің ағыны студентті басып қалады деуге болады. Ал емтихан студент үшін үлкен қорқыныш туғызады.

Сонымен қатар, көбіне айтылмай ескерусіз қалатын бір жағдай ол – ұстаз мәселесі. Ұстаз – деген сөзге психо-педагогикалық өлшеммен қарар болсақ, жеке тұлға ғана емес, студенттерге білім жеткізуші, ақпарат көзі. Қазіргі сананы тұрмыс билеген қоғамда, білімді ұрпақты тәрбиелеу, сахара шөліндегі бұлақ көзін ашумен пара-пар екендігі анық. Ұстаздарға мемлекет тарапынан жалақыны аз төленуіне байланысты бір емес, бірнеше жерде жұмыс істеуге мәжбүр. Соның әсерінен шәкіртке берілер білім сапасызданады. Өйткені, ұстаз екі білім ордасының арасында жүргенде ұстаз білім беру үшін қажетті ақпараттармен қарулана алмайды. Дәріске дайындықсыз келген ұстаз, студентке сапалы білім бере, оны қанағаттандыра алмайды. Өз тобымен етене жұмыс жасап, әр бір шәкіртпен жеке тілдесіп, оны танып соның деңгейіне қарай әрекет ету мәселесі мүлде ұмытылады. Осы айтылған кемшіліктер мен қателерді жойып, студент білімін нақты, дәл бағалау үшін педагогикалық өлшемдердің жаңа мүмкіндіктерін іздестіруімізбен қатар ұстаздардың әлеуметтік ортадағы статусын, жалақысын көтеруіміз керек. Бұл ұстаздардың жеке басына жасаған жақсылық емес, ғарыштап дамыған ғаламдық ілім, ғылым майданына аттанар әр бір шәкірттің болашағының жарқын болуына жасаған бір қадам деп тануымыз қажет.

Жалпы, педагогика ғылымында білімді есепке алудың 4 функциясы қалыптасқан Ол:

- бақылау;
- оқыту;
- дамыту;
- ұйымдастыру [2].

Процесс ретінде қарастырылатын бақылау компоненттері:

- білімді тексеру;
- білімді бағалау;
- бағасын анықтап, оны қою;
- білімі мен іскерлігін ескеру;

Мысалға алар болсақ, қазақ тілінен білім алатын студенттердің оқу үлгерімін тексерудің негізгі нысандары төмендегідей:

- негізгі қазақ тіліндегі дыбыстық таңбаларды, ережелер мен анықтамаларды, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің өзара айырмашылықтарын, қазақ тілінің заңнамалық қасиеттерін, сөйлем құрылысын, негізгі түсініктер мен заңдарды, қағидаларды білу;
- қазақ тіліндегі сөйлем құрастыру процесінің жүру жолдарын анықтап, ережелерге сай күрделі сөйлем құрам, орфографиялық заңдылыққа сай жұрыс жаза білу іскерлігі;
- алған білімдерін диктант және өзіндік жұмыстарда, шығарма жазу барысында сөйлемдер мен теңеулерді қолдана білу іскерлігі;
- логикалық ойлай білу іскерлігі;
- өз ойларын әдеби тілмен сауатты, дұрыс баяндап жеткізе білу іскерлігі- деп бағамдаймын.

Әрине, бұл менің өз таным түсінігімде, қалыптасқан жеке пікірім, яки ұсынар қағидам. Жаста болсам, ұстаз деген атыма сай бүгінгі таңда менің алдымда тұрған екі күрделі мәселе бар: оның бірі – ұстаздың әлеуметтік жағдайын жақсартып отырып, білім берушінің нақты өзінің міндетінен ауытқымай білім алушыға сапалы білім беруге жағдай жасау. Екінші білім алушының жас ерекшелігіне, әлеуметтік ортасына қарамастан, сапалы білім алуына жағдай жасап, өз кезегінде білімді де, білікті маман даярлау. Атап өткен екі мәселеде де, ұстаздың шәкіртті білім деңгейіне қарай шынайы бағалауы мен шәкірттің ұстазды білім беру деңгейіне сай бағамдауында болып отыр.

- 

Б.М. Аташ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ӨРІСТЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒДАРЛАРЫ

Түйін сөздер: тәрбие, ұлттық рух, технология, тәсіл, білім.

Ключевые слова: *воспитание, национальный дух, технология, способ, знание.*

Keywords: *education, national spirit, technology, way, knowledge.*

Ұлттық рух ұлттық сананы, тіпті оның архетиптік келбетін жандандыратын, қажет кезінде халқының жеке өкілдерін физиологиялық жағынан да даярлап бере алатын тылсым-сакральді феномен болып табылады. Алайда, жер бетінен жойылып кеткен ұлттар мен ұлыстар да жоқ емес, ендеше, мәселе, сол бірлестіктердің өміршеңдік дәрежесі олардың ұлттық рухының өзіндік имманентті күш-қуатына байланысты десек те болады. Бұл үдерістерді халқымыздың тарихи тәжірибесінен де анық байқауға болады. Жоғарыда айтқандай, қазақтардың ұлт-

тық рух серпілісінің физиологиялық тұлға дайындауға жанталаса ұмтылуына мысалдар келтіріп, шолу жасап өтуімізге болады. Қазақтар тарихи географиялық орналасуы жөнінен кезең-кезеңмен жетілген екі алып империяның ортасында және шығысында жауынгер халық жоңғарлардың, оңтүстігінде діні мықты түркі халықтарының аралығында орналасқандықтан, жойылып кету қаупі туындағандықтан, ұлт ретінде өзін-өзі сақтау инстинктісі ерікті-еріксіз түрде дамығандықтан, физиологиялық жетілген тұлға ресурсын толықтырып отыруға айрықша мән берді: баһадүрлік өмір салтының насихатталуы (эпостар), дүниеге ер бала келу қуанышы, жылқы малын әскери құрал ретінде көптеп өсіруі т.б.

Ал бүгінгі заман келбеті физиологиялық жетілгендікті ғана емес, психологиялық жігер мен сана-сезімнің жоғары деңгейін талап етіп отыр. Осы тұста қазіргі кездегі қазақ халқының ұлтты рухының серпілісінің қайта оянуының объективті жағдайлары тұтас мемлекетіміздің бірнеше жыл бойы отар жағдайда өмір сүріп, болмысын жоғалтуға шақ қалғандығымен тікелей қатысты. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі «реэтнолизация» деп атауға болатын қайта қазақтандыру беталысы бүгінгі таңда өрісін жан-жақты кеңейтуде: ұлттық тәрбиенің бала-бақшадан бастап үлгілері көрсетіліп, мектеп, орта және жоғары оқу орындарында оқытылумен жалғасын табуы, әр түрлі шаралардың өткізілуі т.б. – практикалық; қазақтану ілімінің қалыптасуы мен дамуы, мәдени мұра бағдарламасы, тұтастай қазақ руханиятын зерттеуге бетбұрыс т.б. – теориялық ұстанымдарға келіп орайласады. Бұндай ұлттық рух серпілісінің көріністері қоғамдық өмірде өзінің оңды нәтижелерін беріп келе жатқанмен, жоғары деңгейде емес деп те айтуымызға болады. Демек, мәселе осы түйткілдерден туындайды: «ұлттық тәрбие арқылы реэтнолизация үдерісін тез және өнімді түрде қалай атқаруға болады және ол неліктен тым баяу нәтиже беріп келеді, оның негізгі себептері қандай т.б.» сауалдарға байланыс-

ты жасалып жатқан «Ұлттық идея: ретроспектива-интроспекция-перспектива» деп аталатын іргелі тұжырымдамамыздан оқырмандар талқылауы үшін көпшілікке ұғынықты тілмен үзінділер келтіре кетпекпіз.

1. Инновациялық-технологиялық тәсіл. Жаһандану үдерісінің осы мәселеге қатысты алғандағы бір ерекшелігі немесе ақпараттық мәні – әлемдегі әр түрлі қиюласқан идеологиялардың өзіндік ішкі күресі мен тайталасы дәуірін бастан өткізетіндігі болып отыр. Ақпараттық кеңістік тым абстрактілі құбылыс болса да, әрбір идеология оған билік жүргізуге тырысып келеді. Мәселен, қазіргі қазақ қоғамындағы идеологиялық-ақпараттық кеңістікте: америкаландыру, вестернизация, исламдандыру, қайта қазақтандыру сияқты жағымды-жағымсыз немесе жағымсыз-жағымды қырлары бар әр түрлі идеялар билікке таласып келеді. Осы тұста, біздің қайта қазақтандыру үдерісіміздің бәсекеге қабілеттілік деңгейіне байланысты сауалдар туындайды. Шындығында, технологиялық ақпараттық желілерде бұл үдерістің идеологиялық белсенділігі жоғарыда атап өткен басқаларымен салыстырғанда жоғары емес, мысалы, интернет желілерін қазақшаландыру деңгейі тіптен төмен деп айтуымызға болады. Бұл жай ғана тіл мәселесі емес, жастардың көп жағдайда рухани сусындайтын танымдық-ақпараттық көздерінде ұлттық тәрбиеден гөрі оның бәсекелестерінің ықпалды болуы деген сөз. Демек, қазақтандырудың бәсекелестері ақпараттық желілерде өз идеологияларын еркін таратып отыр және нәтижелері де төмен емес. Ал біздің ұлттық идеология тек қана орта жастан бастап жоғарылар ғана оқитын газет-журнал сияқты БАҚ-ы ауқымымен шектеліп отыр. Бұны «ескі технология» деп бағаламай-ақ қояйық, дегенмен жаңа технологияны да ұмытпауымыз тиіс. Ендеше, қазақтандырудың идеологиялық тетіктеріне қарағанда, басқа жат бағыттағы құндылықтарды санаға сіңіре алатын идеологиялардың психологиялық әсер ету тетіктері ық-

палдырақ екендігін жасыруға болмайды. Бір ғана мысал, интернет бетшесіне кіргеннен кейін, ізденушінің сұрауынсыз жарнамалар, тіпті кейде, антиұлттық құндылықтар мазмұнындағы ақпараттар қаптап кетеді. Оны ақпарат алушы қабылдамағанның өзінде де, психоанализ бойынша визуальді түрде бейсанаға барып сіңіріледі де, кез-келген сәтте санаға шығуға мүмкіндік алады деген сөз. Бірақ бұлардың арасынан, ұлттық идеологиялық мазмұндағы психотехникалық тәсілдегі ақпараттарды көре алмаймыз. Ендеше, ұлттық идеология жаңа ақпараттық технологиялық желілерде жай ғана аренаға шығып қоюын қамтамасыз ету ғана емес, арнайы мамандандырылған түрде психотехникалық-психоаналитикалық тәсілдерді қолдана отырып, санаға әсер етудің жаңа әдіснамалармен қаруланып барып, билікке ұмтылуы маңызды. Бұл бір қарағанда антигумандық тәсіл болғанмен, есейгеннен кейінгі бүгінгі ұрпақ бұған алғысын білдіруі де ықтимал.

Сонымен қатар, қазіргі таңда таза ұлттық рухты көтермелейтін, ұлттық идеяны қоғамдық санаға орнықтырумен шұғылданып арнайы сайттардың да жоқ екендігіне байланысты нақты іс-шаралардың қолға алатын кезең келіп жеткендігі туралы да дабыл қағуға болады. Демек, игі мақсат қойып отырған қаншама газет-журналдар болғанмен, арнайы сайт ашу қажет.

2.Терапиялық тәсіл. Біз қашанда ұлттық идеологияны санаға сіңірумен шұғылданамыз. Бірақ санамызды құлдық психология мен коммунистік идеологиядан босатып алумен айналыспаймыз. Маңызды мәселердің бір – осы. Сана келбетінің ескі мен жаңа арасындағы ішкі психологиялық қиналыстарын ескермейміз. Тілге қатысты бір ғана мысал, орысша сөйлеген қазақшаға қарағанда әлдеқайда әдемірек және заманауи-өркениетті сияқты болып көрінетін психологиядан арылмайынша, біздің санамызда қазақ тілінің орнықты бекуіне орын жоқ деген сөз. Немесе, қазақша қанағаттанарлық деңгейде ғана сөйлеп, кейбір

сөздердің қазақша мағынасын ұмытып барып еске түсіріп отырудың –мақтаныш, керісінше, орыс тілін жетік меңгермеудің – кемістік екендігі туралы психология да құлдық сананың сарқыншақтары т.б. Демек, құлдық санадан арнайы ресми түрде таза-руымыз керек. Бірақ ешқайсымыз да құлдық психология бойымызда бар екенігін бейсаналы түрде мойындағымыз келмейді, шындығында, одан айрылғымыз да келмейді. Сондықтан да, құлдық психологияны тексеретін арнайы тесттер жасақталып, ол ұлтымыздың өкілінің әрбіреуі өздігінен-ақ өтуі тиіс параметрлер болып қалыптасуы қажет және өзінің «құлдық психологиясының баллдық мөлшерін» мойындауы да тиіс. Нәтижесі алынғаннан кейін, отаршылдық сана орнатудың психотехникасын зерттеп, оған қарама-қарсы антиотаршылдық терапия векторын жүргізуге тиіспіз. Бұл жай ғана векторлар емес, арнайы тұжырымдама ретінде ғылыми бағдарламалар (ғалымдардың өзара ресми түрде кеңесуі) бойынша кезең-кезеңмен құрылуы тиіс.

3.Рационалдандыру тәсілі. Бұл екінші тәсілмен жалғасады, бірақ, антиотаршылдық белсенділік емес, өзін қорғау түрінде енжар құрылады. Халқымыздың ұлттық болмысының ешбір ұлттан кем түспейтін, тіпті басымдылық жақтарын ашып көрсету бойынша жалғасын табады. Ұлттық рухтың жаңа бір жағымды серпілісі халқымыздың Ұлылығын әйгілеу арнасында көрініс тауып келеді. Бұл – ұлттық бірегейленуі үшін қажетті және маңызды мәселе болғанмен, біздіңше жалған ұрандар мен көркемдік пафостар түрінде құрылмауы тиіс, логикалық-парасатты, ғылыми-рационалы бағдарды басшылыққа алуы қажет. Бұл жердегі маңызды мәселе, ұлттық құндылықтардың өмірмәнділік-практикалық маңызын ашып көрсетіп, оны өзге де ұлттардың құндылықтарымен салыстырып барып, артықшылықтары мен қазақ болмысына табиғи тұрғыдан сәйкестігін, тіпті одан ажырауға болмайтындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеумен ұштасуы қажет. Мысалы, бір

ғана арнаны, атап айтқанда, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып институтын мысалға алып саралауымызға болады.

Бастапқы нұсқа: біздің халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі жай ғана ырым-тиымдардың жиынтығы немесе көрініс үшін болатын ритуалдар емес. Екінші нұсқа: оның тереңмәнді өмірлік-практикалық маңызы бар және танымды кеңейтетін рухани ықпалды күш болып табылады. Үшінші нұсқа: атап айтқанда, қандай салттың немесе дәстүрдің қандай маңызы мен мәні бар, оны орындаса және орындамаса не болады.

Демек, осындай әрбір салттың, дәстүрдің, әдеттің, ғұрыптың, жоралғының, ырымның, тиымның т.б. тұстас институттың әрбір элементінің осындай терең мәнді мағынасы бар екендігі, бірақ бір өкініштісі, көпшілігінің ұмыт болғандығы туралы тұжырым алынады.

Бұны, бізге белгілі және өзіміз болжаған ұстанымдар бойынша мынадай қысқаша тізбек бойынша құруымызға болады. Сүйекті мүжу – тістің түбірін бекіту үшін; ұйықтар алдында ақ ішу – ақтың қалдықтары болып табылатын сүт қышқылының түнімен тістегі зиянды микробтармен күресуі үшін, Ұмай анаға табыну – Жерді қорғайтын патриоттық сана орнықтыру үшін, етті қолмен жеу – асқазанға және тұтас ағзаға ыстықтың келе жатқандығы туралы ақпараттар беріп, оның дайындалуы үшін, жеті атаға дейін қыз алыспау – қан тазалығы мен ұрпақтың денсаулығы үшін т.б.

Ендеше, алдағы міндеттердің бірі – олардың әрбіреуінің ұмыт болғасын мағынасын зерттеу, ойла тауып, жариялау, оны орындаса немесе орындамай-ақ қойса қандай өмірлік-витаалдық өзгерістер болатындығын бұқара көпшілікке жариялау. Ендеше, «Қазақ Ұлы Халық» ұраншылдығының мағынасы ашылып, халқымыз салт-дәстүріміздің шынайы мағынасын танып, тіпті, оның ұлттық сипатын мойындамай-ақ қойғанның өзінде де, денсаулығы мен өмірмәнділігі үшін жалпы бұқара халық еріксіз түрде орындауға қарай бет түзетіндей болуына мүмкіндіктер ашылады.

4.Қайта сакральдандыру тәсілі. Ұлттық идеяның құрылымындағы элементтердің сакральділігін, яғни, әрбіреуінің қастерлігін-қасиеттілігін ұғындыру. Шындығында бұл сакральдандыру емес, ұмыт болған қасиеттілігін қайтадан еске түсіру болып табылады. Егер де дін сенім мен сезімге негізделгендігінен, қасиетті-қастерлілігін айрылып қалса, онда ешкім де дінге сенбес еді. Ендеше, осы үлгіні ұлттық болмысымызға қолдануымызға болады. Ол үшін алдымен, олардың қастерлілігін баса көрсетуіміз керек. Осы тұста; «Ұлттық болмыс – ата-баба рухының қастерлі ақиқаты мен орындамауға болмайтын мәңгілік сабақтасатын өсиеті» деген императивтік әдіснама ұсына аламыз. Бұл жерде тұтас сакральділік құрылымын талдамай-ақ, оның кейбір түрлеріне ғана тоқталып өтуімізге болады. Мысалы, қазақ тілі мен сөйлеу акустикасы сакральділігі.

Тіл тек рухани болмыс немесе қарым-қатынас құралы ғана емес, көпқызметті тылсым құбылыс. Соның бірі – адам психикасына саналы-бейсаналы түрде әсер ететін, идеологиялық ықпал қызметін де атқаратын қуатты вербальді акустикалық түзілім екендігі. Ол түптеп келгенде, сана-сезімге барып байланып қана қоймайды, әсер ету күші жөнінен магиялық-мистикалық сипатқа да өтеді. Бұл экспрессивті бағдар қазақ дүниетанымында, қарым-қатынас мәдениетінде, өмірлік тәжірибесінде өз деңгейінде қолданылған десе де болады. Әсіресе, ол бата, шешендік сөздер, даналық толғамдар арқылы айшықты көрініс тапқан және тарихи тамыры тереңде жатқан тәсіл болып табылады.

Тіл магиясының қолданылу жүйесі қазақтардың исламға дейінгі байырғы сенімдерінің бірі – шамандық нанымнан бастау алады. Бақсылардың қам жасауы (камлание) тұтас психотранстық жүйе мен физиологиялық әрекет болуымен қатар, айтылатын сарындарды қоса қамтиды. Бұл сарындардың бақсының гипноздық әрекетімен біріге келіп, әрбір сөзі мен дауысы, ырғағы мен темпі бойынша адам психикасына әсер етуі қа-

лыпты құбылыс болған. Ол алдымен, сөздің күші арқылы өзіне-өзі және өзі-өзгеге «гипноз» жасайды. Әрине, ол батыстық түсініктегі психикаға әсер ету гипнозымен тура сәйкес емес, өзіндік ерекшеліктері арқылы ажыратылатын күрделірек жүйе.

Бата беруші тұлға сөз магиясын сыртқы саясаттағы іргелі мәселелерде де қолданып отырған. Билердің толғаулары мен сөздерінің маңызды бір тұсы – бітімгерлік пен елдікке қатысты, сыртқы саясат пен ішкі саясат мәселелерін реттеуге байланысты болып келеді және экспрессивті-эмоционалдық күшті иеленумен, санаға бағдарланумен сабақтасады. Мысалы, Қалмақ еліне елші болып барған Қызыбек би оның Бертис атты ханына қатқылдау үн қатып, жанжалды бітістіріп қайтқандығы тарихтан белгілі. Сол сәтте Бертис хан кейіннен көмекшілеріне былай деп тіл қатқан екен: «Бала би бұл сөзді айтқанда сендерге көрінбеуі мүмкін, мені екі иығымнан екі аю келіп келіп басып отырды. Сондықтан, амалсыздан келістім». Бұл да қоңтайшының көзіне екі аюды елестету арқылы өзгені дегеніне көндіру техникасы десе де болады. Осыдан біз, билер тек қана тауып айтушы, қиыннан-қиыстырушы ғана емес, сөз магиясын шебер пайдаланушылар болғандығын аңғарамыз.

Демек, тек қана тіл емес, ұлттық құндылықтарымыздың әрқайсысы ме әрбір элементі осындай тылсым қуатты және сиқырлы ықпалды болып келетін құрылы екендігін көпшілікке ұғындыру – түптеп келгенде, ұлттық идеяны қуатау мен мойындауға алып келетін тиімді қадамдардың бірі. Бірақ әрине, ол беталыс жарнамалануға, жариялануға, көпшілікке тез қолжетімді болуына т.б. сыртқы факторларға да байланысты болып келеді.

Біз ұсынып отырған қазіргі заманауи технологиялар неліктен ұрпақтардың санасына ұлттық идеяның сіңірілу дәрежесі төмен деген сауалға жауап беруге ұмтылған жалпылама әдіснамалық бағдар болып табылады және жедел арада қолға алмаса, уақыты өтіп кеткен соң, заман ықпалы мен өрісіне сәйкес, басқа технологияларды ойлап тауып ұсынуға мәжбүр боламыз. Ал бұл шараларға мән бермей, ескілеу технологияларды ойлап тауып ұсынуға мәжбүр боламыз. Ал бұл шараларға мән бермей, ескілеу технологияларды пайдаланатын болсақ, ұлттық идея өзінің өзектілігін мүлдем жоғалтуы да ықтимал. Ендеше, біз Ж.Молдабеков айттып жүргендей, Қазақ Елінің ғылыми қауымдастығын іргелі мақсаттарды жүзеге асыру үшін арнайы ғылыми бағдарлама (ғалымдардың бір мақсат үшін өзара арнайы біріккен тобы) құруға шақырамыз және бұл істің әдіснамалық-теориялық-практикалық тұрғыдан жасақталатын нақтылығын қалаймыз.

Тәрбиесіз бала білім ұғар ма?
Олай болса уысыннан шығарма.
Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,
Өнерімен қуантады түбінде

Жүсіп Баласағұн.

ӘОЖ 8.82

Ж.А. Байбатишева,

Ж.Б. Қдыралиева

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ эксперттері

ТІЛ – АДАМ ЖАНЫНЫҢ ТІЛМӘШІ

Мақалада ұлттық тіл – өзгелерден биік, ғасырлар бойы қалыптасқан, рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуші форма, өзіндік төл мәдениетімен ұштасып, ұлт болмысының тікелей көрінісі болып табылатын қымбат дүниесі. Және қолдану аясы кең болуы, әр бір өскелең ұрпақ өз ана тілінде сөйлеу керек екендігі айтылған.

Түйінді сөздер: *ана тілі, тіл мәртебесі, мемлекеттік тілді қолдану аясы, жас ұрпақ.*

В статье рассматривается форма, сохраняющая и передающая духовные ценности из поколения в поколение, сформировавшаяся испокон, выше других, связанный с собственной культурой, ценная вещь, являющаяся прямым показом национального быта. Родной язык должен быть выше всего. Каждый человек должен говорить и думать в своем родном языке.

Ключевые слова: *родной язык, статус языка, применение государственного языка, молодое поколение.*

In this article it is considered that the state language has to be higher than all. Shape preserving and transmitting cultural values from generation to generation formed for centuries, above the other, connected with its own culture, a valuable thing, which is a direct display of national life. Each of official language education.

Keywords: *the mother tongue, status of language, application of official language, the young generation.*

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі
Жүсіп Баласағұни.

Қазақ халқының ұлттық тілі (қазақ тілі) – түркі тектес тілдердің ішіндегі ең бай, әуезді, бейнелі, ойға оралымды, ауаны ауқымды, келешегі келбетті тіл. Профессор Қ.Аханов: «Дүние жүзіндегі мыңдаған тілдердің ішінде, біздің тіліміз он үшінші орында тұр», - деп, ғылыми тұжырым жасаған болатын. Ана тіл жөнінде педагог-ақын Мағжан Жұмабаев: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын саспайтын сабырлы мінезі-бәрі көрініп тұр. Қазақтың

сайын даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы... Күндерде бір күні түрік балдарының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болмақ, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз кәміл», - деген болатын [1]. Бұл сөздерді Сәбит Мұқанов ағамыз толықтыра түсті: «Біздің ана тіліміз, туған тіліміз қазақ тілі екені баршамызға аян. Ана тілі – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін

де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілік жүрегі, ұлтының жаны. Ана тілдің күдіретін қанша айтсақ та, оның қадір-қасиетін толықтай жеткізу мүмкін емес. Біле білгенге адамдағы ұлттық мақтаныштың алғашқы ұшқындары да жүрекке тіл арқылы ұялайды. Өз ана тілінді қадір тұтпай тұрып, ел-жұртыңды сүйе алмайсың. Қолына қалам ұстаған әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге басқа, әсіресе, көрші ұлт тілдерінің де асыл қазынасынан сусындауы, оны кәдеге жарата білуі абзал» [1]. Қалыптасудың барлық сатыларын бастан кешірген ана тіліміз – мейлінше жетілген ұлттық тіл. Ана тілімізде әдеби шығармалар, ғылыми-бұқаралық, техникалық, құқықтық, педагогикалық, саяси, өнертанушылық әдебиеттер жарияланады. Тіліміз еліміздегі азаматтардың өзара қарым-қатынас тілі болумен ғана шектеліп қалмайды, оның мұрағаттық, ақпараттық қасиеттері де мол. Қазақ тілі – бай да құнарлы тілдердің қатарына жатады. Ежелгі бабаларымыздың тарихы, шежіресі және түрлі әдеби мұралар бүгінгі ұрпаққа өзіміздің осы ана тіліміз арқылы жетіп отыр. Тіл тарихы халық тарихына ұқсас. Қоғамның жылжып, өзгеруіне байланысты тіл де дамып, өзгеріп отырады. Қазақ тілі тарихында орын алған түрлі қиындықтар мен дағдарыстардың объективті себептері бар. Біріншіден, қазақ халқы үш ғасырға жуық орыс отаршылдығының қыспағында болып, ұлт ретінде жойылып кетудің бірнеше сатыларын бастан кешірді. Екіншіден, Жоңғар шапқыншылығының халқымызға тигізген зардаптары да орасан зор болды. Үшіншіден, Кеңес өкіметі жетпіс жылдан астам уақыт бойы ұлттардың жақындасуы деген желеумен ұсақ ұлттардың тілдеріне қысым жасап келгені белгілі. 1989 жылы 11 қыркүйекте қабылданған «Тіл туралы» Заңда: «Тіл – халықтың ұлы жетістігі, әрі оның ажырамайтын және бөлінбейтін белгісі», - делінген. Ал бірінші баптың бірінші тармақшасында «Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады [2]», - деп жазылған.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді. Сонымен қатар, Елбасы өзінің халыққа жолдауында «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», - деген болатын. Бұлай делінуіне де себептер баршылық. Ана тілімізді шұбарлаушыларға, ана тілін жетік білмейтін жастарға айтылған елбасы ескертпесі болар. Осы тұста Қадыр Мырзалиев ағамыз «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!» - деген асыл сөздерін жадымыздан шығармағанымыз абзал. Бүгінгі күнде өз ана тілін білмейтін, қастерлемейтін адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі, ол қаншалықты мамандық білімі болса да, рухани байлығы жоқ, мәдениетті адам санатына қосылмайды», - деп Мұхтар ағамыз да баса айтып кеткен, бұл сөздерді толықтыратын тіл жанашырларының бірі М.Шахановтың 2006 жылы «Тәуелсіздендіру анатомиясы» атты жарық көрген кітабында: «Қай елде болса да ана тілін сыйламау – туған анасының жүрегіне тебумен бірдей. Ол рухи мүгедектік, әрі ұлттық сатқындық» деген тұжырымдамамен толықтыра түсті. Бұл тұжырымдаманы жиырмаға тарта елдердің алдыңғы қатарлы гуманистері қолдаған.

Тарихының тұр санаңа өткел тастап,
Өз тілінді ойлау, сөйлеу тоқталған сәттен бастап,

Бүкіл баба рухымен байланысың келісер.
Тағдырының ата ғасыр шамамен солай өшірер,

Қатеңді әбжіл түзетпесең, толыққанды жоқ тірлік.

Біз бабалар сүйегіне, сеніміне бақ құрдық,
Бақ құрдық та ұлтсыздық кеңістік ат бұрдық.

Өз тілінді жерсінбеудің,
Өз аңанды менсінбеудің,
Арсыздығы қай дәуірдің болып еді арсыздық?

Ол рухи мүгедекті, әрі ұлттық сатқындық.
Ұлттық мінез, ұлттық намыс, ана тілі жоқ жерде - ұлтта жоқ [3], - деп ағамыз осындай жолдармен келтірген еді. Бұлай

баса айтуының да себебі бар, өйткені, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, бәсекеге қабілеттілігін арттыруды өңірде пәрменді жүргізу мәселесінде қолбайлау болып отырған жайлар да бар. Мысалы, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді меңгеру жауапкершілігін арттыратын тетік – мемлекеттік тілді білуге тиіс лауазымдар тізбесінің күні бүгінге дейін жоқтығы [3]. Мемлекеттік қызметшілерді бірнеше жыл қатарынан мемлекеттік тілге тегін оқытамыз, алайда нәтиже шамалы. Бернард Шоу айтқандай, «Тәжірибеде қолданылмаса, оқу арқылы тіл үйрену мүмкін емес».

Екіншіден, қолданыстағы тіл заңнамаларының әлсіздігі, әсіресе, көрнекі ақпарат пен деректемелерді рәсімдеуде заң бұзушылықтарға жол берген субъектілерге шара қолдануға құқықтық тетіктің жоқтығы.

Сонымен қатар, облыстың елді мекендеріндегі деректемелер мен көрнекі ақпаратты, жарнамаларды тіл заңының талаптарына сай етіп орындау өзекті.

Алаштың ардақтысы М.Шоқай «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» деген еді. Бүгінгі күнде Қазақстан халқын қазақтың жанына топтастырып, қазақ мүддесі үшін күресуге шақыру үшін қазақтың тілін төрге шығаруымыз керек [3]. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз... Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады...», - дей келе, «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз», - деп, бүгінгі таңда тілдерді дамыту мәселесі мемлекеттік деңгейдегі міндет екенін де атап көрсетті. Сондай-ақ, Елбасының «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі... Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі

шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» [4], - деп, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен артта қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған. Алайда, қазіргі таңда өз ана тілінде емес, өзге тілде шорқақтап жүрген қазақтарды көріп жаның ашиды, қатты қынжыласың. Отанымызда өз ана тілімізде, қазақ тілінде сөйлеуге міндеттіміз. Өйткені, тіл – біздің қазақтығымыздың кепілі. Мемлекетіміздің мызғымас нышаны. Мемлекеттік тілге деген көзқарас өзгермей, ештеңе де өзгермейді. Қоғам, қоғамдық сана өзгерген сайын тіл де өзгеріп отырады. Абай, Шәкәрім даналарымыз тіріліп келсе, «мына ұрпақтарымыз ана тілімізді әбден шорқақтатып жіберіпті ғой» деген ұстанымға келер еді. Бізден кейін келетін ұрпақтар үшін бүгінгі тіліміз тым тұрпайы көрінуі де ғажап емес. Әрине, қазақ жастарының үш тілде сөйлегені дұрыс, тіл білгеннен ешкім ұтылмайды. Яғни, үштілділік – өмірлік қажеттілік. Дегенмен, тілдік саясаттың негізі қазақ тілі болуы тиіс. Бала кезден үш тілді үйрету – баланың миын ашыту. Кем дегенде ес жинап, кішкене болса да санасы қатқан балаға шет тілдерін үйретуге болады. Оған дейінгі тәлім-тәрбие тек ана тілінде жүргізілуі тиіс. Және қарым-қатынас құралы ретінде қазақ тілін қолдануға міндеттеуі керек. Себебі, ес білмей жатып, өзге тілді санасына құю – бұл ана тілімізге мән бермеушілік, оны құрметтемеушілік. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды ұмыту, тарихымызды ұмыту». «Орыс тілі екінші ана тілің бола бастаған күннен былай... әлем көк жиегі мол ашылады, кең ашыла бастағаны деп ұғынуы шарт дейді», - дейді белгілі жазушы Мұхтар Әуезов. Қазіргі таңда орыс тілі Қазақстандағы азаматтардың өзара қарым-қатынасы мен ақпарат тарату және өнім өндірудің басты тетігі екенін мойындау керек және одан шұғыл бас тарту да зиянды екені де

қазақ тілін құрметтейік, қастерлейік. Өзге тілді білейік, үйренейік, алайда, өз тіліміздің жойылып кетпеуіне жол бермейік. «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры. Қазақ тілі өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіңе тиімді, қысыл таян қатал жағдайда қайрап, егеп сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін ерге, елге медет болып адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл» [5], - дейді Бауыржан Момышұлы.

Қорытындылай келгенде, қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек.

- 1 Табылды Ә. «Ұлттық тіл – Ұлттық тәрбиенің басты құралы» // Ұлттық тәрбие, – Алматы, 2013. – №1(15)
- 2 Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» 1997. 11 шілде. – №151 заңы.
- 3 Аралбаева А.Т. «Тіл халқымның қазынасы, сан ғасырлық шежіресі» // «Үздіксіз білім беру жүйесінде тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту» - тақырыбындағы халықаралық сырттай конференция материалдар жинағы, – Алматы, 2014 жыл, 25 сәуір.
- 4 «Заң түзелсе-тіл де түзеледі» // Ана тілі (ұлт газеті) 2009 жыл, 17 қыркүйек.
- 5 Әуен М.Ә «Туған тілім – сатылмайтын байлығым». // «Үздіксіз білім беру жүйесінде тұлғаның интеллектуалды әлеуетін дамыту» - тақырыбындағы халықаралық сырттай конференция материалдары жинағы. – Алматы, 2014 жыл, 25 сәуір.

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Нуриев М.А., Кдыралиева Ж.Б. Жан-жақты білім мен білік – талапкерлерге қойылар басты талап	6
Садыкова А.Е., Советканова Д.М. Төменгі сынып жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескерудің оқытудағы маңыздылығы	14
Табылды Ә. «Әдеп әліппесі» (1-4-сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді	19
Нуриев М.А., Сауранбаева Д.Б. Оқушылардың үлгерімін жақсарту мақсатында қолданылатын ынталандыру әдістері	24
Мырзаханова И.А. ЖОО-ң студенттерін ынталандырудың жолдары	30
Иманбаева С.Т., Шахгулари В.В. Формирование высокообразованного педагогического мышления преподавателя высшей школы	36
Сейсенбаева Ж.А. Білім алушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту жолдары	40
Әліпхан М., Қашымбек М. Абай өлеңдеріндегі жақсы адам бейнесі	43
Садықова А.Е., Маханова Н.Б. Бастауыш сынып оқушыларына білім беруде кездесетін қиындықтар және оның шешудің жолдары	51
Ерахметқызы Жайна. Еліміздегі арнаулы орта және жоғарғы білім беру ошақтарындағы білім алушыларды бағалау критеріі	55
Аташ Б.М. Ұлттық тәрбиені өрістетудің заманауи бағдарлары	59
Байбатшаева Ж.А., Кдыралиева Ж.Б. Тіл-адам жанының тілмәші	64



Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесі мен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5 беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс: 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс: 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Жадыра Байбатшаева
Беттеген/Верстка – Жадыра Байбатшаева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі, 25-үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 87026338899
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 08.10.2014 ж. Пішімі – 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі – 8.75 б.т.
Таралымы – 400. Тапсырыс – № 197



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

5 (25) 2014

(қыркүйек-қазан)

5
